

Рахметова Н.Б., Абылова Г.Қ., Қашқынбаева Р.О.

ЕҢБЕККЕ БАУЛУ

1-сынып

Әдістемелік нұсқау

Бастауыш білім беру деңгейінің
1-сынып педагогтеріне арналған

*Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі ұсынған*

АЛМАТЫ КІТАП БАСПАСЫ

2023



QR кодты қолдану бойынша жұмыстың орындалу реті

Құрметті ұстаз!

«Еңбекке баулу» пәнінің мазмұнында қолданылатын бейнелі-анимациялық түсіндірме оқу материалдарын QR код арқылы компьютеріңізге жүктеп алуыңызға болады.

Ол үшін:

1. Смартфон немесе планшет камерасын QR кодқа бағыттаңыз.
2. Сілтеме пайда болғанша күтіңіз.
3. Көрнекі ресурсқа өту үшін «ОК»-ді басыңыз.

Рахметова Н.Б. т.б.

Еңбекке баулу: Әдістемелік нұсқау (электрондық нұсқа). Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сынып педагогтеріне арналған. –

Рахметова Н.Б., Абылова Г.Қ., Қашқынбаева Р.О. – Алматы: АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ, 2023. – 133 бет.

© Рахметова Н.Б., Абылова Г.Қ., Қашқынбаева Р.О., 2023

© «АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ» ЖШС, 2023

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқау «Еңбекке баулу» пәні бойынша бастауыш білім беру деңгейіне қойылатын талаптарды жүзеге асыратын 1-сынып мұғаліміне арналған көмекші құрал ретінде 35 сағатқа әзірленді.

Әдістемелік нұсқауды әзірлеудің нормативтік-құқықтық негізі:

1. «Еңбекке баулу» оқу пәнінің оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама).

2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

Бастауыш сатысында «Еңбекке баулу» сабағында оқушылар қолөнер материалдарын қолданып, еңбек әрекеті мен қолөнер бұйымдарын орындаудың техникасы мен технологиясын меңгереді.

«Еңбекке баулу» пәнінде оқушылар қоршаған ортаға, адамдардың кәсібіне, өмірді өнер көзімен көре білу, әрбір көрген затты көңілімен қабылдауға, туған жердің әсемдігін түсінуге үйренеді. Сонымен қатар осы пән қолдың сенсорлық қозғалысы үшін және қолдың буындары үшін өте маңызды. Оқушылар әртүрлі технологиямен: қағаз және қатырғықағаз, ермексаз және сазбалшықпен, табиғи материалдармен, жапсырма, оригами т.б. жұмыстар жасағанда саусақтардың жұмысы жақсарады. Әртүрлі құрамақтар жасау барысында қолданылатын материалды кесу, ию, қайырып бүгу, жапсыру, желімдеу, бұрау, ою, сызу т.б. оқушылар қызығушылықпен орындайды, себебі берілген жұмысты орындау барысында ойлау қабілеттері дамиды. Жалпы оқушылардың «Еңбекке баулу» пәніне қызығушылығы мол, өйткені олар осы сабақта қимыл-қозғалыста, өздерінің қиялдары бойынша жұмыстар орындау кезінде қысылмай, өздерін еркін сезінеді, бұл баланың психологиялық әрекетінің артуына да әсерін тигізеді. Балалардың өз қолымен жасаған бұйымдар арқылы табиғи ортадағы әдемілікті сезінуі дамиды.

«Әрбір оқушы – жасап шығарушы». Бұл оқушылар үшін маңызды. «Еңбекке баулу» пәнінде оқушылар өз қолымен жасаған жұмыстарынан шығармашылық көрме ұйымдастырылады. Ондағы жақсы орындалған жұмыстар іріктеп алынып, олар мектеп қорына сақталады.

«Еңбекке баулу» сабағына қойылатын талап – балаларға түрлі материалдардың ерекшеліктерін, құрылымын түсінумен қатар қарапайым құралдармен, тиімді әдістерді қолдана отырып жұмыс істеуге үйрету.

«Еңбекке баулу» әдістемелік нұсқауының мақсаты – жас ұрпақты ұлтжандылыққа, еңбекқорлыққа, рухани адамгершілікке, өнерге тәрбиелеу арқылы әрбір шығармашылық жұмысты орындау негізінде эстетикалық сезімдерін оятуға, ойларын еркін жеткізуге бағытталады.

«Еңбекке баулу» пәнін меңгерудің пәндік нәтижелері еңбектің адам өміріндегі шығармашылық және адамгершілік мәні туралы алғашқы түсініктерін, қолданылатын материалдар, шикізаттер, олардың қасиеттерін, жобалау, модельдеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталауы тиіс.

«Еңбекке баулу» оқу пәнінің **міндеттері:**

- қазақ және басқа да халықтардың өнерін, мәдениетін құрметтеу;
- шығармашылық жұмыстарды орындау барысында қоршаған ортаға деген көзқарастарын қалыптастыру;
- шығармашылық жұмыс барысында қолданылатын материалдардың пішінін, көлемін, түсін таңдай білуі;
- әртүрлі материалдармен жұмыс істеудің көркемдік дағдылары мен оларды орындау әдіс-тәсілдерін игеру;
- шығармашылық жұмыстарды орындау барысында эмоцияларын, зейінін, есте сақтау, қол моторикасын, логикалық ойлауды,

қиялдарын және идеяларды іске асыруын дамыту;

- оқушыларды жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыруға, материалдар мен құралдарды дұрыс пайдалана білуге, материалдарды үнемді жұмсауға үйрету;

- бұйым жасау барысында материалдардың қасиеті мен еңбек әрекеті жөнінде түсініктерін қалыптастыру.

Әдістемелік нұсқауда оқу бағдарламасының мазмұнында берілген төрт ортақ білім беру жүйесіндегі материалдар қарастырылған, олар:

- Табиғи материалдармен жұмыс.
- Қағаз және қатырғықағазбен жұмыс.
- Техникалық үлгілеу және құрастыру.
- Өзіне-өзі қызмет ету.

Табиғи материалдармен жұмыс жасау барысында оқушы қоршаған ортадағы табиғат тіршілігін, табиғат аясында саяхаттауды, табиғи материалдарды жинауды, кептірілген жапырақтардан аппликация жасауды, әртүрлі табиғи материалдардан бөлшектерді біріктіруді үйренеді.

Табиғи материалмен жұмыс жасау оқушының психикалық ойлауының дамуына әсер етеді. Табиғи материалдан жасалған жұмыстарды орындау оқушыларды шеберлікке, тапқырлыққа, еңбекқорлыққа, табиғатты аялауға тәрбиелейді, сонымен қатар оқушылардың әлемге көркемдік көзқарасын қалыптастырып, экологиялық, эстетикалық білімдерін жетілдіреді. Табиғи материалды қолөнерге айналдыру арқылы оқушылар туған елінің табиғат әлеміне, оның әртүрлі жақтарын білуге және оған ұқыпты қарап, қамқор болуға тәрбиеленіп, еңбек дағдылары қалыптасады.

Қағаз және қатырғықағазбен жұмыс барысында оқушылар олардың түрлерімен танысады, өз ойынан, қиялынан әртүрлі әдісті қолдана отырып қызықты жұмыстар орындайды. Қағаз бен қатырғықағаздың сапасын, қасиеттерін (жылтыр, күңгірт, тегіс, жұқа, қалың, тығыз) анықтауды үйренеді. Қарындашпен, сызғышпен жұмыс істеу дағдысы артады. Қағаз және қатырғықағазды бүктейді, иеді, шаршы және жолақты, түрлі геометриялық фигуралар сызуды, түзу және жолақ сызықтармен ою-өрнектерді сызық бойынша қайшымен қиып үйренеді.

Техникалық үлгілеу және құрастыру оқушының ақыл-ойын, зейінін, есте сақтау, тапқырлығын, танымдық белсенділігін қалыптастырады, түрлі ағаш, темір, пластмасса конструкторлар мен леги, мозайканы қолданады. Конструктор, леги, мозайкамен қандайда бейнені құрастыру барысында оқушы еңбек мәдениетін, жұмыс орнындағы тәртіпті сақтауға, үлгілер жасау барысында уақыт бөлуді жоспарлауға үйренеді. Сонымен қатар құрастыру оқушылардың сенсорлық және интеллектуалдық дамуымен тығыз байланысты: көру өткірлігі, түс, пішін, неден жасалғандығын, өлшемді қабылдау, ойлау (талдау, синтез, жіктеу) әрекеттері жақсы дамиды. Техникалық шешімдері тапқыр, ерекше балалармен бірге әр пішіннің атауын және текшелерді біріктіру тәсілдерін (стек, қабаттасу, қадам), схемалар

бойынша құрастыруды үйренеді. Сонымен қатар конструкторлар мен лего, мозайканың түс, санның құрамын, тікелей және кері санау, геометриялық материалды зерттеу, логикалық тізбектерді құру, ауыспалы тапсырмаларды орындай алады.

«Еңбекке баулу» пәнінде «Өзіне-өзі қызмет ету» – қажетті бөлімнің бірі. Өйткені бала осы жастан бастап, үйде, мектепте және басқа да қоғамдық орындарда жауапкершілікті сезіне білуі тиіс. Қызмет – еңбекқорлыққа тәрбиелеудің негізі, ал еңбекқор адам міндетті түрде тәртіпті. Бұл екі қасиет белсенділік пен жауапкершілікті қалыптастыруға көмектеседі. Демек, өзіне-өзі қызмет ету барысында қажетті жұмыс ережелерін, бастаған жұмысын соңына дейін жеткізу, өзін-өзі күту, дастарқан басында өзін ұстау, жеке және қоғамдық заттарды пайдалану кезінде ұқыпты болу, қиындықтарды жеңудегі табандылық, өзінің және басқаның еңбегін бағалай білуге, ұжымда жұмыс істеуге, үлкендерге көмек көрсетуге дағдыланады.

Дағдылар – белгілі бір тапсырманы орындау құралдары мен әдістерін меңгеру, физикалық күш пен ептіліктен бастап мамандандырылған оқытуға дейінгі әрекет. Дағдыларға ортақ нәрсе – олардың нақтылығы. Ал қабілет – белгілі бір тапсырманы орындауға туа біткен бейімділік. Қабілет сонымен қатар дарындылықтың шамамен синонимі болып саналады.

Оқыту әдістерінің құрамдас бөлігі – мұғалім мен оқушылардың оқу іс-әрекеті. Оқыту әдістері – нақты мәселені шешуге бағытталған жұмыс әрекеттері. Оқыту әдістерінің артында ақыл-ой әрекетінің жасырын әдістері (талдау және синтез, салыстыру және жалпылау, дәлелдеу, абстракциялау, нақтылау, маңыздысын анықтау, тұжырым жасау, ұғымдарды тұжырымдау, қиял мен есте сақтау әдістері) тұрады.

Проблемалық оқыту – мұғалім мен оқушының бірлескен күш-жігерімен қамтамасыз етіледі. Мұғалімнің негізгі міндеті ақпаратты жеткізу емес, тыңдаушыны білімді дамытудың объективті қайшылықтарымен және оларды шешу жолдарымен таныстыру. Мұғаліммен бірлесе оқушылар өздері үшін жаңа білімді ашады, пәннің өзіндік ерекшеліктерін түсінеді. Проблемалық оқыту екі маңызды: тақырыптың негізгі мазмұнын көрсететін; танымдық міндеттер жүйесін анықтайтын элементтен тұрады.

Рөлдерді ойнау – тапсырма мен мәселенің болуы және рөлдерді қатысушылар арасында бөлу, оларды шешу сияқты негізгі белгілермен сипатталатын белсенді оқытудың ойын әдісі. Мысалы: рөлдерді ойнау әдісі арқылы өндірістік жиналысқа еліктеуге болады. Ойын сабаққа қатысушылардың өзара әрекеті. Қатысушылардың әрқайсысы талқылау барысында басқа қатысушының пікірімен келісуі немесе келіспеуі мүмкін.

Сабақтың барысында мұғалім талқылауды тоқтатып, тапсырманы шешу кезінде ескерілуі қажет кейбір жаңа мәліметтерді бере алады, талқылау нәтижелерін бағалайды және қорытындысын шығарады.

Миға шабуыл – практикалық мәселелерді шешу үшін жаңа идеяларды шығаруда кеңінен қолданылатын әдіс. Оның мақсаты – проблемаларды шешудің дәстүрлі емес жолдарын іздеуде ұжымдық ақыл-ой қызметін ұйымдастыру.

Оқу процесінде миға шабуыл жасау келесі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

- Оқушылардың оқу материалын шығармашылықпен меңгеруі;
- Теориялық білімнің практикамен байланысы;
- Оқушылардың оқу-танымдық қызметін жандандыру;
- Өзекті мәселені шешуге зейін мен ойлау күштерін шоғырландыру қабілетін қалыптастыру;
- Ұжымдық, ақыл-ой іс-әрекетінің тәжірибесін қалыптастыру.

Миға шабуыл жасауға дайындық келесі қадамдарды қамтиды:

- Сабақтың мақсатын анықтау, оқу міндетін нақтылау;
- Сабақтың жалпы барысын жоспарлау, сабақтың әр кезеңінің уақытын анықтау;
- Қыздыру сұрақтарын таңдау;
- Келіп түскен ұсыныстар мен идеялардың критерийлерін әзірлеу, бұл қорытынды сабақтарды мазмұнды талдауға және қорытындылауға мүмкіндік береді.

Миға шабуылдың соңғы кезеңінде топ өкілдері нәтиже туралы хабарлама жасайды. Олар шабуыл кезінде ұсынылған идеялардың жалпы санын атайды, олардың ең жақсыларымен таныстырады. Белгіленген идеялардың авторлары оларды негіздейді және қорғайды. Әдетте миға шабуыл өте өнімді және жақсы нәтиже береді. Егер сәттілік болмаса, мұғалім жұмыстың бұл түрінен дереу бас тартпауы керек, бірақ сабақтың дайындығы мен барысын тағы бір рет мұқият талдап, сәтсіздіктің себептерін табуға тырысып, оларды жойып, болашақта сәттілік күтеді.

Әңгімелеу әдісі – мұғалім мен оқушылардың ауызша пікір алмасу арқылы жаңа білім алуға және оларды бекітуге бағытталған. Бұл балалардың ойлауын белсендіруге ықпал етеді: мұғалімнің басшылығымен балалар оқу материалын түсінеді, оны талқылайды, теориялық материал мен тәжірибе арасында байланыс орнатады. Сөйлесуді сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолдануға болады. Сабақтың басында өткізілген әңгіме балаларға алдыңғы сабақтармен байланыс орнатуға, жұмысқа қажетті материалдар мен құралдарды анықтауға, еңбек процесінің реттілігін көрсетуге көмектеседі. Оқушылардың ақыл-ой белсенділігін барынша арттыруға, мүмкін болатын оқу міндеттерінің шешімін өз бетінше табуға мүмкіндік беретін эвристикалық әңгіме ерекше құнды. Әңгіме табиғи заттар мен олардың бейнелерін көрсетумен бірге жүрген кезде сенімдірек болады. Сарамандық жұмыс барысында ағымдағы әңгіме жүргізу қажеттілігі туындауы мүмкін. Онда нақты сұрақтар мен оларға жауап беру арқылы мұғалім еңбек процесі туралы қосымша ақпарат береді. Сарамандық жұмыс аяқталғаннан кейін қорытынды әңгіме жиі өткізіледі, оның негізгі мақсаты – оқушыларды жұмысты талқылауға тарту, олардың жұмыс нәтижелеріне сыни көзқарасын үйрету. Өндіріске экскурсиядан кейін өткізілетін әңгімелер үлкен білім беру және тәрбиелік мәнге ие.

Практикалық әдіс – тәжірибеде қолданылатын білім. Шеберлік дегеніміз оқушының дұрыс жұмыс әдістерін таңдай отырып, берілген әрекеттерді саналы түрде орындауы. Білім дағдылар дәрежесіне дейін жеткізілмеуі мүмкін. Мысалы, бала қағазды қайшымен қалай кесу керектігін білуі мүмкін, бірақ бұл әрекетті орындай алмайды. Сондықтан білімді дағдыға айналдыру үшін қосымша нұсқаулар мен жаттығу жүргізу қажет. Дағдыларды оқыту барысында бала біреудің тәжірибесін, мысалы, мұғалімнің тәжірибесін қабылдайды, бірақ басты рөл оқушының жеке тәжірибесіне жатады.

Демонстрациялық әдіс – оқушылардың нақты пәндер мен олардың бейнелерін тікелей қабылдауын қамтамасыз ете отырып, оқытудың көрнекілік принципін жүзеге асырады. Демонстрациялық әдістер баланың сенсорлық және ойлау процестерін белсендіреді, бұл оған оқу материалын игеруді жеңілдетеді. Мұғалімнің қолында бар демонстрациялық құралдарды екі топқа бөлуге болады: табиғи және бейнелеу. Табиғи құралдарға материалдар, құралдар, дайын өнімдердің үлгілері т.б.; бейнелеуге макеттер, кесте үлгілері, суреттер, фотосуреттер, сызбалар, диаграммалар, диафильмдер, технологиялық карталар т.б. әр жағдайда мұғалімге сабақ үшін ең оңтайлы көрнекі құралдар таңдалады.

«Еңбекке баулу» пәнінен ұсынылып отырған әдістемелік нұсқауда жоғарыда берілген материалдарды қолдану бастауыш сынып оқушыларының қол моторикасы мен бұлшық етінің дамуына әсерін тигізеді. Әрбір жұмысты орындау барысында оқушылардың зейіні, шыдамдылығы, ізденісі, әр жұмыстың өзіндік жаңалығына қызығушылықпен қарап, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндіктері артады. Сонымен қатар өз қолдарымен жасаған шығармашылық жұмыстарына оқушылардың жағымды эмоциялық көңіл күйлері, олардың

еңбек кезіндегі қарым-қатынас қуанышы, жұмыс жасау кезіндегі рахаттану сезімі оянады.

Әртүрлі жұмыстарды орындау барысында еңбек гигиенасының және қауіпсіздік техникасының ережелері сақталады.

Әдістемелік нұсқауда сабақтың реттік саны, өтілетін күні, сыныбы, сабақтың тақырыбы, оқу мақсаттары, сабақ уақытында бөлінетін кезеңдер беріліп, онда педагог пен оқушының іс-әрекеті, оқушыларды бағалау критерийлері мен сабақ тақырыбына байланысты қолданылатын ресурстар берілген.

Сабақтың реттік санында «Еңбекке баулу» пәнінің оқу бағдарламасында берілген тақырыптар қарастырылған.

**1-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН «ЕҢБЕККЕ БАУЛУ» ПӘНІНЕН
ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ЖОСПАР**

Сабақтың №	№ р/с	Ортақ тақырып	Сабақтың тақырыптары	Оқыту мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
		1-тоқсан – 8 сағат					
1	1	Өзім туралы	Менің шығармашылық шеберханам	1.1.1.1 материалдың атауын білу 1.1.2.1 материалды пайдалану, қолдану мүмкіндіктерін қарастыру 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		
2	2		Мен кішкентай көмекшімін	1.1.3.1 шығармашылық идеяларды жоспарлау және әзірлеу кезінде әртүрлі материалдармен және құралдармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		
3	3		Сыныбыма алғашқы көмегім	1.1.4.1 шығармашылық жұмысқа қажет материалдардың түрлерін анықтау 1.2.3.2 өзінің мүмкіндігіне қарай жұмыс орнында гигиеналық талаптарды білу және сақтау	1		

4	4		Алуан түрлі қағаздар	1.2.2.1 Қарапайым тәсілдермен материалдардың құрамын зерттеу және дайындау 1.2.1.1 түрлі материалдардың ерекшелігін түсіру (көркемдік, табиғи және жасанды) және құралдарды қолдану техникасын меңгерту	1		
5	1	Менің мектебім	Табиғи материалдардың түрлері	1.1.4.1 шығармашылық жұмысқа қажет материалдардың түрлерін анықтау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		
6	2		Мектеп ауласына серуен	1.2.2.1 қарапайым тәсілдермен материалдардың құрамын зерттеу және дайындау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		
7	3		Табиғи материалдардан панно жасау	1.3.2.1 мүмкіндігіне қарай орындалатын жұмысты талқылау және бағалау. 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		
8	4		Сыныпқа арналған гүл	1.3.1.1 өзінің жұмысын таныстыру (көрме) 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		
		2-тоқсан – 8 сағат					
9	1	Менің отбасым және достарым	Қағаздың қасиеттері	1.1.1.1 материалдың атауын білу 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		
10	2		Досыма кеме жасаймын	1.2.2.1 қарапайым тәсілдермен материалдардың құрамын зерттеу және дайындау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		
11	3		Ою-өрнек жасау	1.2.2.2 шығармашылық жұмыстарды жасау кезінде ұлттық мәдениеттің элементтерін атау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу	1		

				кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
12	4		Ұлттық дастарқан	1.1.3.1 шығармашылық идеяларды жоспарлау және әзірлеу кезінде әртүрлі материалдармен және құралдармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		
13	5		«Менің отбасым»	1.1.4.1 шығармашылық жұмысқа қажетті материалдардың түрлерін анықтау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		
14	1	Бізді қоршаған әлем	Мозайка өнерімен танысамыз	1.2.1.1 түрлі материалдардың ерекшелігін түсіну (көркемдік, табиғи және жасанды) және құралдарды қолдану техникасын меңгеру 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		
15	2		Жеміс-жидек мозайкасы	1.1.2.1 материалдарды пайдалану, қолдану мүмкіндіктерін қарастыру 1.3.2.1 мүмкіндігіне қарай орындалған жұмысты талқылау және бағалау	1		
16	3		«Күнбағыс» мозайкасы	1.2.2.3 айқындалған материалдармен қарапайым бұйымдар жасау 1.3.1.1 өзінің жұмысын таныстыру (көрме)	1		
3-тоқсан – 9 сағат							
17	1	Саяхат	Жануарлар әлеміне саяхат	1.1.1.1 материалдың атауын білу 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		
18	2		Мысықтың мүсінін жасайық	1.2.2.3 айқындалған материалдармен қарапайым бұйымдар жасау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		
19	3		Симметриялы фигуралар	1.1.3.1 шығармашылық идеяларды жоспарлау және әзірлеу кезінде әртүрлі материалдармен және	1		


				құралдармен жұмыс істеу дағдыларын меңгерту. 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
20	4		Қазақтың ұлттық ою-өрнегіне саяхат	1.2.2.2 шығармашылық жұмыстарды жасау кезінде ұлттық мәдениеттің элементтерін атау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		
21	1	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Сәндік-қолданбалы өнер	1.1.2.1 материалдарды пайдалау, қолдану мүмкіндіктерін қарастыру 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		
22	2		Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері	1.2.2.1 қарапайым тәсілдермен материалдардың құрамын зерттеу және дайындау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		
23	3		Қағаздан ою-өрнек қию	1.2.3.2 өзінің мүмкіндігіне қарай жұмыс орнында гигиеналық талаптарды білу және сақтау 1.2.3.1 қауіпсіздік техникасын сақтап, материалдарды және құралдарды қолдану			
24	4		«Жұлдыз» геометриялық ою-өрнегін жасау	1.1.4.1 шығармашылық жұмысқа қажетті материалдардың түрлерін анықтау 1.2.3.1 қауіпсіздік техникасын сақтап, материалдарды және құралдарды қолдану	1		
25	5		«Жұлдыз» геометриялық ою-өрнегін жасау	1.3.1.1 өзінің жұмысын таныстыру (көрме) 1.3.2.1 мүмкіндігіне қарай орындалған жұмысты талқылау және бағалау	1		
4-тоқсан – 10 сағат							
26	1	Демалыс және хобби	Дән тұқымынан мозайка жасау	1.1.1.1 материалдардың атауын білу 1.2.1.1 түрлі материалдардың ерекшелігін түсіну (көркемдік, табиғи және жасанды) және құралдарды қолдану техникасын меңгеру	1		

27	2		Көбелек мүсінін жасау	1.1.2.1 материалдарды пайдалану, қолдану мүмкіндіктерін қарастыру 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		
28	3		Ұлттық элементтерді пайдаланып ыдыс-аяқ жасау	1.2.2.2 шығармашылық жұмысқа қажет материалдардың түрлерін анықтау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		
29	4		Сюжетті аппликация	1.2.2.3 айқындалған материалдармен қарапайым бұйымдар жасау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		
30	5		«Тұрмыстық ыдыс-аяқ» пазлы	1.1.4.1 шығармашылық жұмысқа қажет материалдардың түрлерін анықтау 1.2.3.1 қауіпсіздік техникасын сақтап, материалдарды және құралдарды қолдану	1		
31	1	Дені сау ұрпақ – ел болашағы	Табиғат – денсаулық мекені	1.2.2.1 қарапайым тәсілдермен материалдардың құрамын зерттеу және дайындау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		
32	2		Дәрумендер	1.2.3.2 мүмкіндігіне қарай жұмыс орында гигиеналық талаптарды білу және сақтау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		
33	3		Зиянды тағамдар	1.2.2.3 айқындалған материалдармен қарапайым бұйымдар жасау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		
34	4		Саңырауқұлақ жапсырмалау	1.3.1.1 өзінің жұмысын таныстыру (көрме) 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		

35	5		Бақыла. Үйрен. Құрастыр	1.3. 2.1 мүмкіндігіне қарай орындалған жұмысты талқылау және бағалау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	1		
----	---	--	--------------------------------	--	---	--	--

**1-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН «ЕҢБЕККЕ БАУЛУ» ПӘНІНЕН
ҚЫСҚАМЕРЗІМДІ ЖОСПАР**

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Өзім туралы			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	1-сабақ МЕНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРХАНАМ			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.1.1.1 материалдың атауын білу 1.1.2.1 материалды пайдалану, қолдану мүмкіндіктерін қарастыру 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Оқушылар материалдар атауымен танысады, материалдарды пайдалана алуға баули отырып, бүктеу, қию, қосу және біріктіру әдіс-тәсілдерін қолдана алуға үйрету.			
Құндылықтар	Адамгершілік, достық, патриоттық			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Сабақтың басы  Еңбек туралы аудиожазба	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. Шаттық шеңбері <i>Өсеміз біз күліп-ойнап, Он саусақтың саласындай, Өсеміз біз күліп-ойнап, Бір адамның баласындай.</i> – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!	Амандасады, орындарына отырып, сабаққа қажетті құрал-жабдықтарын дайындайды. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, шаттық шеңберін құрады. Мұғалімнің айтқан өлең шумақтарын хормен қайталайды.				
	- Балалар, еңбекке баулу пәнінде біз мынандай материал түрлерін пайдаланамыз. Мұғалім суреттер арқылы әртүрлі материалмен таныстырады. «Миза шабуыл» әдісі <i>- Аталған материалдар қандай жұмыста қолданылады?</i> <i>- Ермексаз, қатырғықағаз, желім, мақта, мата, түрлі түсті қағаздарды қолданып көрдіңдер ме?</i> Мұғалімнің түсіндірмесі – Балалар, бүгінгі сабақта «Еңбекке баулу» пәнінің мазмұнымен танысамыз. Бұл пәнде сендер жыл бойы әртүрлі материалмен шығармашылық жұмыс жасап үйренесіңдер. Еңбек ету тапсырылған іске деген табандылық пен ынта-жігерді, ұқыптылық пен	Оқушылар жаңа бөлім, жаңа сабаққа дайындық ретінде суреттерге назар салады. Сұрақтарға жауап береді. Материалдардың атауымен танысады (қатырғықағаз, түрлі түсті қағаз, ермексаз, мақта, мата, жіп, желім, қайшы т.б.). Қандай материалдармен таныс екенін айтады. Атын дұрыс айтып үйренеді. Мұғалімнің түсіндірмесі арқылы «Еңбекке баулу» пәнінде қолданылатын материалдардың атауы мен түрлерін біледі. <table><tr><td>Материалдар атауы</td><td>Құрал-жабдық атауы</td></tr></table>	Материалдар атауы	Құрал-жабдық атауы	Мадақтау Жарайсың! Тамаша!	Материал түрлері 
Материалдар атауы	Құрал-жабдық атауы					

	жауапкершілікті талап етеді. Адам ерінбей еңбек ету арқылы қуанышқа, шаттыққа бөленеді. – Бүгін біз материалдың негізгі атауы мен қолданылу саласын анықтау, материалдармен жұмыс жасау, оны қолдану әдістерімен танысамыз. Кестеде көрсетілген материалдар мен құрал-жабдықтарды таныстырады. Атауын үйретеді, қайда қолданылатынын сұрайды. Кестедегі материалдар атауы мен практикалық жұмыс барысында қолданылатын құралдарды және қолдану мақсаттарын айтып түсіндіреді. Сонымен қатар оқушыларға материалдардың атауымен қоса түрлерін суреттер арқылы көрсетеді. <i>1-тапсырма.</i> - Қауіпсіздік ережесі деген не? - Балалар, бүгін «Еңбекке баулу» пәніне арналған қауіпсіздік ережелерін үйренесіңдер және оны барлық сабақ барысында сақтайсыңдар.  Қайшымен жұмыс істеу кезінде - Қайшыны арнаулы қобдишада сақтау керек. - Қайшыны біреуге үшкір ұшын қаратып берме.	<table><tr><td>Қатырғықағаз, түрлі түсті қағаз, мата, жіп, фетр, жұмсақ қағаз (салфетка, дәретхана қағазы), ермексаз, моншақ, фольга т.б.</td><td>Желім, қайшы, сызғыш, қарындаштар, өшіргіш, акварель бояу, екі жақты скотч, ПВА желімі, үлгі қағаздар т.б.</td></tr></table> Оқушылар мұғалімнің көрсеткен суреттері арқылы материалдармен танысады. Материалдар атауы мен практикалық жұмыс барысында қолданатын құралдарды және қолдану мақсаттарын түсінеді, материалдардың атауымен қоса түрлерін суреттер арқылы қолдану мүмкіндіктерін айтады. Дескрипторы: 1. Сұрақтарға жауап береді. 2. Материалдардың атауын біледі. 3. Қолдану мақсаттарын ажырата алады. «Еңбекке баулу» пәніне арналған қауіпсіздік ережелерін үйренеді және оны барлық сабақ барысында сақтайды.	Қатырғықағаз, түрлі түсті қағаз, мата, жіп, фетр, жұмсақ қағаз (салфетка, дәретхана қағазы), ермексаз, моншақ, фольга т.б.	Желім, қайшы, сызғыш, қарындаштар, өшіргіш, акварель бояу, екі жақты скотч, ПВА желімі, үлгі қағаздар т.б.	Ауызша бағалау Жарайсың! Тамаша! Бәрекелді!	 Құрал-жабдықтар 
Қатырғықағаз, түрлі түсті қағаз, мата, жіп, фетр, жұмсақ қағаз (салфетка, дәретхана қағазы), ермексаз, моншақ, фольга т.б.	Желім, қайшы, сызғыш, қарындаштар, өшіргіш, акварель бояу, екі жақты скотч, ПВА желімі, үлгі қағаздар т.б.					

 https://qrmedia.kz/PUV8Q	- Қайшыны ашық қалдырма, қайшыны тек жұмыс орнында ғана пайдалан. - Біреу қайшымен жұмыс істеп жатқан кезде көңілін бөлуге болмайды. - Қайшының ұшын жоғары көтерме, еңбек сабағына арналған ұшы доғал қайшыны пайдалан. Желіммен жұмыс істеу кезінде - Желімнің қақпағын абайлап аш. - Қағазға ұқыпты, керегінше ғана жақ, артығын сүртіп таста. - Жұмыс соңында желімнің қақпағын жауып орнына қой. Қолыңды жууды ұмытпа. Сергіту сәті QR кодтағы сергіту сәтін орындау. - Балалар, QR кодтағы оқушының жасаған іс-қимылын бәріміз бірге жасап сергіп алайық (басқа, иыққа, қолға, аяққа, денеге, көзге арналған жаттығулар). 2-тапсырма. – Сыныпқа арналған сиқырлы қобдишаны ашып қарайықшы, оның ішінде әртүрлі материалдар (жұмсақ мақта, қатырғықағаз) бар. Мұғалім оқушыларға қобдишаның ішіндегі материалдарды қиып, бүктеп, умаждап, ұстап, жыртып, зерттеу жұмыстарын жүргізуді ұсынады. - Бүгін әртүрлі материалдармен таныстық. Практикалық жұмыста жұмсақ мақта және қатырғықағазбен жұмыс жасаймыз. Жұмысты бастамас	Қайшыны қобдишаға салуды, үшкір жағымен бермеуді, қайшыны жұмыс барысында дұрыс пайдалану керектігін, қайшылауға болмайтынын біледі. Желімнің қақпағын абайлап ашуды, қағазға ұқыпты, керегінше ғана жағуды, артығын сүртіп тастау керектігін түсінеді. Жұмыс соңында желімнің қақпағын жауып орнына қоюды, желіммен жұмыс жасап болған соң қолын жуу керек екенін есінде сақтайды. Дескрипторы: 1. Сабақ уақытындағы қауіпсіздік ережесін біледі. 2. Қайшыны пайдалануды біледі. 3. Желіммен жұмыс жасай алады. QR код арқылы берілген іс-қимылдарды жасап, сергиді (жаттығуды бірнеше рет қайталап жасайды). Әртүрлі материалдармен (жұмсақ мақта, қатырғықағаз) танысады.	Ауызша бағалау (мұғалім әрбір баланың жауабын ауызша бағалап отырады. Жарайсың! Тамаша! Бәрекелді!	
--	---	---	---	--

 https://qrmedia.kz/r19H5	бұрын қауіпсіздік ережесімен таныстырады.  Есінде сақта! - Мұғалімнің рұқсатынсыз жұмыс бастама. - Жұмыс бастамас бұрын жұмыс орныңды реттеп ал. - «Еңбекке баулу» сабағына қажетті құралдарды мұғалімнің түсіндірмесі бойынша және ретіне қарай пайдалан. - Сабақ барысында құралдарды ұқыпты пайдаланып, сабақ соңында жұмыс орныңды жинап-тазалауды ұмытпа. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС Балаларға бейнежазба көрсету. <i>3-тапсырма. Балапан жасау</i> <i>Қажетті құрал-жабдықтар:</i> қатырғықағаз, сары және қызыл түсті қағаз, желім, қайшы, акварель бояу, мақта. Оқушыларға балапан бейнесін үлестіру. <i>Жұмыстың орындалу реті:</i> 1. Қалып бойынша балапанның денесін қатырғықағазға бастырып, қиып ал. 2. Тұмсығын, аяғын қызыл түсті қағазға бастырып, қиып ал. 3. Қанаты үшін сары қатырғықағазға өзіңнің алақаныңды бастырып, қиып ал.	Практикалық жұмыс жасау алдында қауіпсіздік ережесімен танысады. Бейнежазбаны зейін қойып тамашалайды. Мұғалімнің рұқсатынсыз жұмыс бастамау, алдымен жұмыс орнын реттеп алу, сабаққа қажетті құралдарды мұғалімнің түсіндірмесі бойынша және ретіне қарай ұқыпты пайдаланып, сабақ соңында жұмыс орнын жинап тазалау керектігін түсінеді. Бейнежазбаны зейін қойып қарайды. Қайшы, желім, түрлі түсті қағаздармен жұптық жұмыс істеуге арналған қызықты тапсырмаларды орындап үйренеді, балапан жасайды. Дескрипторы: 1. Практикалық жұмысты жасауға арналған (сары және қызыл түсті қатырғықағаз, желім, қайшы, акварель бояу, мақта) құрал-жабдықтарды дайындап алады. 2. Балапанның денесін, аяғы мен қанатын, тұмсығы мен көзін үлгі бойынша қиып алады. 3. Қиылған дене бөлшегіне желім жағып, мақтаны жабыстырып, сары бояумен бояп, кептіреді.	Бірін-бірі бағалау	
--	--	--	---------------------------	--

4. Қара, ақ түсті қағаздан көзін дөңгелектеп қиып дайындап ал.
5. Қиылған дене бөлшегіне желім жағып, мақтаны домалатып жабыстыр.
6. Мақтаны үстінен сары бояумен боя.
7. Бояу сіңіп, толық кепкеннен кейін аяғы мен қанатын, тұмсығы мен көзін үлгідегідей біріктіріп желімде.



Сергіту сәті

Балапанның жүгірген, секірген, ұшқан қимылдарын жасап сергіту.

4. Тұмсығын, көздерін, аяқтары мен қанаттарын біріктіріп желімдейді.




Балалар балапанның жүгірген, секірген, ұшқан қимылдарын жасап сергиді.

Сабақтың соңы	«Допты лақтыру» әдісі Мұғалім допты лақтырып, сұрақ қояды. Допты қағып алған оқушы сұраққа жауап беріп, өзінің сұрағын қояды. Егер оқушы сұраққа жауап бере алмаса, допты басқа оқушыға береді. Бұл әдіс теориялық сұрақтарды бағалауға, тілдік мақсаттардың орындалуына көмек береді. - Бүгін «Еңбекке баулу» сабағында немен айналыстық? - Қандай материалдармен таныс болдың? Атап бер. - Балалар, тапсырмалар мен сұрақтарға дұрыс жауап бердіңдер. Жарайсыңдар! «Галереяны аралау» әдісі Оқушылардың жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.	Сұраққа жауап береді, өзінің сұрағын қояды. Егер оқушы сұраққа жауап бере алмаса, допты басқа балаға береді. <i>Мен өзімнің шашымды тарай аламын, киімімді бүктей аламын, аяқкиімімді сүртемін, партамды таза ұстаймын, кітаптарым мен дәптеріме ұқыптымын.</i> Балалар жаттығуды қайталап жасайды, би арқылы денесін, бойын жазып, сергиді. Бүгінгі өткен тақырып бойынша өздерінің түсінгенін, үйренгені, қызықты өткен тұстарын, жағымды әсерлерін, түсініксіз болған жерлерін айтып, ой бөліседі. Өздері жасаған дайын жұмыстарын көрмеге қояды.	Стикер арқылы бағалау (сабаққа белсенді қатысқандарын а қарай әртүрлі стикер беру)	
Рефлексия	«Кемпірқосақ» әдісі Тақтадағы кемпірқосақ суретіне өз есімдері жазылған стикерді желімдейді. Ең төмендегі қызыл түстен ең жоғары орналасқан күлгін түске стикер желімдеу арқылы өзінің сабақтағы түсінігі (немесе көңіл күйі) деңгейін білдіреді. <i>Бүгінгі сабақты толық түсіндім</i> <i>Бүгінгі сабақты түсіндім, сұрағым бар</i> <i>Бүгінгі сабақты түсінбедім</i>	Бүгінгі сабақтан алған білімін, әсерін, қызықты өткен сәттерін кемпірқосаққа стикер қою арқылы бағалайды.		Кемпірқосақ 

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Өзім туралы			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	2-сабақ МЕН КІШКЕНТАЙ КӨМЕКШІМІН			
Оқу бағдарламасын а сәйкес оқыту мақсаттары	1.1.3.1 шығармашылық идеяларды жоспарлау және әзірлеу кезінде әртүрлі материалдармен және құралдармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Жаңа материалмен және қолдану әдістерімен таныстыру. Өлшеу, белгілеу, кесу, пішіндеу, қосу және біріктіруді үйрену.			
Құндылықтар	Адамгершілік, достық, патриоттық тәрбие			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. «Сиқырлы қобдиша» әдісі Мұғалімнің қолында айна салынған қобдиша бар. «Қобдишаның ішінде менің ең ақылды, білімді, тәртіпті, ең сүйікті оқушым бар», – деп бүгінгі сабаққа жақсы көңіл күй сыйлайды. «Сұрақтар шеңбері» әдісі - Өзіне-өзі қызмет ету деген не? Оқушылар төрт немесе бес адамнан	Оқушылар мұғалімге назар аударады. Мұғалімнің қолындағы қобдишаны ашып, айнадан өзінің суретін көріп, көңіл күйі көтеріледі. Шағын топта шеңбер құрып, өткен сабақта алған білімдері бойынша бір-біріне кезек сұрақ қойып, сол сұрақтарға жауап береді.	Кері байланыс	

	шеңбер құрады. Өткен тақырып бойынша ойлануға біршама уақыт беріледі. Талқылауды бастап, әр оқушы үш минут (немесе басқа уақыт) сөйлейді. Бұл уақытта басқа ешкімге еш нәрсе айтуға рұқсат етілмейді. Сұрақтар: <i>Қазір жылдың қай мезгілі?</i> <i>Сенің туған күнің қай айда?</i> <i>Сенің жасың нешеде?</i> <i>«Еңбекке баулу» сабағы несімен ұнайды?</i> <i>Сен досыңа қандай көмек бере аласың?</i>	Төмендегідей жауап берілуі мүмкін. Күз мезгілі. Менің туған күнім қыста немесе жазда. «Еңбекке баулу» сабағында әртүрлі бұйымдар жасап үйренеміз. Достарына қандай көмек бере алатындары туралы айтады. Үй шаруасында, ауладағы көмек туралы өз ойын айтады.	Мұғалімнің бағалауы	
Сабақтың ортасы Тыңдалым	«Көршіңе әңгімелеп бер» әдісі Мұғалім сұрақ қойып, ойластыруға уақыт беріледі. Сонан соң оқушылардан өз ойын көршісімен бөлісуді сұрайды. - Балалар, бүгінгі жаңа тақырып «Мен кішкентай көмекшімін», осы тақырып бойынша өздерің білетін барлық жағдайды қасыңдағы отырған көршіңе айтасың. 1. <i>Көмектесу дегенді қалай түсінесің?</i> <i>Ата-анасына көмек көрсететін балаларды кім деп атаймыз?</i> Аудиожазба тыңдау. «Қолғанат» әңгімесін аудиожазба арқылы тыңдайды, соңынан балалар сұраққа жауап береді. 1. <i>Жанар анасына қандай көмек көрсеткісі келді?</i> 2. <i>Анасы Жанардың бұл ісін қалай бағалады?</i>	Оқушылар өз ойын көршісіне дауыстап айтып береді. Дескрипторы: 1. Сұрақтарға жауап береді. 2. Көмек көрсету туралы біледі, түсінеді. Балалардың жауаптары. Адамға қиналған сәтте қамқор болу, жылы сөздер айтып демеу болу, жақсылық жасау – көмек деп аталады. Көмектесу сол адамға деген жанашырлық сезімнен туады. Ондай баланы көмекші, қолғанат дейді. Аудиожазбадан «Қолғанат» мәтінін тыңдайды. Мәтінде Жанардың анасына көмегі туралы айтылған. Өзінің анасына, әкесіне, досына, ұстазына, өзіне-өзі қандай көмекші	Смайл арқылы бағалау  Ауызша бағалау Жарайсың! Тамаша!	Аудиожазба «Қолғанат» Тақырып бойынша суреттер

  https://qrmedia.kz/BQaXF	3. <i>Ата-аналарыңа қандай көмек көрсете аласыңдар?</i> Сергіту сәті Оқушылар әуен бойынша жаттығу жасайды. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС Жұмысты бастамас бұрын қауіпсіздік ережесімен таныстырады. Ауызша және тақтада ілулі тұрған қауіпсіздік ережесін қайталайды. 1-тапсырма. Кітапбау жасау Оқушыларға түрлі түсті қатты және жұмсақ қағаздан бақа түріндегі кітапбау жасауды үйрету. <i>Қажетті құрал-жабдықтар:</i> қызыл, қара, ақ түсті жұмсақ қағаздар, желім, қайшы, кітапбау үлгілері. <i>Жұмыстың орындалу реті:</i> 1. Жасыл түсті қағазды шаршы етіп қиып, үшбұрыш етіп бүкте. 2. Бүктелген үшбұрыштың бір бөлігін бүктелген астыңғы бөлігіне қарай бір рет бүкте. 3. Оң жақ бөлігін кішкентай үшбұрыш етіп бүкте. 4. Сол жақ бөлігін жоғары қарай бүктеп, ішке қарай тағы да бүкте. 5. Дайын болған бақаның көзін, тілін желімде.	бола аламын деген ойымен бөліседі. Оқушылар бейнематериалға қарап, жаттығуларды жасайды. Қағазбен жұмыс істемес бұрын қауіпсіздік ережесімен танысып, қайталап, сабақтың барысында қатаң түрде сақтайды. Оқушылар өздеріне, аналарына, ұстаздарына кішкентай көмекші ретінде кітапбау жасайды. Алдымен қауіпсіздік ережесін қайталайды. Қажетті заттарын дайындайды (түрлі түсті қатты және жұмсақ қағаздар, желім, қайшы, кітапбау үлгілері таратылады). Компоненттерді өлшеп, белгілеп, қиып, пішінін келтіріп, өздеріне ұнаған кітапбауды жасайды. Дескрипторы: 1. Материал мен құрал-сайманды ұқыпты пайдаланады. 2. Үлгі бойынша жұмыс істейді. 3. Бүктеу және желімдеу арқылы құрамақ бөлшектерін біріктіреді.	Стикер арқылы бағалау (сабақ соңында сабаққа белсенді қатысқандарын а қарай әртүрлі стикер арқылы бағалайды)  Бірін-бірі бағалау 	Сергіту сәті https://youtu.be/Vwa5zBMF_WU Қауіпсіздік ережесі QR код арқылы бейнежазба
--	--	--	---	--

				
Сабақтың соңы 	«Гүл өсірсең» аудиожазбасын тыңдайды, балалар хормен айтып қайталайды «СМС хабарлама» әдісі Сабақты қорытындылау. <i>Бүгін сабақта мен ... түсіндім</i> <i>... білдім, үйрендім.</i> <i>Мен ... үшін мақтанамын.</i> <i>Маған ... ерекше ұнады.</i> <i>Бүгін мен сабақта ... жасай алдым.</i> <i>Мен ... орындадым.</i> <i>... маған қызықты болды,</i> <i>қиын болған тұстар</i>	Оқушылар «Гүл өсірсең» өлеңін аудиожазбадан тыңдап, барлығы хормен бірге айтады. «Анама мен кішкентай көмекшімін» деген түсінік қалыптастырады. «СМС хабарлама» әдісі бойынша бүгінгі сабақта не түсінгендерін айтады. Бүгін сабақта мен кішкентай көмекші бола алдым. Анама, қоршаған ортаға қолғанат, көмекші болу керектігін түсіндім. Мен кітапбау жасауды үйрендім.		
Рефлексия	«Плюс, минус, қызықты» әдісі Бұл рефлексияны жазбаша орындау үшін үш бағаннан тұратын кестені толтыру ұсынылады. Сабақ түсінікті, ұнаған болса, «Плюс» бағанына плюс таңбасын қою. Ақпарат оқушы үшін керексіз, пайдасыз болса, минус таңбасын қояды. Оқушылар үшін қызығушылық тудырған деректер мен әдістер болса, «Қызықты» бағанына басбармақ смайлын қою.	Сабақ түсінікті болса, плюс таңбасын қояды. Оқушының пікірінше, бұл ақпарат ол үшін керексіз, пайдасыз болса, минус таңбасын қояды. Оқушылар үшін қызығушылық тудырған деректер мен әдістер болса, «Қызықты» бағанына басбармақ смайлын қояды.		  

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Өзім туралы			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	3-сабақ СЫНЫБЫМА АЛҒАШҚЫ КӨМЕГІМ			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.1.4.1 шығармашылық жұмысқа қажет материалдардың түрлін анықтау 1.2.3.2 өзінің мүмкіндігіне қарай жұмыс орнында гигиеналық талаптарды білу және сақтау			
Сабақтың мақсаты	Жұмыста қолданылатын құралдармен қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып шығармашылық жұмыстар орындау			
Құндылықтар	Адамгершілік, достық, патриоттық тәрбие			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Оқушыларды түгендеу. «Сәлемдесу рәсімі» жаттығуы - Балалар, менің қолымда оралған жіп бар. Мен бүгін сендердің қандай көңіл күймен келгендеріңді білгім келеді. Алдымен мен өзім туралы айтамын, сосын жіптің бір ұшына саусағыма байлап, қасымдағы оқушыға ұсынамын, ол өзінің көңіл күйі туралы айтып, көршісіне береді. Жаттығу осылай жалғаса береді.	Оқушылар шеңбер жасап тұрады. Мұғалім бүгінгі көңіл күйінің жақсы екенін айтып, сәлемдесу рәсімін бастайды, оқушылар бүгінгі көңіл күйі туралы айтады. - Менің бүгінгі көңіл күйім тамаша. - Мен көңілдімін.		 

Сабақтың ортасы	«Бір минуттық әңгіме» тәсілі Оқушылардың бір-бірінен ақпарат алу дағдысын қалыптастыру үшін пайдалануға болады. Балалар қарама-қарсы сызық бойымен қатарға тұрып, жұптық әңгіме жүргізу. Өткен тақырып туралы әңгімелеседі немесе жаңа сабақпен байланыстыру мақсатында өз ойларымен бөліседі. Мұғалім ой қозғайтын сұрақтар қояды. - <i>Сыныптағы достарың кім?</i> - <i>Сыныпта нелер бар?</i> - <i>Мектептен нелерді байқадың?</i> - <i>Саяхат кезінде есiңде нелер қалды?</i> - <i>Сен қандай көмекші бола аласың?</i> - <i>Көмек көрсетудің қандай түрлері бар?</i> - <i>Сенің қолыңнан не келеді?</i> Сергіту сәті «Менімен бірге қайтала» ойыны арқылы сергіту сәтін жасату. Оқушылар шеңбер құрып тұрады. Көңілді музыка қойылып, би билейді. Билеу келесі тәртіп бойынша жүргізіледі: алдымен әрқайсысы қандай да бір қимылдар жасайды, ал мұғалім қолымен шапалақ соққанда, оң жақтағы көршінің қимылын орындайды. Ойын осылай жалғаса береді. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС - Сабақта жұмысқа қажетті материал түрлерін таңдап аламыз. - Алдыңғы сабақта қандай материалдармен	«Бір минуттық әңгіме» тәсілі бойынша оқушылар қарама-қарсы сызық бойымен қатарға тұрып, жұптық әңгіме жүргізеді. Мұғалімнің ортаға салған ой қозғайтын сұрақтарына жауап береді. Сұрақтар бойынша оқушылар мектепке саяхат жасаған кезін есіне түсіріп, мектептің ішіндегі жиһаздар, сөрелер, қабырғадағы ілулі тұрған стенд, сынып бөлмелері, асхана, спорттық зал, музыка залы жайлы көрген-білгендерін айтып, ой бөліседі, Сыныптағы достары жайлы, сыныптың ішіндегі парта, орындық, тақта, гүлдер, қабырғадағы сөрелер, оқулықтары жайлы айтады. <i>Көмек</i> деген сөздің мағынасын ашады. Мұғаліммен бірге «Менімен бірге қайтала» ойыны арқылы сергіту сәтін жасайды. Оқушылар мұғалімнің көмегімен көңілді музыка арқылы ойынды шеңбер құрып орындайды. Оқушылар бір-бірінің жасаған жаттығуларын қайталайды. Мата және мақта материалдарымен танысады. Қолданылатын материалдардың жұмсақ, тығыздығын	Мадақтау Жарайсың ! Керемет! Кері байланыс жасау	Сергіту сәті Қауіпсіздік ережесі
-------------------------------	---	---	--	--



<https://qrmedia.kz/Nm9SP>

	таныстық? - Бүгін біз мақта және матамен (жұмсақ, тығыз материалдар) жұмыс жасаймыз. - Балалар, мақтаны ұстап көріңдерші, қандай екен? (<i>Мақта жұмсақ</i>). - Енді матаны ұстап көрейікші. (<i>Мата тығыз тоқылған</i>). Қауіпсіздік ережесі Ауызша және тақтада ілулі тұрған қауіпсіздік ережесін естеріне түсіріп, қайталану. «Сыйлық сыйла» әдісі Достық туралы әннің ырғағымен сыйлықтар салынған қораптан оқушыларға сыйлықтар таратылады. Оқушылар алған сыйлықтары бойынша жұпқа бөлініп, «Мен кішкентай көмекшімін» тақырыбына сай тақта сұртетін сұрткі жасайды. 1-тапсырма. Тақта сұртетін сұрткі жасау Қажетті құрал-жабдықтар: мата, мақта және жіп. Бейнежазба көрсетіледі. Жұмыстың орындалу реті: 1. Дайын дөңгелек пішінге салып, матаны дөңгелектеп қиып ал. 2. Шынтақтан саусаққа дейінгі аралықта жіпті үш рет орап, өлшеп қиып ал. Бұл аралық шамамен 70 см-ге тең. 3. Қиып алынған дөңгелек пішінді матаның ортасына мақтаны қалыңдап салып, түйіп, жіппен тығыздап байла.	ажыратады. Практикалық жұмыс жасау алдында әр сабақта айтылатын қауіпсіздік ережесін қайталап, естеріне түсіреді. Алған сыйлықтары арқылы жұпқа бөлінеді. Мүмкіндігіне қарай жұмыс орнында гигиеналық талаптарды орындайды. Практикалық жұмыс кезінде қажетті құрал-жабдықтардың дұрыс тұруын, артық заттардың болмауын қадағалайды. Жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын реттеп, тазалау қажеттігін ұмытпайды. Өздері тандап алған материалдардан күнделікті сабақта пайдаланатын тақта сұрткі жасайды. Дескрипторы: 1. Оқушыларда заттардың қасиеттері туралы ұғым қалыптасады. 2. Заттың пішінін, түсін, көлемін мөлшерлейді. 3. Жұмыс барысында әртүрлі жұмыс техникасын – қиып, түйіп байлауды меңгереді.	Бірін-бірі бағалау	Достық туралы ән https://youtu.be/h9fDZF8hPic
Сабақтың соңы	Қорытынды «Венн диаграммасы» әдісі Сабақты қорыту.	«Венн диаграммасы» әдісі бойынша екі сабақты жалпы қорытындылап, айырмашылығын,	Мадақтау	

	Тақырыптардың айырмашылығы, ұқсастығы, артықшылығы туралы айтады, біледі.	ұқсастығын, артықшылығын ажыратады.	Ынталан дыру	
Рефлексия	<i>«Бағдаршам» әдісі</i> Мұғалім оқушылардан өзінің біліміне қаншалықты сенімді екендігін көрсетуді сұрайды. <i>Жасыл – мақсатқа қол жеткізілді, сенімді</i> <i>Сары – сенімсіздік бар, көмек қажет</i> <i>Қызыл – қиындықтар туындады</i>	Оқушылар бүгінгі сабақтағы алған әсерлерін бағдаршам түстері арқылы көрсетеді.		Бағдаршам

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Өзім туралы			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	4-сабақ АЛУАН ТҮРЛІ ҚАҒАЗДАР			
Оқу бағдарламасы на сәйкес оқыту мақсаттары	1.2.2.1 қарапайым тәсілдермен материалдардың құрамын зерттеу және дайындау 1.2.1.1 түрлі материалдардың ерекшелігін түсіну (көркемдік, табиғи және жасанды) және құралдарды қолдану техникасын меңгерту			
Сабақтың мақсаты	Қағаз түрлерін, түстерін, ерекшеліктерін, қасиеттерін және олардың қолданылу мақсаттарын біледі. Қарапайым тәсілдер арқылы материалдарды өлшеп, белгілеп, бүгіп, қиып, пішінге келтіріп, жинақтап қосуды және біріктіруді үйренеді.			
Құндылықтар	Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. <i>«Шаттық шеңбері» әдісі</i> Оқушылардың көңіл күйін көтеру, бауырмалдыққа баулу мақсатында шаттық шеңберін жасау.	Оқушылар шеңбер жасап, бір-біріне бүгінгі күнге сәттілік тілектерін білдіреді. Сабақты жақсы оқы! Белсенділік таныт!		
Сабақтың ортасы Тыңдалым	<i>«Кинометафора» әдісі</i> Оқушының ой-өрісін, ақпарат алу дағдысын, ойлау қабілеттерін дамыту үшін бүгінгі тақырып бойынша бейнежазба көрсету. Мұғалімнің түсіндірмесі Қағаздың 11 түрі бар, 1-сыныпта сабақта сендер қатырғықағаз, А4 қағазының ерекшеліктерімен таныс боласыңдар және оларды өлшеуді, белгілеуді, қиюды, біріктіруді үйренесіңдер. <i>«Ашық микрофон» әдісі</i> Оқушыларды жылдам әрі тұжырымды ойлауға дағдыландыру мақсатында көрсетілген бейнежазба және мұғалімнің бүгінгі тақырып бойынша айтқанынан түсінгендерін тексеру үшін сұрақтар қойылады. Сергіту сәті «Қағаз, тас, қайшы». Бейнежазба көру арқылы жаттығу жасау. <i>1-тапсырма.</i>	«Қағаз қайдан пайда болды?» бейнежазбасынан бүгінгі тақырып бойынша ақпарат алады, өзінің ой-пікірін айтады. Мұғалімнің түсіндірмесін мұқият тыңдайды. Қағаз түрлері туралы алғашқы білім алады. Дескрипторы: 1. Қағаздың шығу тегімен танысады. 2. Қағаздың қандай түрлері бар екенін біледі. «Ашық микрофон» әдісі бойынша оқушылар микрофон ұстап, бүгінгі тақырып бойынша алған ақпарат туралы ойын ашық айтып, сұрақтарға жауап береді. Сергіту сәтін орындайды. Санамақ арқылы іс-қимылдар жасайды. Қағаз түрлеріне сипаттама беріп, олардың түсін, ерекшелігін, қасиеттерін	Ауызша бағалау Жарайсың! Тамаша! Бәрекелді!	Қағаз қайдан пайда болды? https://youtu.be/0wN3YjaEV2I  Микрофон  Сергіту сәті https://youtu.be/mjoJ0Z9Ik1M

	Мұғалім қарапайым әдістер мен тәсілдерді пайдаланып, материалдарды (көркемдік, табиғи және жасанды) және құралдарды қолданып, зерттеу жүргізуді ұйымдастырады. Мысалы: қатырғықағаз, жұмсақ қағаз, салфетка, дәретхана қағазы, газет т.б. 1. Оқушылар арнайы су құйылған ыдыстарына жазуға арналған қағазды, газетті салады, салынған қағазды 2-3 минуттан соң алып, нәтижесін көреді. Қағаздар қандай өзгеріске түсті? Қорытынды: қағаз жұмсарады. Дымқыл қағазбен ары қарай жұмыс істеуге бола ма? 2. Оқушылар қолдарына ақ қағазды алып умаждайды, ужамдалған қағазды қайтадан жазып ашады. Қорытынды: жұқа қағазды умаждауға болады. 3. Оқушылар қатырғықағазды және А4 қағазды алып 2-3 рет бүктейді. Қатырғықағазды екі рет қана бүктеуге болатынын, оны күш жұмсау арқылы бүктегенін айтады. Ары қарай тағы да бүктеп көріп, енді бүктелмейтінін анықтайды. 4. Жұқа қағаз бен қатырғықағазды қиып көреді. Өз қорытындысын айтады. Мұғалім осы себепті 1-сыныпта көбінесе жұқа қағаздармен жұмыс істейтіндіктерін ескертеді.	және қолданылу мақсаттарын біледі. Қарапайым тәсілдер арқылы материалдарды өлшеп, белгілеп, бүгіп, қиып, пішімін келтіріп, жинақтап, қосып, жыртып, умаждап, суға салып көріп, зерттеу жұмысын жүргізеді. Арнайы су құйылған ыдысқа жазуға арналған қағазды, газетті екіге жыртып салады, қағазды 2-3 минуттан соң алып, дымқыл қағаз жібіп, жыртылатынын байқайды. Дымқыл қағазды қиып, бүктеп, әртүрлі бұйымдар жасаудың ыңғайсыздық туғызатынын түсінеді. Сонымен қатар жұқа ақ қағазды алып умаждайды. Ужамдалған қағазды үстелдің бетіне қойып, жазады. Қағаз бетінің өзгеріске түсіп, қыртысталғанын көреді. Қатырғықағазды 2-ге бүктейді, бүктеу үшін күш жұмсау керектігін түсінеді. А4 қағазға қарағанда қаттылау және бүктеуге ыңғайсыздау екеніне көз жеткізеді. Қатырғықағаз қатты, ал А4 қағаз жұмсақ, жұмыс істеуге ыңғайлы деген қорытынды жасайды. Екі түрлі қағазды қию кезінде қайшыны дұрыс ұстайды, қауіпсіздік ережесін сақтайды. Зерттеу жасап болған соң өз ойын айтады.	Шаршы арқылы бағалау Белсенді қатысқан оқушыларға шаршылар тарату  Бірін-бірі бағалау	Қауіпсіздік ережесі
--	--	--	---	----------------------------

 https://qrmedia.kz/75GQ4	ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС Жұмыс бастамас бұрын алдымен қауіпсіздік ережесін еске түсіру. <i>2-тапсырма. Кірпі жасау</i> «Сүйкімді кірпі» бейнежазбасын көрсетеді. Соған байланысты қойылған оқушылардың сұрақтарына жауап береді. <i>Қажетті құрал-жабдықтар:</i> қоңыр, қызыл жұмсақ қағаз және ақ қатырғықағаз, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім, қима қағаздар, фломастер. <i>Жұмыстың орындалу реті:</i> 1. Ақ қатырғықағазға кірпінің бас бөлігі үлгісінің сұлбасын сызып, қиып ал. 2. Қара түсті жұмсақ қағаздан кірпінің тікенегін сырнайша етіп толық бүкте. Бүктеменің дәл ортасынан тағы бір бүктеп, ортаңғы жағын бір-біріне желімде. 3. Бүктелген қоңыр түсті тікені мен басын біріктіріп желімде. 4. Кірпінің мұрынын, көзін қара түспен дөңгелектеп қиып алып, желімде. 5. Қызыл қағаздан алма пішінін қиып алып, кірпінің арқасына жабыстыр.	Практикалық жұмыс жасар алдында қауіпсіздік ережесін қайталайды. Кірпіні жасау туралы бейнежазбаны көреді. Мұғалімнің көмегіне сүйене отырып, үлгі бойынша кірпіні жасайды. Кірпі жасау үшін қоңыр, қызыл жұмсақ қағаз және ақ қатырғықағаз, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім, қима қағаздар, фломастер алады. Дескриптор: Бүктеп, сызып, қиып кірпіні жасайды.  	 Шаршы арқылы бағалау	Бейнежазба https://youtu.be/dzymS-kpNZ8
Сабақтың соңы	Сергіту сәті Өлеңді хормен айтып, қимылдар жасату. <i>Ал, балалар, тұрайық,</i>	Оқушылар өлең жолдарын хормен айтып, іс-әрекеттер арқылы жасайды.		Сергіту сәті

	<i>Алақанды ұрайық, Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Бір отырып, бір тұрып, Бойымызды созайық, Белімізді жазайық.</i> «Шеринг» әдісі Бүгінгі тақырыпқа байланысты сұрақ қояды: - Қағаз ең алғаш қай елде шыққан? - Қағаз неден жасалады? - Қағаздың қандай түрлерін білесің? - Бүгінгі сабақта қандай қағаз түрлерін қолдандық?	<i>«Шеринг» әдісі</i> бойынша үш топқа бөлініп, шеңбер жасап, өтілген тақырып бойынша ойларын жинақтап, кезекпен жауап береді. - Алғаш рет қағаз Қытай елінде шыққан. - Қағаз ағаштан жасалады.		
Рефлексия	«Білім гүлі» әдісі Оқушыларға сабақ соңында үш түрлі гүл таратылады. <i>Сары түс – сабақты жақсы түсіндім</i> <i>Жасыл түс – мен үшін қызықты болды</i> <i>Қызыл түс – әлі де ізденуім керек</i>	Оқушылар білім гүлі арқылы өз жұмыстарының нәтижесі оқу мақсатына қаншалықты жеткендігін және өзінің біліміне қаншалықты сенімді екендігін көрсетеді.		 «Білім гүлі» әдісі Blue flower: Оқу мақсаты менің білімімді қаншалықты жеткізді? Yellow flower: Мен сабақты қаншалықты жақсы түсіндім? Red flower: Тақырып бойынша өзім білетіндерім қаншалықты көп?

Пәні:	Еңбекке баулу		
Күні:			
Бөлім:	Менің мектебім		
Педагогтің аты-жөні:			
Сынып: 1	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	5-сабақ ТАБИҒИ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ		

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.1.4.1 шығармашылық жұмысқа қажет материалдардың түрлерін анықтау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Табиғи материалдардың түрлерін және оларды сақтау жолдары туралы толық ақпарат біледі. Табиғи материалдарды сақтауға, кептіруге арналған хатқалтаны өз қолдарымен жасау тәсілдерін меңгереді.			
Құндылықтар	Табиғатты қорғау, көркемдік, табиғи байлықты бағалау, ауызбіршілік			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. Психологиялық ахуал орнату. «Жылы алақан» әдісі Ә. Ысқақовтың «Өсіп келе жатырмын» өлеңін хормен айтқызу. Менің мектебім, менің досым, менің сыныбым, мектебімдегі асхана, мектебімнің кітапханасы деген тақырыпта оқушылардың ойын сұрау.	Оқушылар шеңбер жасап тұрады. Бір-бірінің қолдарын ұстап, жылы алақандарын сезіп, Ә. Ысқақовтың «Өсіп келе жатырмын» өлеңін хормен айтады. Ойымен бөліседі: Менің мектебім әдемі, жарық, жылы. Мектепте менің достарым көп, достарыммен асханаға, кітапханаға барамыз, ойнаймыз.		 
Сабақтың ортасы	«Бұл не?» әдісі Оқушы дорбада жасырылған әр затты көрмей ұстап, сипаттайды. Басқа оқушылар табуы тиіс. Дорбада жапырақ, бүр, жаңғақ, тас, қауырсын, сабан, құм, жүн т.б. болады. Сұрақ: – Балалар, дорбаның ішіндегі бұл заттардың осы сабаққа қандай қатысы бар деп ойлайсыңдар? Оқушылардың толық сөйлеммен жауап беруі үшін жетекші сұрақ қойып,	Оқушы дорбаның ішіндегі заттарды сипап ұстайды, сипаттайды. Басқа оқушылар ол заттың не екенін табады. Оқушылар сұраққа қатысты өз ойларын айтады.	 Ақылдым сол!	

Тыңдалым  https://qrmedia.kz/8CZee	тақырыпты ашуға, толық сипаттама беруге жетелейді. Оқушы жауаптары тыңдалып, сабақтың тақырыбы мен мақсаты анықталады. Мұғалімнің түсіндірмесі Бейнежазбаны көрсету. Табиғат – адам өміріндегі асыл қазына. Адам жаратылысынан бері табиғатта кездесетін ағаш, тас, құм, шөп т.б. өз керегіне жарата білген. Адам – өз жерінің қожасы. Сондықтан жердегі өсіп тұрған заттарды өз керегіне жарата отырып, одан әртүрлі бұйымдар жасаған. Табиғаттан керегін ала білумен қатар адам табиғатты аялап, сақтау қажеттілігін де ұмытпаған. Табиғи материал түрлерін сақтау жолдары әртүрлі. Сергіту сәті «Көңілді күн» әуенімен жаттығу жасау. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС – Балалар, бүгінгі сабақта біз табиғи материалдарды сақтау үшін хатқалта жасаймыз. Жұмыс бастар алдында қауіпсіздік ережесін еске түсіру. <i>1-тапсырма</i> Табиғи материалдарды сақтауға арналған хатқалта жасау Бейнежазба көрсетіледі. <i>Қажетті құрал-жабдықтар:</i>	Оқушылар бейнежазбаны көріп, мұғалімнің түсіндірмесін мұқият тыңдайды. Табиғат адам өміріндегі ең керекті қазына көзі екенін біледі. Табиғи материалдармен танысады, сұрыптау және сақтау жолдарын есінде сақтайды. «Көңілді күн» әуеніне би жаттығуын жасайды. Қауіпсіздік ережесін естеріне түсіреді. Оқушылар шығармашылық идеяларды жоспарлау және әзірлеу кезінде түрлі материалмен және құралдармен жұмыс істеу дағдыларын меңгере отырып, материалдардың ерекшелігіне қарай пішінін, көлемін анықтайды. Қию, бұгу, бүктеу, желімдеу		Бейнежазба https://youtu.be/rneIUQYFAiw Сергіту сәті https://youtu.be/xyS4WWbtttM Қауіпсіздік ережесі QR код арқылы бейнежазба
---	--	---	--	--

	А4 пішінді түрлі түсті қағаз, қайшы, желім, желім жағатын қылқалам. <i>Жұмыстың орындалу реті:</i> 1. Өзіңе ұнаған түрлі түсті А4 пішінді қағазды дайында. 2. Қағазды ұзынынан қойып, жоғарғы жағынан 5 см қалдырып, жоғары қарай ортасынан бүкте. 3. Жоғарғы 5 см-ді жоғарыдан төмен қарай бүкте, 5 см бүктелген оң және сол жақ бұрыштарын үшбұрыш етіп қиып ал. 4. Екі жиегін желімде. Хатқалта дайын.	тәсілімен хатқалта жасайды.  Дескрипторы: 1. Дайын қалыпқа қарап үйрене отырып, хатқалта жасайды. 2. Жұмысын аяқтаған соң жұмыс орнын жинайды.	 <i>Жарайсың! Сен мені бүгін қуанттың!</i>	
Сабақтың соңы	«Сұрақ ілмегі» әдісі - Табиғи материалдарға нелер жатады? - Табиғи материалдардан қандай бұйымдар жасалады? - Табиғи материалдарды сұрыптау және сақтау жолдары қандай?	«Сұрақ ілмегі» әдісімен берілген сұрақтарға жауап береді. Табиғи материалдарға нелер жатады, не жасауға болады, бүгін не жасағандары жайлы айтады.		
Рефлексия	«Алмаағашы» әдісі Оқушыларға сабақ басында екі түсті алма беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. <i>Жасыл түсті алма – мен бәрін жақсы орындадым, көңіл күйім көтеріңкі</i> <i>Қызыл түсті алма – мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл күйім жоқ</i>	Оқушылар алмаағашы арқылы өз жұмыстарының нәтижелері бойынша оқу мақсатына қаншалықты жеткендігін және өзінің біліміне қаншалықты сенімді екендігін көрсетеді.		

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Менің мектебім			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	6-сабақ МЕКТЕП АУЛАСЫНА СЕРУЕН			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.2.2.1 қарапайым тәсілдермен материалдардың құрамын зерттеу және дайындау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Оқушыларды табиғатты құрметтеуге, табиғи материалды сұрыптай білуге баулу.			
Құндылықтар	Табиғатты қорғау, көркемдік, табиғи байлықты бағалау, ауызбіршілік			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. Психологиялық ахуал орнату. «Үш шапалақ» әдісі Балалар, көңіл күйлерің қандай? Сабаққа дайынсыңдар ма? Бүгінгі сабақтың соңына дейін осындай белсенді боламыз ба?	Оқушылар сабақты бастамас бұрын бір-бірімен амандасады. Бүгінгі көңіл күйлері туралы ой бөліседі. Оқушылар мұғалімнің сұрақтарына шапалақ арқылы жауап береді. 1 шапалақ соғады 2 шапалақ соғады 3 шапалақ соғады	«Үш шапалақ» әдісі	 1 2 3

Сабақтың ортасы	«Сұрақтарға жетіп ал» әдісі Оқушының өз бетінше жұмыс жасау, сұрақ қою дағдыларын дамыту. Қызыл доп ұстаған оқушы сұрақ қояды, сары доп ұстаған оқушы сұраққа жауап береді. - Күз сендер үшін басқа мезгілдерден несімен ерекше? - Күз мезгілінде қандай өзгерістер байқайсыңдар? - Қандай табиғи материалдарды білеміз? Қарапайым әдістер мен тәсілдерді пайдаланып, материалдарды (көркемдік, табиғи және жасанды) және құралдарды қолдану жөнінде эксперимент жүргізу. Мектеп ауласындағы табиғи материалдармен танысу. Жапырақтар, қиыршықтастар, бүрлерден гербарий жинау кезінде қолдарымен ұстап көреді, зерттейді. Мұғалімнің түсіндірмесі «Талқыла, қорытындыла» әдісі 1-тапсырма. - Балалар, бүгін біз далаға серуенге шығамыз. Мектеп ауласына серуендеуіміздің мақсаты – ертеңгі шығармашылық жұмысқа табиғи материалдар жинау. Серуенге шықпас бұрын серуен кезіндегі қауіпсіздік ережесін есімізге түсірейік. Сергіту сәті «Күн, жер, су» ойын-жаттығуы «Күн» деген кезде оқушылар	Оқушылар сұрақ қояды және жауаптарын ықылас қойып тыңдайды. <i>Жауаптар:</i> Күз мезгілінде менің туған күнім болады. Дала сап-сары түске боялады. Ағаш, жапырақ, қиыршықтастар т.б. Бұл әдіс бойынша оқушылар өзінің ойымен бөлісіп, талқылайды, қорытынды жасайды. Қағаз түрлеріне сипаттама беріп, зерттеу жүргізеді. Оқушылар ұстаздарымен мектеп ауласындағы табиғатқа серуенге шығады. Мектеп ауласындағы табиғи материалдарды қолдарымен ұстап, сезеді, жинайды (қатты, жұмсақ, сындырып көреді). Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелерін тыңдап, серуен кезінде оны сақтайды.	Өзін-өзі бағалау Смайл арқылы бағалау Өзін-өзі бағалау	       Сергіту сәті
-------------------------------	--	--	---	--

 https://qrmedia.kz/teHPH	қолдарын жоғары көтереді. «Су» деген кезде қолдарымен жүзу әрекеттерін жасайды. «Жер» деген кезде орындарына отырады. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС Жұмыс бастар алдында қауіпсіздік ережесін еске түсіру. <i>2-тапсырма.</i> Табиғи материалдарды хатқалтаға жинау Бейнежазба көрсету. Жерге түскен жапырақтар, майда тастар, бүрлер, бұтақтар, жаңғақтар, қауырсындар т.б. жинап, жеке-жеке хатқалтаға сақтау үшін салу. Сыртына атауын жазып қою.	Ойын-жаттығуды орындайды. Мұғалімнің айтуына қарай іс-әрекеттерді жасайды. Дескрипторы: 1. Қажетті материалды анықтайды, жинайды. 2. Қауіпсіздік ережесін еске түсіреді, сақтайды. 3. Келесі сабаққа қажетті әртүрлі табиғи материалдарды сұрыптап топтастырады (майда тастар, жапырақтар, бүрлер, бұтақтар т.б.).	Смайл арқылы бағалау 	Қауіпсіздік ережесі Бейнежазба Хатқалта 
Сабақтың соңы	Сергіту сәті «Мен таптым» ойын-жаттығуы Бұл ойын-жаттығу серуенде жүргенде ойнатылады. Мұғалімнің айтуы бойынша іс-әрекеттер жасату.	Оқушылар дөңгелене тұрады, кезекпен бірден жетіге дейін санайды. Жеті санын айтатын адам «жеті» деудің орнына «Мен таптым», – деп айтуы керек. Жаңылысқан бала ойыннан шығады.		Сергіту сәті
Рефлексия	«Күнишуақ» әдісі Тақтада Күн орнатылған, балаларға сары және көгілдір түстер сәулелер таратылады. Оларды Күнге жапсыру керек. <i>Сары түсті сәуле – сабақ ұнады, қызықты ақпараттар алдым</i> <i>Көгілдір түсті сәуле – сабақ қызық емес, мен үшін маңызды ақпарат болған жоқ</i>	Оқушылар сары және көгілдір түсті сәулелерді Күнге жапсырады. Оқу мақсатына қаншалықты жеткендігін және өзінің біліміне қаншалықты сенімді екендігін көрсетеді.		

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Менің мектебім			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	7-сабақ ТАБИҒИ МАТЕРИАЛДАРДАН ПАННО ЖАСАУ			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.3.2.1 мүмкіндігіне қарай орындалатын жұмысты талқылау және бағалау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Оқушылардың білімін жүйелендіру, шеберлік деңгейін арттыру арқылы табиғаттың әсемдігі мен сұлулығын бағалай білуге үйрету. Табиғи материалдардан өз бетінше жұмыс жасауды меңгерту.			
Құндылықтар	Табиғатты қорғау, көркемдік, табиғи байлықты бағалау, ауызбіршілік			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. Психологиялық ахуал орнату. «Мадақтау» әдісі - Балалар, мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Күніміз көңілді, достықта өтсін деп, бір-бірімізбен қол ұстасып, шаттық шеңберін құрып, көңілді күй сыйлайық. Бір-бірімізге мадақ айтайық.	Оқушылар шағын топтарға бөлінеді. Бір-біріне мадақ сөздер айтады. Сен бүгін әдемісің. Мен сені шыншылдығың мен әділеттілігің үшін сыйлаймын. Сен өте әдепті жансың. Маған сенімен бір топта жұмыс жасау ұнайды т.б.	Бірін-бірі мадақтау	
Сабақтың ортасы	«Кластер» әдісі Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды жинақтап, тұжырымдау. Табиғи материалдарға нелер жатады? Табиғи материалдардан қандай бұйымдар	«Кластер» әдісі бойынша тақырыптардың байланысы туралы сұрақтарға жауап іздейді, идеяларды жинақтайды. Сұрақтарға жауап береді.	«Көңілді дөңгелек шелер» Дұрыс жауап	

Панно туралы мағлұмат	жасалады? Сұрыптау және сақтау жолдары қандай? Күз мезгілінде қандай өзгерістер байқалады? Мұғалім оқушыларға аудиожазба арқылы панно туралы мағлұматты тыңдатады. Мұғалімнің түсіндірмесі Панно туралы түсініктеме беру, оның жасалу жолдарын түсіндіру. Табиғи материалдармен жұмыс жасау тәртібін үйрету. Панно туралы түсініктеме беру, оның жасалу жолдарын түсіндіру. Табиғи материалдармен жұмыс жасау тәртібін үйрету. Сергіту сәті <i>Қолдарыңды көтеріңдер – «бір» дейік. Көп отырып, қатты шаршап жүрмейік. Қолды создық, басты бұрдық – «екі» деп, Қозғалыспен әрбір адам жетіледі. Алга, артқа қарадық та – «үш» дедік, Тағы жаңа жаттығулар істедік. Түсірейік қолды «төрт» пен «бесті» айтып, Отырайық көңілді енді марқайтып.</i> ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС Жұмыс алдында қауіпсіздік ережесін еске түсіру. <i>1-тапсырма.</i> - Балалар, бүгінгі сабақта біз табиғатқа серуен кезіндегі жинаған табиғи материалдармен панно жасаймыз. Ол үшін хатқалтадағы табиғи материалдарды аламыз. «Көбелек» бейнежазбасын көрсету арқылы	Бүгінгі тақырып бойынша табиғи материалдардан гербарий жасау идеяларын айтады, талқылайды. Аудиожазба арқылы панно туралы мағлұматты тыңдайды, панно түрлерімен танысады. Панно қоғамдық мәдени орындарын, үй ішін көркемдеу үшін жасалған өнер туындысы екенін біледі. Табиғи материалдардан сәндік панно жасаудың қыр-сырын біледі. Сергіту сәтін жасау. Оқушылар мұғалімнің нұсқауымен Б. Бөрібаевтің өлең шумақтарын мұғаліммен бірге қайталап, сергіту сәтін жасайды. Сергіту сәті санамақ және жаттығу ретінде орындалады. Қауіпсіздік ережесін естеріне түсіреді. Оқушылар мүмкіндігіне қарай орындалатын жұмыстарына талқылау жасап, өзін-өзі бағалайды. Көбелек жайлы бейнежазбаны тамашалайды. Мұғалімнің көмегімен табиғи материалдардан «Көбелек» панносын	берген, ұтымды идея айтқан оқушыға көңілді дөңгелек- ше беру Смайл арқылы бағалау  Оқушылардың бірін-бірі бағалауы (жасаған жұмыста-	QR код Б. Бөрібаевтің өлең шумақтары мен сергіту сәті Қауіпсіздік ережесі
--	---	--	--	---

 https://qrmedia.kz/5FqKK	көбелек туралы мағлұмат беру. <i>2-тапсырма. «Көбелек» панносын жасау</i> <i>Қажетті құрал-жабдықтар:</i> өздеріне ұнаған қатырғықағаз, түсті қағаз, пішімі қанатқа келетін үлкен және кіші жапырақтар дайындау. <i>Жұмыстың орындалу реті:</i> 1. Көбелектің денесі ретінде қалыңдау ағаш бұтағын қойып, желімде. 2. Екі үлкен жапырақты астыңғы қанат етіп желімде. 3. Екі кішкентай жапырақты үстіңгі қанат ретінде жабыстыр. 4. Ағаштың жіңішке шыбығынан екі мұртша жасап, желімде. Жұмысты аяқтаған соң жұмыс орындарын жинап, қолдарын жуу. Сергіту сәті Көбелектің іс-әрекетін жасайды (бейнежазба).	жасайды. Табиғи материалдардан панно жасау барысында компоненттерді өлшейді, белгілеп, қиып, пішінін келтіріп, жинақтап, қосады және біріктіреді. Дескрипторы: 1. Өздеріне ұнаған қатырғықағаз, түсті қағаз, пішімі қанатқа келетін үлкен және кіші жапырақтарды таңдап алады. 2. «Көбелек» панносын рет-ретімен жасайды. Жұмысты аяқтаған соң жұмыс орындарын жинап, қолдарын жуады.  Сергіту сәтін орындайды.	рын бір-біріне көрсетіп, бірін-бірі бағалайды)	QR код Сергіту сәті https://youtu.be/xL3eGHgWdTI
Сабақтың соңы	<i>Бүгінгі сабақта не жасадық?</i> <i>Панно дегеніміз не?</i> <i>Оны не үшін пайдаланады?</i> <i>Қандай еңбек құралдарын қолдандық?</i>	Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Қандай еңбек құралдарын қолданғаны туралы айтады.		
Рефлексия	«Пантомима» әдісі Оқушылар жүргізілген жұмыстар бойынша өз пікірлерін пантомима арқылы білдіреді. <i>Қолдарын жоғары көтерсе – сабақ жақсы өтті</i> <i>Басын төмен қаратса – қанағаттанарлық</i> <i>Бетін қолымен жапса – сабақ ұнамағаны</i>	Сабақ ұнаса, қолдарын жоғары көтереді. Сабаққа қанағаттанса, басын төмен қаратады. Ұнамаса, қолымен бетін жабады.		

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Менің мектебім			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	8-сабақ СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ГҮЛ			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.3.1.1 өзінің жұмысын таныстыру (көрме) 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Табиғи материалдардан панно жасау арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту. Талдау арқылы бағалап, жасаған жұмыстарынан таныстырылым жасауды үйрету.			
Құндылықтар	Табиғатты қорғау, көркемдік, табиғи байлықты бағалау, ауызбіршілік			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. Психологиялық ахуал орнату. «Бір қадам алға» әдісі Мұғалім есіктен кіргеннен өткен сабақтарға байланысты сұрақтар қояды. Жауап дұрыс болса, бір қадам алға жылжиды, қате болса, бір қадам артқа шегінеді. Мұғалім үстеліне жеткенше, бірнеше сұрақ қою арқылы оқушылардың зейінін сабаққа шоғырландырып алады.	Оқушылар сабақты бастамас бұрын бір-бірімен амандасады. Бүгінгі көңіл-күйлері туралы ой бөліседі. Оқушылар өткен тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап береді. Қағаз неден жасалады? Панноның қандай түрлерін білесің? Өткен сабақта не жасадық?	Смайл арқылы бағалау 	
Сабақтың ортасы	«Жұптас, ойлас, бөліс» әдісі Оқушылардың топтық білімді жинақтап, ынтымақтаса жұмыс жасай отырып,	Оқушылар жұптаса отырып, топта білімдерін жинақтап, өз ойын еркін түрде ортаға салып бөліседі.	Ауызша	

	өз ойларын еркін, анық түрде жеткізе білуіне ықпал ету. - Балалар, біз «Менің мектебім» атты бөлімде не істедік? - Қандай материалдармен таныс болдық? - Табиғи материалдарға нелер жатады? - Табиғи материалдарды жинау және сақтау жолдары қандай? - Күз мезгілінде қандай өзгерістер бар? Өткен сабақтағы панно туралы түсініктерін қайта толықтырып сұрау. Табиғи материалдармен жұмыс жасау тәртібін қайта естеріне түсіру. Панно түрлерін қайталау. - Балалар, бүгін біз табиғи материалдардан сыныпқа арналған гүл панносын жасаймыз. Толық жасаған жұмыстарымызды «Менің қолымнан келеді» атты стендке іліп, көрме ұйымдастырамыз. Сергіту сәті «Қызыл гүлім-ай» әніне би қимылдарын жасау. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС Жұмыс алдында қауіпсіздік ережесін еске түсіру. <i>1-тапсырма. «Гүл» панносын жасау</i> Бейнежазба көрсетіледі. <i>Қажетті құрал-жабдықтар:</i> грек жаңғағының сырты, сары, жасыл, қызыл түсті ермексаз, акварель бояуы немесе гуашь, үлгі.	«Менің мектебім» бөлімінен алған білімдерін ортаға салады, танысқан материалдарын айтады. Өздерді жинаған табиғи материалдарды және оны қалай сақтағандары жайлы айтады. Табиғи материалдарды естеріне түсіріп, толықтырады. Панно түрлерін қайталайды. «Қызыл гүлім-ай» әніне би қимылдарын жасайды. Табиғи материалдардан бұйымдар жасау кезіндегі қауіпсіздік ережесін естеріне түсіреді. Қажетті материалдармен, үлгі бойынша рет-ретімен «Гүл» панносын жасайды. Дескриптор: 1. Қатырғықағазды таңдап алады. 2. «Гүл» панносын рет-ретімен жасайды.	бағалау (мұғалім әр баланың жауабын ауызша бағалайды) Жарайсың! Тамаша! Бәрекелді! Ауызша	Сергіту сәті https://youtu.be/sPX27NNVWCY Қауіпсіздік ережесі Бейнежазба
--	---	--	--	---



<https://qrmedia.kz/0hymz>

Жұмыстың орындалу реті:

1. Сұр түсті ермексаздан гүлдің ортасын дөңгелек етіп жасап, қатырғықағаздың ортасына жабыстыр.
 2. Грек жаңғағы қабығының 5 (бес) данасын дөңгелекті айналдыра гүл күлтелері сияқты жабыстыр.
 3. Жасыл түсті ермексаздан гүлдің сабағын есіп жасап, астыңғы бөлігіне жабыстыр.
 4. 2 (екі) грек жаңғағын гүлдің екі жапырағы етіп жапсырып, жасыл түспен боя. Гүлдің ортасына басқа түсті ермексаз жабыстыр.
 5. Дайын болған гүлді гуашь немесе акварель бояуымен боя.
 6. Бір жаңғақты суреттің жоғарғы жағына Күн ретінде жабыстырып, сары түске боя, сәулелерін жаса.
- Жұмыс аяқталған соң оқушылар жұмыс орындарын жинап, қолдарын жуады.

Сұрақтар:

Панно дегеніміз не?

Панноның неше түрі бар?

Панноның ерекшеліктері қандай?

Балалардың бүгінгі жасаған жұмыстарын жинақтап, көрме ұйымдастырады.

3. Ермексазбен, желіммен жұмыс жасайды.
4. Жұмыс аяқталған соң жұмыс орындарын жинап, қолдарын жуады.



Сұраққа жауап береді, панноның ерекшеліктері туралы айтады.

Бүгінгі жасаған жұмыстарын бір-біріне көрсетеді.
Жасаған гүл панноларын «Менің қолымнан келеді» атты көрмеге ұсынады.

бағалау
(мұғалім
әрбір баланың
жауабын
ауызша
бағалап
отырады)

Жарайсың!
Тамаша!
Бәрекелді!

Сабақтың соңы

Сергіту сәті

«Гүлмен тілек» әдісі

Оқушылар арасында жағымды ахуал туғызу. Оқушылар бір-біріне жағымды тілектер айтады.

Оқушылар арнайы дайындалған гүлді ұстап тұрып, бір-біріне тілек тілейді.

Менімен бір сыныпта оқығаның үшін саған рақмет!

Ауызша
бағалау

Жарайсың!
Тамаша!

Сергіту сәті



	Бүгінгі сабақта бөлімді бекіту мақсатында өздерінің жасаған бұйымдарынан таныстырылым жасату, көрме ұйымдастыру.	<i>Бүгінгі сабаққа сен жақсы қатыстың. Сен керемет дос бола білетін жансың.</i>	Бәрекелді!	
Рефлексия	«Түсті карточкалар» әдісі Сабақтың басында оқушылардың әрқайсысына көк және қызыл карточкалар таратылады. Сабақтың барысында оқушылардың көңіл күйін қолдарындағы карточкалары арқылы біліп отырады. Ол үшін мұғалім: - <i>Бүгінгі сабақ қалай болды?</i> – деп сұрайды. Оқушылар көк немесе қызыл карточкасын көрсетеді.	Оқушылардың жасаған жұмыстарынан бөлімді бекіту мақсатында таныстырылым жасалады. «Менің мектебім» тақырыбында көрме ұйымдастырылады. Оқушылар алдарындағы қызыл немесе көк карточканы көрсетіп, кері байланыс беріп отырады. <i>Көк – көңіл күйім жақсы</i> <i>Қызыл – көңіл күйім нашар</i>		Түсті карточкалар 

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Менің отбасым және достарым			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	9-сабақ ҚАҒАЗДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.1.1.1 материалдың атауын білу 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Қағаздың түрлері мен қасиеттерін түсіндіру, сарамандық жұмыс жасау арқылы шығармашылық идеяларын дамыту.			
Құндылықтар	Адамгершілік, ауызбірлік, ынтымақтастық			
Сабақтың барысы				
Сабақтың	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар

кезеңі/уақыты				
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. Психологиялық ахуал орнату. «Заряд алу» әдісі Оқушыларды шеңбер бойына тұрғызады. Бір-бірінің қолдарын қысып, тілектерін айтады. Бір рет қысса, бір тілек айтады, екі рет қысса, екі тілек. ЖАДА, жағымды ахуал қалыптастыру. - Бұл бөлімде біз қағазбен және әртүрлі табиғи және жасанды, тығыз және жұмсақ материалдармен жұмыс істейміз.	Оқушылар сабақты бастамас бұрын бір-бірімен амандасады. Бүгінгі көңіл күйлері туралы ой бөліседі. «Заряд алу» әдісі бойынша бүгінгі сабаққа оқушылардың көңіл күйлері көтеріледі. Шеңбер жасап тұрып, бір-бірінің қолын қысу арқылы жасалады.		
Сабақтың ортасы	«Зерттеушілік конференциясы» әдісі Мұғалім оқушыларға «Менің отбасым және достарым» атты бөлімді бастайтындықтарын түсіндіріп, осы бөлімге байланысты бірнеше сұрақ қояды. Сұрақтар: - Отбасыңда неше жан бар? - Отбасың туралы әңгімелеп бер. - Ата-әжең бар ма? - Сені қалай еркелетеді? - Сенің жақын досың бар ма? - Отбасы мүшелерінің әрқайсысының үйдегі міндеті қандай? - Үйде іс тігумен кім айналысады?	«Зерттеушілік конференциясы» әдісі бойынша бүгінгі жаңа бөлім туралы мұғалімнің қойған сұрақтарына жауап беріп, пікірін білдіреді. Отбасы және досы туралы өз ойымен бөліседі. Өзінің отбасы туралы әңгімелеп береді. Отбасында неше жан бар екенін айтады. Ата-әжесі жайлы, олар қалай еркелететінін айтып береді. Мысалы: қошақаным, ботам, ақылдым, құлыным, Бүгінгі сабақта әр отбасыға қажетті жұмсақ, тығыз қатырғықағаздан инетүйрегіш	Дұрыс жауап берген оқушыларға смайл беру  	

	Инені қайда қыстырасыңдар? - Инені кез келген жерге іле салуға бола ма? Ондай жағдайда қандай қауіп төнуі мүмкін? - Инетүйрегіш не үшін қажет? - Олай болса, біз бүгін жапыраққа қонып отырған қоңыз пішініндегі инетүйрегіш жасаймыз. - Жапырақтың пішінін жасау үшін қағазды қолданамыз. Мұғалімнің түсіндірмесі Қағаздың қасиеттері туралы мағлұмат береді. Тақырып бойынша өз пікірін айтуға бағыттайды. Жаңа сабақты түсінгендігін анықтау мақсатында сұрақтар қояды. - Қағаз неден жасалады? - Қағаздың қандай түрлерін білесің? - Қағаз туралы қандай қызықты нәрселерді білесің? Сергіту сәті «Тербеледі ағаштар» өлең шумақтарымен сергіту. <i>Тербеледі ағаштар, Алдымен жел еседі. Кіп-кішкентай балалар, Үп-үлкен боп өседі.</i> Оқушылар хормен өлеңді айта отырып, қимылдар жасайды. <i>1-тапсырма.</i> - Балалар, бүгін жұмсақ, тығыз, қатырғықағаздан жасалатын әр отбасыға қажетті «Қанқыз» атты ине түйрегіш жасаймыз.	жасайтындары туралы біледі. Мұғалімнің қағаздың қасиеттері туралы мағлұматын тыңдайды. Өз білімін нақтылау үшін мұғалімнің қойған сұрақтарына жауап береді. Дескрипторы: 1. Өткен материалдарды, қағаз түрлерін қайталап есіне түсіреді. 2. Қағаздың қасиеттері туралы мағлұмат алады. «Тербеледі ағаштар» өлең шумақтарын хормен айтып, қимылдар жасап, бой сергітеді. Жұмысты бастамас бұрын бейнежазба көреді, жұмыстың жасалу ретін мұқият қарап, түсінеді. Қағаздан бұйымдар жасау	Стикер арқылы бағалау (мұғалім бүгінгі сабақ соңында сабаққа белсенді қатысқандарына қарай әртүрлі стикер арқылы бағалайды) «Басбармақ» әдісі бойынша бағалау 	Сергіту сәті «Тербеледі ағаштар» Қауіпсіздік ережесі
--	---	--	--	---



<https://qrmedia.kz/uM8bm>

Бейнежазбадан жұмыстың реттілігін мұқият қарап алайық.

ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

Жұмыс бастар алдында қауіпсіздік ережесін еске түсіру.

2-тапсырма. «Қанқыз» пішінді инетүйрегіш жасау

Қажетті құрал-жабдықтар: жасыл қатырғықағаз, қызыл мата, мақта, қайшы, ПВА желім, қара фломастер.

Жұмыстың орындалу реті:

1. Жасыл түсті қатырғықағазға дайын жапырақ үлгісін қойып, бастырып сыз және екі жапырақ қиып ал.
2. Бір жапырақтың ортасын дөңгелек етіп ойып ал.
3. Қызыл матадан дөңгелек қиып ал.
4. Ортасы ойылған жапырақтың үстіне қызыл дөңгелек матаны сал.
5. Қызыл дөңгелек матаның ортасына мақтаны сал.
6. Екі жапырақты біріктіріп, желіммен жабыстыр.
7. Дайын болған жұмыстың үстіне қанқыздың мұртшасы мен аяқтарын қара фломастермен сал.

кезіндегі қауіпсіздік ережесін естеріне түсіреді

Практикалық жұмысқа қажетті материалдарды дайындап алады (жасыл қатырғықағаз, қызыл мата, мақта, қайшы, ПВА желім, қара фломастер).

Дескрипторы:

1. Үлгіге қарап пішіндерді сызып, қиып, желімдеп біріктіреді.
2. Практикалық жұмыс жасап болған соң жұмыс орындарын жинап, қолдарын жуады.



Қанқыз жасау бейнежазбасы QR арқылы көрсетіледі

Сабақтың соңы	Сергіту сәті Бейнежазбадағы қимылдарды жасату арқылы сергу.	Бейнежазбадағы іс-қимылды жасайды.		Сергіту сәті https://youtu.be/8vKx9dyVAo8
Рефлексия	«Білім баспалдағы» әдісі Оқушылар өзінің қай жерде тұрғанын төмендегі сұрақтарға жауап беру арқылы белгілейді. Сабақта маған не пайдалы болды? Сабақта маған не қызықты болды? Сабақта маған не қиын болды?	Оқушылар білім баспалдағында өзінің қай сатыда тұрғанын сұрақтарға жауап беру арқылы көрсетеді.		https://youtu.be/aKThIDWQmks «Білім баспалдағы» әдісі

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Менің отбасым және достарым			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	10-сабақ ДОСЫМА КЕМЕ ЖАСАЙМЫН			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.2.2.1 қарапайым тәсілдермен материалдардың құрамын зерттеу және дайындау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Оқушыларға қарапайым әдіс-тәсілдер арқылы қағаздан кеме немесе қайық жасау жолдарын үйрету негізінде эстетикалық талғамдарын қалыптастыру.			
Құндылықтар	Ұйымшылдық, ауызбіршілік, достық, үнемшілдік			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. <i>Амансың ба, алтын Күн!</i> <i>Амансың ба, Жер ана!</i> <i>Амансың ба, достарым,</i> <i>Сендерді көрсем қуанам!</i> Оқушыларды түгендеу.	Оқушылар сабақты бастамас бұрын мұғаліммен және сыныптастарымен амандасады. Оқушылар мұғаліммен бірге хормен сәлемдесу тақпағын айтады.		
Сабақтың ортасы  Көлік түрлері	«Екі дұрыс, бір бұрыс» тәсілі Оқушыларға өткен тақырып бойынша екі дұрыс, бір бұрыс жауабы бар сұрақтар қойылады. <i>Қағаз неден жасалады?</i> <i>Қағазды не үшін пайдаланамыз?</i> <i>Қағазды қалай үнемдеу керек?</i> Біз бүгін қағазбен жұмыс істеуді жалғастырамыз. Қағаздың қасиеттерін еске түсіріңдер. Мұғалімнің түсіндірмесі – Балалар, біз көлік түрлері бейнеленген бейнебаянды көреміз. Көліктер туралы мағлұмат береді. ✓ Қандай көлік түрлерін көрдіңдер? ✓ Қайсысы сендерге таныс? ✓ Сендерге қай көлік түрі ұнайды? ✓ Қай көлік түріне отырып көрдіңдер? ✓ Ал енді, балалар, суретке назар салыңдар! Сергіту сәті <i>Біз балдырған баламыз,</i> <i>Құстай қанат қағамыз.</i> <i>Дүниені аралап,</i> <i>Оқып, білім аламыз.</i> <i>Көзді салып қараңыз,</i> <i>Былай қанат қағамыз. /Б. Бөрібаев/</i>	«Екі дұрыс, бір бұрыс» тәсілі бойынша мұғалімнің екі дұрыс, бір бұрыс жауабы бар сұрақтарына жауап береді. Оқушылар бейнебаянды тамашалайды. Мұғалімнің түсіндірмесін мұқият тыңдайды. Дескрипторы: 1. Бейнежазбадағы көлік түрлерімен танысады. 2. Көліктің қандай түрлері бар екенін, атауларын біледі. Көлік түрлері: су көлігі, теміржол көлігі, әуе көлігі, автокөлік, қоғамдық көлік. Оқушылар мұғалімнің нұсқаулығымен хормен айта отырып, сергіту сәтін жсайды.	Басбармақ арқылы бағалау  Жұлдызша арқылы бағалау 	QR код

	Мұғалімнің түсіндірмесі Қарапайым тәсілдермен материалдардың құрамын зерттеу барысын орындауды түсіндіреді. Қағазды өлшеу, белгілеу, қию, пішінін келтіру, жинақтау, қосып біріктіру жолдарын естеріне түсіріп, қайталайды. 1. Оқушылар қолдарына ақ қағазды және түрлі түсті қағазды, қатырғықағазды алып, құрамына мән беріп, шағын зерттеу жұмысын жүргізеді (қағаздың түсі, қалыңдығы, тығыздығы). 2. Қатырғықағаз бен А4 қағазын алып, бүктеу жолдарын көрсетеді. 3. Алдымен қатырғықағазды 3-4 рет бүктейді, қатырғықағазды екі рет бүктеуге болатынын, бірақ бүктеудің қиындығын айтады. Екі реттен артық бүктей алмайтынына көздерін жеткізеді. Қатырғықағазды бірнеше рет бүктегеннен гөрі алдымен өлшеп және сызып, қайшымен қиып алған оңай екенін түсінеді. - Балалар, алдыңғы сабақта А4 қағазды бүктеудің оңай орындалатынын және оны бірнеше рет бүктеуге болатынын білдіңдер, тағы да бір рет орындап көрейікші. Оқушылар бүктеп көреді. Сондай-ақ оқушыларға қағаздардың түсіне және құрамына да зерттеу жүргізуді тапсырады (қағаз ағаштан алынады; ақ қағаз, түрлі түсті қағаз, қатырғықағаз жасанды материалға жатады).	Қарапайым тәсілдермен материалдардың құрамын зерттеп, қағазды өлшеп, белгілеп, қиып, пішінін келтіреді, жинақтап, қосып біріктіреді. Қағаз түрлеріне сипаттама беріп, оның түстерін, ерекшеліктерін, қасиеттерін және олардың қолданылу мақсаттарын біледі. Қарапайым тәсілдермен материалдардың құрамын зерттеу және дайындау жолдарын үйренеді. Мұғалімді мұқият тыңдайды. Қолдарына ақ және түрлі түсті қағазды, қатырғықағазды алады. Өртүрлі қағаздың құрамына мән беріп, шағын зерттеу жұмысын орындайды. Қатырғықағазды және А4 қағазды қолдарына алып, сипап көреді, бүктейді. Алдымен қатырғықағазды 3-4 рет бүктейді, оны екі рет қана бүктеуге болатынын анықтайды. Қатырғықағазға сызғышпен тіктөртбұрыш пішінді сызып, қиып көреді, қатырғықағазды бірнеше рет бүктегеннен гөрі белгілі бір өлшемде сызып алып, содан соң қиған жеңіл екенін түсінеді. А4 қағазбен де осылай тәжірибе жасайды. Оны бірнеше рет қабаттап бүктеуге болатыны және оңай қиылатынын айтады. Қағаздардың түсіне, құрамына да	 Жарайсың! Сен мені бүгін қуанттың!	Қауіпсіздік ережесі Кеменің жасалу реті QR код арқылы
--	--	---	---	---



<https://qrmedia.kz/unL4o>

ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

Жұмыс бастамас бұрын алдымен қауіпсіздік ережесін еске түсіру.

Бейнежазба көрсету.

Оқушылар қатырғықағаз және түрлі түсті қағаздардан кеме жасайды (бейнежазба).

1-тапсырма. Қағаздан кеме жасау
Қажетті құрал-жабдық: қатырғықағаз, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім, қима қағаздар, фломастер.

Жұмыстың орындалу реті:

1. Өзіңе ұнайтын түсті қағазды алып, ұзындығынан жартысына дейін бүкте.
2. Бүктелген нүктелерді мықтап орнату үшін тағы бүктеп, қағазды қайтадан түзет.
3. Жоғарғы бұрыштарды сызыққа бұра.
4. Төменгі жиекті жолдың жартысына дейін бүкте (бұл алдыңғы және артқы жағынан да орындалуы керек).
5. Енді төменгі бұрыштарды жоғарыдан толық үшбұрыш жасау үшін бүкте. Оны екі жағынан да орында.
6. Екі жағынан да төменгі шеттерін соңына дейін бүкте.
7. Ортасына бүктелген бұрауды тартып, оны соз, сонда кеме шығады.

Сергіту сәті

Б. Бөрібаевтың өлең жолдарын хормен айтып, іс-әрекеттер арқылы келтіру.

Енді біз демаламыз,


Айналаны шоламыз.

зерттеу жұмысын жүргізеді.

Зерттеп болғаннан кейін өз қорытындысын айтады.

Бейнежазбадан су көлігі туралы мағлұмат алады.

Еңбек сабағындағы құрал-жабдықтармен танысады, жұмыс жасау кезіндігі қауіпсіздік ережелерін қайталайды.



Дескрипторы:

1. Қағаздарды бүктеп үйренеді.
2. Қағаздың ұзындығын, бұрыштарын табуды біледі.
3. Қағаздың екі ұшын бүктеу арқылы теңестіруді үйренеді.
4. Үлгі бойынша бүктеп, дайын

Сабақтың соңы	<i>Қол-аяқты кезекпен Оңға-солға созамыз. Күн шыққанда сүйініп, Бәйшешектей иіліп, Біз тынығып аламыз. Жиі-жиі жаттығып, Үлкен кісі боламыз. «Жәрмеңке» әдісі</i> Жасаған кемелерін жәрмеңкеде көрсетіп, қорғау, сұрақтарға жауап беріп, өз жұмысын ұсынуды ұйымдастырады. - Қандай көлік түрлерімен таныстық? - Су көлігіне не жатады? - Қандай көлік түрін жасадық?	жұмысын таныстырады. Б. Бөрібаевтың өлең жолдарын хормен айтып, жаттығулар жасайды. Жасаған кемесін жәрмеңкеге шығарып, жұмысымен таныстырады, көрмеге ұсынады. Сұрақтарға жауап береді. - Су, теміржол, әуе көліктерімен. - Қағаздан кеме жасадық.		
Рефлексия	«Жетістік баспалдағы» әдісі Оқушыларға сабақ соңында есімі жазылған стикер таратылып беріледі, оларды жетістік баспалдағына апарып жапсырады.	Оқушы өзінің есімі жазылған стикерді жетістік баспалдағына желімдейді.	Басбар мақ арқылы бағалау 👍	

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Менің отбасым және достарым			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	11-сабақ ОЮ-ӨРНЕК ЖАСАУ			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.2.2.2 шығармашылық жұмыстарды жасау кезінде ұлттық мәдениеттің элементтерін атау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Оқушыларды қазақ халқының ою-өрнек түрлерімен таныстыру, қарапайым ою-өрнектерді қалып арқылы дайындап, атын, мағынасын білуге баулу. Қауіпсіздік ережесін сақтай отырып, материалдар мен құралдарды пайдаланып, қазақ халқының ою-өрнектерін жасау.			
Құндылықтар	Ұлттық құндылықтарды құрметтеу, дәріптеу			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. «Ассоциацияның көмегімен көрініс» әдісі Оқушыларға бүгінгі сабақ қызықты әрі сабақтың барысында көңіл күйлері көтеріңкі болу үшін әрқайсысы өзінің есімімен бір затты ұйқастырып айту ұсынылады. Сабақта өтілген ұғымдарды өз есімімен байланыстырып айтуына болады.	«Ассоциацияның көмегімен көрініс» әдісінде оқушылар өзінің есімімен бір затты ұйқастырып айтады. Мысалы: Есімім – Жанар, ұнататын жемісім анар. Есімім – Дидар, ұнайды маған қияр. Есімім – Айдос, жақсы көрем абрикос. Есімім – Жандос, ұнайды маған кокос.		
Сабақтың ортасы	«Атаулар туралы үш сұрақ» әдісі Мұғалім жаңа тақырып бойынша үш терминді айтады (қайда? қалай? қандай?).	«Атаулар туралы үш сұрақ» әдісі арқылы мәлімет алады.		Қазақтың ою-

 https://qrmedia.kz/khko0	<i>Қайда? Ою-өрнек қайда қолданылады?</i> <i>Қалай? Ою-өрнек қалай жасалады және қалай пайда болған?</i> <i>Қандай? Ою-өрнектің қандай түрлері бар?</i> ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС 1-тапсырма. Алдымен қауіпсіздік ережесін еске түсіру. QR код арқылы бейнежазба көрсетіледі. 2-тапсырма. Қағаздан қазақтың ою-өрнегін жасау <i>Қажетті құрал-жабдықтар:</i> қайшы, қарындаш, қағаз, өшіргіш, үлгі ою түрлері. <i>Жұмыстың орындалу реті:</i> 1. Ою-өрнекті киюға арналған дайын үлгіні алып, сызық бойымен қиып шық. 2. Өзіңе ұнаған түсті қағазды ұзынынан екіге бүкте. 3. Екіге бүктелген қағаздың тұйықталған жағына ою үлгісін қойып, бастырып сыз. 4. Сызық бойымен оюды қайшымен қиып ал. Сергіту сәті «Ақшамшық» ойыны Ойын ережесі туралы бейнежазба көрсету. Шарты: балалар дөңгелене отырып, екі алақанын бір-біріне қабыстыра ұстап, алға созады. Ойын жүргізушінің алақанында жасырылған сақина болады. Ол алақанын барлық баланың алақанына жанастырып жүріп, біреуінің алақанына сақинаны тастап кетеді. Сақинаны алған бала ешкімге сездірмей отыруы керек.	Дескрипторы: 1. <i>Қайда? Қалай? Қандай?</i> сұрақтары арқылы ою-өрнек туралы қысқаша мәлімет алады. 2. Бүгінгі тақырыпты толық түсінеді. Өзіне түсініксіз жерлері туралы сұрақ қояды. Дескрипторы: 1. Алдымен әр сабақта айтылатын қауіпсіздік ережесін қайталап естеріне түсіреді. 2. Бейнежазба көреді, практикалық жұмыс жасау үшін қажетті құрал-жабдықтарды дайындап алады. 3. Қағаздан үлгіге қарап рет-ретімен ою-өрнек жасайды. 4. Қағазды бүктеп, бастырып сызып, ою-өрнекті қиып алуды үйренеді. Дескрипторы: 1. Сергіту сәтінде «Ақшамшық» ойынын ойнайды. 2. Ойын шартын түсінеді. Ойынды жүргізуші тандап алынады. 3. Жүргізуші өзі тандаған оқушының	 Шапалақтау  	өрнегі = <u>xn_RMf9RiiDsZxWa_GpYtHlbHPm</u> Қауіпсіздік ережесі Бейнежазба https://youtu.be/FAWHw4xTs0U Сергіту сәті «Ақшамшық» ойыны https://youtu.be/c56O7kGJh9o
--	--	--	---	---

	Жүргізуші: «Сақинам, тұр!» немесе «Ақшамшығымды бер!» – деп дауыстайды. Сол сәтте сақинаны алған бала орнынан атып тұрып: «Сақина менде», – дейді. Оны көршісі ұстай алмай қалса, онда сол оқушы ары қарай жүргізуші болып жалғастырады, ал ұсталып қалса, сынып алдында өз өнерін көрсетеді (би, ән, тапқақ).	алақанына сақина салады. 4. Ойын шартын орындай алмаған оқушы өз өнерін көрсетеді. 5. Оқушылар бірін-бірі сыйлауға, достыққа, шапшаңдыққа, ортада өзін еркін ұстауға дағдыланады.		
Сабақтың соңы	Қорытынды - Балалар, үйлеріңде ою-өрнектерден жасалған қандай бұйымдар бар? - Бүгін біз не жасадық? «Галереяны аралау» әдісі Бүгінгі тақырып бойынша оқушылардың жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.	Оқушылар күнделікті көріп жүрген отбасындағы ою-өрнектен жасалған (текемет, сандық, ыдыс-аяқ, көрпелер) бұйымдарды айтады. Өзі жасаған жұмысымен таныстырады, көрмеге ұсынады.	«Басбармақ» әдісі 	
Рефлексия	«Кемпірқосақ» әдісі Тақтадағы кемпірқосақ суретіне өз есімі жазылған стикерді желімдейді. Ең төмендегі қызыл түстен ең жоғары орналасқан күлгін түске стикерлерді желімдеу арқылы өзінің сабақтағы түсінігі (немесе көңіл күйі) деңгейін білдіреді. <i>Сабақты толық түсіндім</i> <i>Сұрағым бар</i> <i>Сабақ ұнады, толық түсіндім</i>	Бүгінгі сабақтан алған білімін, әсерін, қызықты өткен сәттерін кемпірқосаққа стикер желімдеу арқылы білдіреді.		«Кемпірқосақ» әдісі 

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Менің отбасым және достарым			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	12-сабақ ҰЛТТЫҚ ДАСТАРҚАН			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.1.3.1 шығармашылық идеяларды жоспарлау және әзірлеу кезінде әртүрлі материалдармен және құралдармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Оқушыларға шығармашылық жұмыс жасата отырып қазақы дастарқан жайлы мағлұмат беру, қазақтың ұлттық құндылықтарын құрметтеуге тәрбиелеу.			
Құндылықтар	Ұлттық құндылықтарды құрметтеу, дәріптеу			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. Біз балдырған баламыз, Құстай қанат қағамыз. Дүниені аралап, Оқып, білім аламыз. Көзді салып қараңыз, Былай қанат қағамыз. /Б. Бөрібаев/	Оқушылар сабақты бастамас бұрын бір-бірімен амандасады. Психологиялық ахуалға берілген тақпақты дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.	Отшашу арқылы бірін-бірі бағалау 	
Сабақтың ортасы	«Диалогтік оқыту» әдісі Алдыңғы тақырыпты қайталау, бүгінгі сабақпен байланыстыру. «Қазақы дастарқан» тақырыбында бейнежазба көрсету. Мұғалімнің түсіндірмесі	Оқушылар тақырыпты түсінеді. Тақырып бойынша бейнежазба көреді, тыңдайды. Өздеріне түсініксіз жерлері туралы сұрақтар қояды. Дескрипторы:	Мадақтау Жарайсың! Керемет!	



(МТ) Қазақы дастарқан туралы мағлұмат, түсініктер беру.
Оқушылар бейнежазбаны көріп, ұлттық дастарқан туралы мағлұматтар ала отырып ұлттық тағамдармен (қазы-қарта, құрт-ірімшік, жал-жая, бауырсақ), дастарқан жаю әдебімен танысады. Сонымен қатар өздеріне таныс ұлттық тағамдарын айтқызу.

«Сұрақ-жауап айдары»

- Бейнежазбадан не көрдік?
- Оның ішінде қандай ұлттық тағамдар таныс болды?
- Ұлттық тағамдарға мін тағуға бола ма?
- Жарайсыңдар, балалар, олай болса, біз бүгінгі сабақта қазақ халқының дастарқанын жайып үйренеміз.

ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

Жұмыс алдында қауіпсіздік ережесін еске түсіру.

Қазақы дастарқан көріністері бар сурет қиындылары таратылады.

1-тапсырма. «Қазақы дастарқан»

КОЛЛАЖЫ

Қажетті құрал-жабдықтар:

А3 пішімді түрлі түсті қағаз, қайшы, желім, жіп т.б.

Жұмыстың орындалу реті:

Ұлттық тағамдар суреттерін мұқият қиып ал.

Қиып алынған суреттерді А3 қағазына
желімдеу арқылы коллаж жаса.

2-тапсырма. «Қазақы дастарқан» (пазл



<https://qrmedia.kz/dNN6o>

Қазақы дастарқан туралы мағлұмат алып, түсініктері қалыптасады. Ұлттық тағамдарды біледі, қазақтың салт-дәстүрімен танысады. Ұлттық тәрбие алады, өздеріне таныс ұлттық тағамдарын айтады.

Оқушылар мұғалім қойған сұрақтаарға жауап береді.

Бейнежазбадан не көргендігі туралы айтады, өздерінің күнделікті жеп жүрген тағамдары жайлы айтады.

Практикалық жұмыс алдында қауіпсіздік ережесін қайталап, естеріне түсіреді.

Дескрипторы:

1. Бүгінгі тақырыпқа байланысты тапсырмалар орындайды.
2. Практикалық жұмыс жасау үшін қажетті құрал-жабдықтарын дайындап алады.
3. Топпен құрастыру, біріктіру, үйлестіру арқылы коллаж жасап үйренеді.
4. Ұйымшылдыққа, ептілікке тәрбиеленеді.

Дескрипторы:

1. Ұлттық тағам түрлерімен танысады.
2. «Қазақы дастарқан» пазлын

Бірін-бірі
бағалау
(оқушылар
бірін-бірі
бағалайды)

«Қазақы
дастарқан»
бейнежазба
QR код

Қауіпсіздік ережесі

	құрастыру) Оқушыларға қазақы дастарқан суреттері бар пазлдар беріледі. Шығармашылық идеялар мен ерекшелігін, пішін, фактурасы, біріктіру тәсілін, дайындау технологиясын салыстырып көрсетеді. Сергіту сәті «Қазақы дастарқаным» (М. Омаров) әнінің ырғағына қосылып, би қимылдарын жасау.	құрастырады.  «Қазақы дастарқаным» әнінің ырғағымен би қимылдарын жасайды.		Сергіту сәті https://youtu.be/KOe7KZOYmBs
Сабақтың соңы	«Он сұрақ» әдісі Бұл әдіс бүгінгі өткен тақырып бойынша оқушының ойын жинақтауға, алған білімін түйіндеуге, сабақты қорытындылауға бағытталған. Мұғалім бір оқушыны тандап алып, оның маңдайына негізгі сабаққа байланысты белгілі бір сөзді жапсырады. Қатысушы сыныпқа сұрақ қояды. Оған жауап ретінде «иә» немесе «жоқ» деген жауап берілуі керек.	«Он сұрақ» әдісі арқылы алған біліміне сүйене отырып, бүгінгі тақырыпты қорытындылайды. Мұғалім тандап алған оқушыға жасырылған негізгі сөзді табу үшін сұрақтар қояды, оқушы сол арқылы бүгінгі сабаққа қатысты ұғымды табады. Мысалы, сандық жасырылады. - Бұл үй жиһазына жата ма? - Ол не сақтайтын бұйым? - Оны күнделікті пайдаланамыз ба?	Смайл арқылы бағалау  Жарайсың! Сен мені бүгін қуанттың!	
Рефлексия	«Білім гүлі» әдісі Оқушыларға сабақ соңында үш түрлі гүл таратылады. Өз жұмысының нәтижелері бойынша оқу мақсатына қаншалықты жеткендігін және өзінің біліміне қаншалықты сенімді екендігін көрсетеді.	Сары түс – сабақты жақсы түсіндім Жасыл түс – өте жақсы түсіндім, мен үшін қызықты болды Қызыл түс – тақырып бойынша әлі де ізденуім керек		

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Менің отбасым және достарым			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	13-сабақ МЕНІҢ ОТБАСЫМ			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.1.4.1 шығармашылық жұмысқа қажетті материалдардың түрлерін анықтау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Қатырғықағаздан, жіптен, түсті қағаздан аппликациялық жұмыстар орындату арқылы шығармашылық идеяларын дамыту.			
Құндылықтар	Ұқыптылыққа, икемділікке баулу			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. Психологиялық ахуал орнату. «Биопозма» әдісі Сабақ кезінде бір-бірімен сұхбаттасу, жан-жақты ақпарат жинақтау, ол ақпаратпен бөлісу. Жада, жағымды ахуал қалыптастыру.	Оқушылар сабақты бастамас бұрын бір-бірімен амандасады. «Биопозма» әдісі бойынша бүгінгі сабақта әр оқушы ұқыптылыққа, икемділікке, ізденімпаздыққа ұмтылады. Сұхбаттасу арқылы жан-жақты ақпаратпен бөліседі.	«Шапалақ» әдісі арқылы бағалау жақсы - 3 рет орташа - 2 рет қанағаттанарлық - 1 рет	

Сабақтың ортасы

Отбасы деген не?



«Кластер» әдісі

Тақырыптардың байланысы туралы сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздеу, идеяларды жинақтау. Отбасы мүшелері туралы мақал-мәтел айту.

Мұғалімнің түсіндірмесі

Балалар, барлығымыз экранға назар аударайық. «Отбасы деген не?» деген бейнежазбаны тамашалаңдар. Отбасында бірлесіп өмір сүретін, адамдар ата-әже, әке-шеше, әпке-сіңлі, аға-іні екенін түсіндіреді.

Сергіту сәті

*Көбелекке ұқсап-ақ,
Ұшайықшы бәріміз.
Оңға қарап бір тұрып,
Солға қарай бір ұшып,
Шарлайықшы бәріміз.*

1-тапсырма.

Отбасы туралы бейнежазба көрсету.
Сұрақтарға жауап алу.
- «Отбасы» деген не?
- Отбасыңда неше адам бар?
- Отбасыңда үлкендерге қандай құрмет көрсетіледі? т.б.

ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

Жұмыс алдында тақтада ілулі тұрған қауіпсіздік ережесін естеріне түсіріп қайталату.

2-тапсырма.

«Менің отбасым» коллажы

Оқушылар отбасылық фотосуреттерінің дайын бөлшектерін ретімен орналастырады. Тапсырмаларды орындап, ұқыптылығы, шеберлігі артады.

«Отбасы деген не?» атты бейнежазбаны тамашалайды. «Ата-әже, әке-шеше, әпке-сіңлі, аға-іні, қарындас» туыстық атауларын дұрыс атап үйренеді.

Дескрипторы:

1. Отбасылық құндылықтарды есіне түсіреді.
2. Отбасы мүшелері туралы мақал-мәтел айтады.

Оқушылар хормен тақпақ айтып, қимылдар жасайды. Көбелек туралы тақпақты айтып, іс-қимылдар жасау. Оқушылар отбасы туралы бейнежазбаны көріп, отбасындағы өзінің орны туралы түсінігі қалыптасады. Отбасылық құндылықтарды құрметтеу керек екенін ұғады.

Табиғи материалдардан бұйым жасау кезіндегі қауіпсіздік ережесін есіне түсіреді. Әр оқушы жеке түрлі түсті қатырғықағаздан коллаж жасап,

«Шапалақ» әдісі



Бейнежазба «Отбасы деген не?»

Сергіту сәті

Мадақтау

 https://qrmedia.kz/XOzhe	Бейнежазба көрсету. <i>Қажетті құрал-жабдықтар:</i> отбасылық 5-6 фотосурет, А3 пішімді қағаз, кендір жіп, қайшы, желім, қылқалам. - Балалар, бүгін біз әрқайсысымыз үйден алып келген отбасы мүшелерінің фотосынан коллаж жасаймыз. Шеттерін сәндеп, жиектемесін қатты түрлі түсті қағаздан жасап, түрлі жіптермен жиектейміз. <i>Жұмыстың орындалу реті:</i> 1. Отбасылық фотосуреттеріңді әртүрлі пішінде қиып ал. 2. А3 пішімді қағазға қарындашпен үлкен етіп жүректің суретін сал. 3. Оны фломастермен әдемілеп бастырып сыз. 4. Қиып алынған отбасы мүшелерінің фотосуреттерін жүректің ішіне орналастырып, желімде. 5. Кендір жіптен шетіне жиектеме жасап шық. Осы жіпті бұрау арқылы өрнектер жасап, шеттеріне желімде.	тоқыма жіптермен жиектемесін сәндейді, өз қиялына ерік беріп, өз білгенінше жасайды. Дескрипторы: 1. Үйінен әкелген отбасы мүшелерінің фотосуреттерін әдемілеп қияды. 2. Қиылған суреттерді қағаз бетіне желімдейді. 3. Түрлі түсті қағазбен және тоқыма жіппен жұмыс жасап үйренеді. 4. Жұмыс жасап болған соң жұмыс орынын, қағаз, тоқыма жіп қалдықтарын жинастырады. 	«Шаналақ» әдісі Жақсы - 3 рет Орташа – 2 рет Қанағаттанарлық - 1 рет	Қауіпсіздік ережесі Бейнежазба Коллаж жасау https://youtu.be/yaALB35PCr4
Сабақтың соңы Рефлексия	Сергіту сәті Бүгінгі тақырыпты қорытындылау үшін бейнежазба арқылы сергіту сәтін ұйымдастыру. «Бақытты отбасы үлгісі» атты бейнежазба көрсету. Сұрақ негіздері: <i>Неліктен ...? Егер ... болса, қалай? Сен қалай ...?</i>	Бейнежазбадағы ертегіні көріп, оқушылар сергиді. Бақытты отбасы құндылықтарын түсінеді. Оқушылар өздерінің отбасы жайлы		Сергіту сәті https://youtu.be/pjHmgyDGLX8 


	Сен ... түсіндіріп бере аласың ба? ... не болуы мүмкін?	нақты сұрақтарға жауап береді.		
--	--	--------------------------------	--	--

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Бізді қоршаған әлем			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	14-сабақ МОЗАЙКА ӨНЕРІМЕН ТАНЫСАМЫЗ			
Оқу бағдарламасы на сәйкес оқыту мақсаттары	1.2.1.1 түрлі материалдардың ерекшелігін түсіну (көркемдік, табиғи және жасанды) және құралдарды қолдану техникасын меңгеру 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Қарапайым әдістер мен тәсілдерді пайдаланып, материалдарды және құралдарды қолданып, табиғи материалдардың түрлеріне зерттеу жүргізу арқылы мозайка түрлерімен танысу. Табиғатты қорғау, қағазбен жұмыс түрлерін естеріне түсіру, ұсақ моториканы дамыту.			
Құндылықтар	Табиғатты қорғау, көркемдік, табиғи байлықты бағалау, ауызбіршілік			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. Психологиялық ахуал орнату. «Бір ауыз сөз» әдісі Бір ауыз сөзбен ізгі тілектер айту. Мұғалім айтып бастайды: Балалар мен сіздерге бүгінгі күнге сәттілік тілеймін. Осылай бір ауыз сөзбен бүгінгі күнге,	Оқушылар сабақты бастамас бұрын бір-бірімен амандасады. Балалар бүгінгі күнгі көңіл күйлері жайлы бір-бірімен ой бөліседі. «Бір ауыз сөз» әдісі бойынша мұғалім оқушыларға тілегін айтып, келесі оқушы жалғастырып кетеді. Оқушылар бір сөзбен бүгінгі күнге тілек		

	бүгінгі сабаққа тілектерін айтады.	айтады.		
Сабақтың ортасы	Мұғалімнің түсіндірмесі Табиғат – бізді қоршаған орта, ол адам баласының санасынан тыс, өздігінен пайда болған. Адам табиғатсыз өмір сүре алмайды. Табиғаттың ерекше қасиеті – ол өзінің бөліп шығарған қалдығынан адамның көмегінсіз-ақ өзін тазартып алады. Ал адам баласының іс-әрекеттерінен болған қалдықтардан өзін тазарта алмайды, табиғат уланып, ластанады. Таза табиғат үшін күрес – өмір үшін күрес, келешек, болашақ үшін күрес. Табиғат бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы, құтты қонысы және өсіп-өнген мекені. Біздің өзіміз өскен ортаның табиғатын қорғауға міндеттіміз. «Мозайка өнері» бейнежазбасын көрсетіп, оқушыларға мозайка өнері жайлы қысқаша мәлімет береді. Ширату сұрақтарын қояды. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС Жұмыс алдында қауіпсіздік ережесін еске түсіру. Мұғалімнің түсіндірмесі <i>1-тапсырма.</i> Бүгінгі тақырып бойынша материалдарды және құралдарды пайдаланып, мозайка жасаудың жолын түсіндіреді.	Мұғалімнің түсіндірмесін тыңдайды. Табиғат туралы мағлұмат алады. Мозайка өнері жайлы бейнежазба көріп, осы өнер түрі туралы түсінік қалыптастырады. Мұғалім қойған сұрақтарға жауап береді. Жұмыс алдында қауіпсіздік ережесін еске түсіреді. Бүгінгі тақырып бойынша материалдарды және құралдарды пайдаланып, мұғалімнің нұсқауымен түрлі түсті қағаз қиындыларынан ұлу мозайкасын жасайды.	Ауызша бағалау Жарайсың! Тамаша! Бәрекелді!	«Мозайка өнері» https://youtube.com/watch?v=5vECBpQ4S6M&feature=share Қауіпсіздік ережесі

 https://qrmedia.kz/v2h3U	2-тапсырма. «Ұлу» мозайкасы <i>Қажетті құрал-жабдықтар:</i> түрлі түсті қағаз, А4 қағазы, ұлудың үлгісі, қайшы, желім. <i>Жұмыстың орындалу реті:</i> 1. Түрлі түсті қағазды майдалап қи. 2. Ұлудың үлгісін А4 қағазының бетіне түсіріп ал. 3. Ұлу суретінің үстіне желім жағып, қиындылардың қоңыр түсін ұлудың денесіне, қызыл және көк (жасыл, сары) түстерін қабыршағына жапсырып, мозайка жаса. Сергіту сәті «Константинополь» (Стамбұл) ойынын пайдалануға болады. Бұл ойын оқушылардың ойлау қабілетін дамытады. Сөздік қорын арттырады.	Дескрипторы: 1. Қағаздан мозайка жасап үйренеді. 2. Қол моторикасы дамиды, төзімділікке тәрбиеленеді.  Берілген сөз әріптерінен зат есімдер құрайды. Сөздегі әріптерден асып кетпеді қадағалайды.	Смайл арқылы бағалау 	
Сабақтың соңы Рефлексия	«Галереяны шарлау» әдісі (Саймон Браунхилл бойынша) Мұғалім оқушылардың жасаған мозайкалары бойынша қорытынды жасайды, өз жұмысын, идеяларын қорғау, ерекше идеялар ұсыну жұмысын жүргізеді. Сараптау, жинақтау, бағалау, ақпаратпен тиянақты жұмыс жасалады. «Басбармақ» әдісі Басбармақтарын көрсету арқылы өздерінің бүгінгі сабақта түсінгендерін, ұғу деңгейін білдіреді.	Өздерінің жұмыстарын қорғайды, қандай қиындықтар болғандығын айтып, талқылайды. Ең үздік жұмыстар таңдалады. <i>Басбармақ жоғары – түсіндім</i> <i>Басбармақ көлденең – түсінген сияқтымын</i> <i>Басбармақ төмен – түсінбедім</i>		


Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Бізді қоршаған әлем			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	15-сабақ ЖЕМІС-ЖИДЕК МОЗАЙКАСЫ			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.1.2.1 материалдарды пайдалану, қолдану мүмкіндіктерін қарастыру 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Мозайка туралы мәліметтермен танысу, оны құрастыруға қажетті материалдарды, орындалу әдіс-тәсілдерін, шығармашылық жұмыста өз қолдарымен орындауды дамыту.			
Құндылықтар	Табиғатты қорғау, көркемдік, табиғи байлықты бағалау, ауызбіршілік			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. Психологиялық ахуал орнату. «Сұраққа жетіп ал» әдісі Мұғалім сыныпқа кіргеннен өткен сабақтарға байланысты сұрақтар қояды. Жауап дұрыс болса, бір қадам алға жылжиды, қате болса, бір қадам артқа шегінеді. Мұғалім үстеліне жеткенше, бірнеше сұрақ қою арқылы оқушылардың зейінін сабаққа шоғырландырады.	Оқушылар сабақты бастамас бұрын бір-бірімен амандасады. Оқушылар сабаққа назар аударады. Өткен тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап береді. - Мозайка неден жасалады? - Мозайканың қандай түрлерін білесің? - Өткен сабақта не жасадық?	Көршінді бағала (парталас оқушылар бір-біріне баға береді)	
Сабақтың ортасы	«Бұл қандай жеміс?» әдісі Мұғалім сабақпен байланыстырып, жемістерге байланысты жұмбақ жасырады.	Жұмбақтың шешуін тапқан соң осы жемістердің пайдасы туралы өз ойын	Ауызша бағалау	Жұмбақтың жауабы: алма, банан,

 https://qrmedia.kz/eFMXI	Өткен сабақты қорыту үшін сұрақтарға жауап алады. Жеміс-жидек мозайкасын жасауды ұсынады. «Пайдалы ақпарат» айдары Мұғалім интербелсенді тақта немесе ноутбук арқылы жемістердің пайдасы жайлы бейнежазба көрсетеді. Сұрақтар қояды. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС Жұмыс бастамас бұрын алдымен тақтада ілулі тұрған қауіпсіздік ережесін естеріне түсіріп қайталау. 1-тапсырма. «Алма» мозайкасы <i>Қажетті құрал-жабдықтар:</i> моншақ, ермексаз, алманың дайын үлгісі, фетр. <i>Жұмыстың орындалу реті:</i> 1. Фетрді төртбұрыштап қиып ал. 2. Қиылған фетрге алманың дайын үлгісін желімде. 3. Алма суретінің үстіне ермексазды жұқалап жағып шық. 4. Ермексаздан жағылған алманың үстіне қызыл немесе сары моншақтарды, жапырағына жасыл моншақтарды батырып орналастыр (мозайка жаса).	ортаға салып, ол жемістердің қайда өсетіні, өзінің қандай жемісті ұнататыны жайлы айтады. Бейнежазбаны көріп, жемістерге қатысты өз ойымен бөліседі. Бір-біріне сұрақ қояды. Практикалық жұмыс барысында алдымен әр сабақта айтылатын қауіпсіздік ережесін қайталап, естеріне түсіреді. Моншақтардан жеміс жасау үлгісін экраннан көріп, түстерді үйлестіріп, моншақпен алма мозайкасын жасайды. Дескрипторы: 1. Моншақпен жұмыс істеп үйренеді. 2. Қандай қауіпсіздік ережелерін сақтағаны туралы айтады. 3. Практикалық жұмысты аяқтаған соң жұмыс орындарын жинап, қолдарын жуады. 	Жарайсың! Тамаша! Бәрекелді! Бірін-бірі бағалау (бір-бірінің жасаған жұмыстары на баға береді)	алмұрт, шие, өрік Жемістердің пайдасы https://youtu.be/tml_s35TeOs Қауіпсіздік ережесі QR код арқылы бейнежазба
Сабақтың соңы	«Ыстық орындық» әдісі Сыныптағы кез келген оқушыны «ыстық орындыққа» отыруға шақырады. Ең маңыздысы – өз еркімен шығуы. Оқушылардың сұрақ қою дағдысы қалыптасады және сұрақ қою арқылы өзара	Оқушы ортада тұрған орындыққа отырып, тапсырма бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді. Сұраққа жауап бере алмаған жағдайда «күйді» деген ескерту беріледі.		

	ашық пікірлеседі.			
Рефлексия	«Бағдаршам» әдісі Сабақтың басында оқушыларға жасыл және қызыл, сары карточкалар таратылады. <i>Сабақ қызық болса – жасыл карточка</i> <i>Сабақ танымды болса – сары түсті карточка</i> <i>Сабақ мүлде қызық болмаса – қызыл карточка</i> Мұғалім көрсетілген бағалауды оқушылардың күнделігіне жазуға болады.	Оқушылар бағдаршамның түстерін пайдаланып, өздерін бағалайды. Қызыл, жасыл және сары түсті карточкаларды парта үстіне қояды немесе жоғары көтереді.		«Бағдаршам» әдісі 

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Бізді қоршаған әлем			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	16-сабақ «КҮНБАҒЫС» МОЗАЙКАСЫ			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.2.2.3 айқындалған материалдармен қарапайым бұйымдар жасау 1.3.1.1 өзінің жұмысын таныстыру (көрме)			
Сабақтың мақсаты	Жаңа материалмен және қолдану әдістерімен таныстыру, дәнді дақылдардан мозайка құрастыруда белгілеу, қосу және біріктіру тәсілдерін үйрену.			
Құндылықтар	Төзімділікке, ептілікке, әсемдікке баулу			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Оқушыларды түгендеу. «Сиқырлы қобдиша» әдісі Мұғалімнің қолында айна салынған қобдиша болады. - Балалар, мына қобдишаның ішінде менің ең ақылды, білімді, тәртіпті, ең сүйікті оқушым бар.	Оқушылар сабақты бастамас бұрын бір-бірімен амандасады. Оқушылар қобдишаны ашып көруге асығады. Қобдишаны ашып, айнадан өзінің суретін көрген баланың көңіл күйі көтеріледі.	Смайл арқылы бағалау 	
Сабақтың ортасы	«Екі дұрыс, бір бұрыс» тәсілі Оқушыларға өткен тақырып бойынша екі дұрыс, бір бұрыс жауабы бар ой қозғайтын сұрақтар қойылады. - <i>Балалар, біз қандай бөлімді өтіп жатырмыз?</i> Осы «Бізді қоршаған әлем» туралы айтып жатырмыз. Олай болса, осы бөлім бойы біз қызықты тапсырмалар мен өзімізге ұнаған жұмыстарды жасаймыз. <i>Бізді не қоршап тұр?</i> <i>Жан-жағымызда нелер бар?</i> <i>Мозайка дегеніміз не?</i> <i>Мозайка жасау үшін қандай материалдар қажет?</i> <i>Мозайканы қай жерде қолдануға болады?</i> Сергіту сәті «Қыдырып қайтайық» атты сергіту сәті өткізіледі. Оқушылардың мозайка туралы түсінігін естеріне түсіру. Дәнді дақылдармен мозайка жасау ретімен таныстыру. - Балалар, бүгінгі сабақта біз дәнді дақылдардан мозайка жасаймыз. Шығармашылық жұмыстарды орындау	Оқушылар «Екі дұрыс, бір бұрыс» тәсілі бойынша мұғалімнің сұрақтарына жауап береді. Екі сұрақ дұрыс, бір сұрақ дұрыс емес, сол сұрақтарға қарай жауап береді. - «Бізді қоршаған әлем» бөлімімен танысып жатырмыз. Бейнежазбадағы сергіту сәтін жасайды.	Басбармақ арқылы бағалау  Мадақтау	Сергіту сәті https://youtu.be/SCvZLP26q0E

 https://qrmedia.kz/CsuzE	барысында сенсорика түсінігін қалыптастыру. Қарапайым тәсілдермен материалдарды белгілеу, жинақтау, қосу және біріктіру арқылы дәнді дақылдардан күнбағыс жасату. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС Қауіпсіздік ережесін еске түсіру. <i>1-тапсырма.</i> Дәнді дақылдардан күнбағыс мозайкасы <i>Қажетті құрал-жабдықтар:</i> дайын үлгі, күріш, қарақұмық, акварель немесе гуашь бояуы, ПВА желімі. <i>Жұмыстың орындалу реті:</i> 1. Күнбағыс суреті үлгісінің үстіне тұтас ПВА желімін жағып шық. 2. Желімнің үстіне гүлі мен ортасына, жапырағына күріш дәнін сеуіп жабыстыр. 3. Күрішті кептір. 4. Кепкен күнбағыстың ортасын қара бояумен боя. 5. Сабағына қарақұмықты жабыстыр. 6. Содан соң гүлін сары, жапырағын жасыл түсті бояумен боя.	Практикалық жұмыс жасау үшін қажетті құрал-жабдықтарын дайындап алады. Қауіпсіздік ережесін естеріне түсіреді. Мұғалімнің түсіндірмесін тыңдайды. Дәнді дақылдардан мозайка жасайды. Дескрипторы: 1. Жұптық жұмыста әртүрлі жұмыс техникасын меңгереді. 2. Заттардың сыртқы қасиеттері туралы ой-пікір қалыптастырады. 3. Дәнді дақылдарды пішіні, түсі, көлеміне қарай дұрыс орналастырып, желімдеуді үйренеді. 	Бірін-бірі бағалау	Қауіпсіздік ережесі
Сабақтың соңы	Сергіту сәті «Гүлмен тілек» әдісі Оқушылардың таңдау дағдыларын дамыту, сергіту сәті арқылы жағымды ахуал туғызу. Бүгінгі сабақты бекіту мақсатында оқушыларға өзі жасаған бұйымдарына таныстырылым жасату. «Галереяны аралау» әдісі Бүгінгі тақырып бойынша оқушылардың жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.	Оқушылар арнайы дайындалған гүлді ұстап тұрып, бір-біріне тілек айтады. - <i>Менімен бір сыныпта оқығаның үшін рақмет!</i> - <i>Сен керемет доссың!</i> Өзі жасаған жұмысымен таныстырады. Дайын жұмысын «Менің мектебім» тақырыбындағы көрмеге қояды.	Бірін-бірі бағалау	

Рефлексия	<i>«Түсті карточкалар» әдісі</i> Сабақтың басында оқушыларға көк және қызыл карточка таратылады. Сабақтың барысында оқушылардың көңіл күйін қолдарындағы карточкалары арқылы біліп отырады. Мұғалім: «Бүгінгі сабақ қалай болды? Ұнады ма?» – деп сұрағанда, оқушы көк немесе қызыл карточканы көрсетеді.	Алдарындағы қызыл немесе көк карточкаларын көрсетіп, кері байланыс беріп отырады: <i>Қызыл түс – көңіл күйім өте жақсы</i> <i>Көк түс – көңіл күйім жақсы</i>	Кері байланыс	Түсті карточкалар 
------------------	---	--	---------------	--

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Саяхат			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	17-сабақ ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ			
Оқу бағдарламасын а сәйкес оқыту мақсаттары	1.1.1.1 материалдың атауын білу 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Оқушыларды үй жануарлары және жабайы жануарлар түрлерімен таныстыру, олардың қасиеттері туралы мағлұматтар беру арқылы қандай жануарлар екенін түсіндіру.			
Құндылықтар	Табиғатты аялау, достық, үнемшілдік, ептілікке баулу			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу, шеңберге тұрғызу.	Оқушылар сабақты бастамас бұрын бір-бірімен амандасады.		«Ұзын құлақ сұр қоян»

	«Ұзын құлақ сұр қоян» бейнежазбасын көрсету арқылы психологиялық ахуал туғызу.	«Ұзын құлақ сұр қоян» бейнежазбасын көру арқылы көңілді күймен сабақты бастайды.		https://www.youtube.com/watch?v=KvQuoELxBKU
Сабақтың ортасы	- Балалар, бейнежазбадағы ән не туралы болды? - Қоян туралы не білесің? «Кинометафора» әдісі «Бұл қандай жануар?» бейнежазбасы. - Балалар, бүгін «Бізді қоршаған әлем» бөлімін аяқтап, «Саяхат» бөлімін бастаймыз. Қазір біз жануарлар әлеміне саяхатқа шығамыз. Оның алдында мына бейнежазбаны тамашалайық. Бейнежазба туралы қысқаша мағлұмат беру. «Кім не түсінді?» әдісі Мұғалім сұрағына жауап алады. - Бейнежазба не туралы? - Қандай жануарларды көрдің? - Сенің үйіңде қандай жануарлар бар?	- <i>Қоян туралы.</i> - <i>Қоян – аң, жабайы жануар.</i> «Кинометафора» әдісі бойынша жануарлар туралы қысқаша бейнежазбаны көреді. Бейнежазбадан бүгінгі тақырып бойынша ақпарат алады, өздерінің ой-пікірлерін айтады. Оқушылар бейнежазба, жануарлар туралы сұрақтарға жауап береді.	Мадақтау Жарайсың! Тамаша! Бәрекелді!	Бұл қай жануар? https://youtu.be/DBR7VBFrjI4 Бейнежазба туралы қысқаша мағлұмат
Тыңдалым	Мұғалімнің түсіндірмесі «Ақпаратты қабыл ал» әдісі «Жануарлар әлеміне саяхат» ортақ тақырыбын түсіндіреді. Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы түсінік беру. Сергіту сәті <i>Жұмбақ шешейік.</i> Жануарлар туралы жұмбақтар жасыру.	Дескрипторы: 1. Оқушылар мұғалімнің түсіндірмесі бойынша жануарлар туралы біледі. 2. Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажырата алады. Жасырылған жұмбақтарды шешеді (түйе, қой, түлкі, арыстан, қасқыр,	Мадақтау Жарайсың!	



<https://qrmedia.kz/wMTGv>

ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

Жұмыс бастар алдында қауіпсіздік ережесін еске түсіру.

1-тапсырма.

«Менің сүйікті жануарым» пазлын құрастыру

Қажетті құрал-жабдықтар: дайын үлгі, қарындаш, сызғыш, қайшы.

Жұмыс жасау барысы:

1. Бірінші жұпқа үй жануарларының пазлын, екінші жұпқа жабайы жануарлар пазлын құрастыруға беру.
2. Сурет салынған парақты сыртынан қарындаш және сызғышпен бірдей бөліктерге бөліп, қиып ал.
3. Бөліктерден жануарды дұрыс құрастыр.

«Адасқан жануарлар» дидактикалық ойыны

Мұғалім оқушыларға үй жануарлары мен жабайы жануарларды табуды, ажыратуды ұсынады.

Әр жануардың қайда мекендейтіні жайлы сұрайды.

Оқушыларды жылдамдыққа, ептілікке үйрету.

жолбарыс, аю).

Практикалық жұмыстың алдында әр сабақта айтылатын қауіпсіздік ережесін қайталап естеріне түсіреді.

«Менің сүйікті жануарым» пазлын құрастырады.

Дескрипторы:

1. Пазлмен жұмыс жасайды.
2. Үй жануарлары мен жабайы жануарларды таниды.
3. Қол моторикасы дамиды.

Дидактикалық ойын арқылы үй және жабайы жануарларды орналастырады. Зообақта араласып кеткен үй жануарлары мен жабайы жануарлардың өз мекеніне кіргізеді. Үй жануарларын қораға, жабайы жануарларды орманға орналастырады.

Тамаша!
Бәрежелді!

Бірін-бірі
бағалау
(оқушылар
бірін-бірі
бағалайды)

Қауіпсіздік ережесі

Жануарлар
суреттері

Сабақтың соңы

«Не білдім, не үйрендім?» әдісі

Бүгінгі тақырып бойынша сұрақтар қою.

- Қандай жануарлармен таныстық?
- Үй жануарларына нелер жатады?
- Неге үй жануары деп аталады?
- Жабайы жануарларға нелер жатады?
- Олар қайда тіршілік етеді?

Бүгінгі тақырып бойынша білгендерін айталды.

Үй жануарлары:

Жабайы жануарлар:

	- Үй жануарларының қандай пайдасы бар? - Жануарлардың төлдерін қалай атайды?			
Рефлексия	«Кемпірқосақ» әдісі Тақтадағы кемпірқосақ суретіне өз есімі жазылған стикерді желімдейді. Ең төмендегі қызыл түстен ең жоғары орналасқан күлгін түске стикерлерді желімдеу арқылы өзінің сабақтағы түсінігі (немесе көңіл күйі) деңгейін білдіреді.	<i>Бүгінгі сабақты толық түсіндім</i> <i>Түсіндім, сұрағым бар</i> <i>Түсінбедім</i> <i>Маған сабақ қатты ұнады, толық түсіндім</i>		Кемпірқосақ суреті 

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Саяхат			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	18-сабақ МЫСЫҚТЫҢ МҮСІНІН ЖАСАЙЫҚ			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.2.2.3 айқындалған материалдармен қарапайым бұйымдар жасау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Оқушыларды мүсін өнерімен таныстыра отырып, ермексазбен жұмыс орындау техникасын (домалақтау, жалпиту, шиыршықтау, ию) үйрету. Ұсақ саусақ моторикасын дамыту.			
Құндылықтар	Табиғатты аялау, достық, үнемшілдік, ептілікке баулу			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу.	Оқушылар сабақты бастамас бұрын бір-бірімен амандасады.		

	Оқушыларды түгендеу. «А-Я» әдісі Оқушылар сабақ басында бір-бірінің есімінің бас әрпінен басталатын әріптерден мінез-құлқын білдіретін сөздер айтады.	«А-Я» әдісі бойынша бүгінгі көңіл күйін білдіреді. Мәдина мықты. Айнұр ақылды. Әмина әдепті т.б.		
Сабақтың ортасы	- Балалар, бүгінгі сабағымыз ертегі және ойын түрінде өтеді. «Қожанасыр қоржыны» ойыны Мақсаты: оқушылардың ойлау қабілетін дамыту. «Еңбекке баулу» пәніне қызығушылығын арттыру. Шарты: тақтаға қоржын ілінеді. Бұл Қожанасырдың қоржыны, оның іші тапсырмалар мен сыйлықтарға толы екенін айтып, оқушыларға тапсырма тарату. Егер оқушы тапсырманы дұрыс орындаса, қоржыннан сыйлық алады. <i>1-тапсырма.</i> Жануарлардың мозайкасын құрастыру 1-топ «Қонжық» пазлын, 2-топ «Мысық» пазлын, 3-топ «Бұзау» пазлын құрастырады. Балалар пазлды ойдағыдай құрастырғаны үшін Қожанасырдың қоржынынан сыйлық бейнежазба ұсынылады. «Алан мен Дананың ермексазбен жұмыс істеуі» атты бейнежазба көрсетіледі. Бейнежазбада ермексаздың шығу тарихы, жасалу жолдары туралы қысқаша мағлұмат айтылған. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС	Оқушылар Қожанасырдың қоржынындағы тапсырмаларды орындап, ол жердегі сыйлықтарды алады. Егер оқушылар мозайканы дұрыс құрастырса, қоржынның ішінен сыйлық ретінде бейнежазба ұсынылады. Қожанасыр қоржынындағы үш тапсырманы орындайды. 1. Мозайка құрастыру 2. Ермексазбен жұмыс 3. Менің сөзім Дескрипторы: 1. Оқушылар мозайка құрастырады. 2. Үй жануарлар мен жабайы жануарларды ажырата алады. Бейнежазбаны көреді. Ермексаздың шығу тарихы, жасалу жолдары туралы қысқаша мағлұмат алады.	  <i>Жарайсың! Сен мені бүгін қуанттың!</i>	Қожанасыр қоржыны «Алан мен Дананың ермексазбен жұмыс істеуі» атты бейнежазба https://youtu.be/4FBqK2AvQEU



<https://qrmedia.kz/vFkpw>

Қауіпсіздік ережесін естеріне түсіру.
2-тапсырма.

Мысықты мүсіндеу

Қажетті құрал-жабдық: ермексаз.

Жұмыстың орындалу реті:

1. Өзің қалаған түсті ермексазды ал.
 2. Ермексазды бірнеше бөліктерге бөліп, домалақта.
 3. Үлкен бөліктен мысықтың денесін жаса.
 4. Кішірек домалақтан үшбұрыш пішінде мысықтың басын жаса.
 5. Аяқтарын ұзынша, сопақша пішінге келтір.
 6. Кішкентай бөліктен үшбұрыш етіп екі құлағын жаса.
 7. Көзі үшін қара және ақ түсті ұсақ дөңгелектер дайында.
 8. Үлгіге қарап, дайын болған дене мүшелерін біріктірің.
- Тамаша, балалар, тапсырманы дұрыс орындағандарың үшін Қожанасырдың қоржынынан «Мақтақыз бен мысық» ертегісін көреміз.

Сергіту сәті

Оқушылар «Мақтақыз бен мысық» ертегісін көріп, сергиді.

Ермексазбен жұмыс жасау ретін, жұмыс барысындағы қауіпсіздік туралы естеріне түсіреді.

Мысық мүсінін ермексаздан жасайды. Үлгі бойынша мысықтың дене мүшелерін жасап, біріктіреді.

Дискрипторы:

1. Ермексазбен жұмыс жасайды.
2. Мысықтың мүсінін жасап үйренеді.
3. Қол моторикасы дамиды.



Жұмыстарын жасап болған соң Қожанасырдың қоржынынан «Мақтақыз бен мысық» ертегісін көреді.



Қауіпсіздік ережесі

«Сүйкімді мысық» бейнежазба

«Мақтақыз бен мысық»
<https://youtu.be/reRCoxcjenE>

Сабақтың соңы

«Көрсет және әңгімеле» әдісі


Әр оқушы өзі жасаған сүйкімді мысығын сыныптастарына таныстырып, сипаттап береді. Мүсіндеу барысындағы кездескен қиындықтары мен оңай болған жерлерін айтады. Жасаған жұмыстарын қорғап, оны сипаттауды үйренеді.


Бүгінгі тақырып бойынша жасаған сүйкімді мысықтарын сипаттап, әңгімелеп береді және кездескен қиындықтар мен оңай болған жерлері жайлы айтады.



Рефлексия	«Менің сөзім» әдісі Сыныптан бір оқушыға көк жалауша беріледі, жалаушаны алған оқушы тұрып, бүгінгі үйренгендерін қорытындылап айтады. Айтып болған соң басқа бір оқушының атын атап, жалаушаны ұсынады. Ол оқушы жалғастырып, сабаққа рефлексия жасайды. Барлық оқушы сабақты осы ретпен қорытындылап аяқтайды.	Оқушылар сабаққа рефлексия жасайды. - Маған сабақта ермексазбен жұмыс жасаған ұнады. - «Мақтаңыз бен мысық» ертегісін көрдім. - Ермексаз туралы көріп, таныстым. Барлық оқушы осы ретпен сабақты қорытындылайды.		Көк жалауша 
------------------	---	--	--	--

Пәні:	Еңбекке баулу				
Күні:					
Бөлім:	Саяхат				
Педагогтің аты-жөні:					
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	19-сабақ СИММЕТРИЯЛЫ ФИГУРАЛАР				
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.1.3.1 шығармашылық идеяларды жоспарлау және әзірлеу кезінде әртүрлі материалдармен және құралдармен жұмыс істеу дағдыларын меңгерту 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу				
Сабақтың мақсаты	Оқушыларды симметриялы пішіндермен таныстыру, фигураларды салыстырмалы түрде ажырата білу.				
Құндылықтар	Табиғатты аялау, достық, үнемшілдік, ептілікке баулу				
Сабақтың барысы					
Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті		Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. «Сұхбат» ойыны Оқушыларды 4 түрлі сурет арқылы шағын топтарға бөлу. Топта балалар өз тобына берілген сурет туралы бір-біріне толық сипаттап, сұхбат береді (бүгінгі көңіл күйі қандай, суретте не бейнеленген, ол не үшін қажет, оның пішімі қандай).	Оқушылар сабақты бастамас бұрын бір-бірімен амандасады. Шағын топта сұхбат сияқты пікірлерін, бүгінгі көңіл күйі қандай екенін айтады. Суретте қарындаш (көк қарындаш, сырты қатты, үшкір, ...) т.б. Ара (түсі сары, арасында қара жолақтары бар, оның тұмсығында үшкір инесі бар, ол шағады) т.б.	Мадақтау Жарайсың! Тамаша! Бәрекелді!	
Сабақтың ортасы	- Балалар, бүгін сендер сипаттаған суреттердің барлығы да симметриялы. Олай болса, біз бүгін симметрия не екенін білеміз. Мұғалімнің түсіндірмесі Симметрия туралы мағлұмат, түсінік береді. Симметриялы пішіндер туралы түсіндіреді. 1-тапсырма. Оқушыларға әртүрлі пішінді фигуралар беріледі (шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрыш, шеңбер), солардың симметриясын табу жолдарын көрсетеді. Көбелек, қоңыз, шыбын, алма, қызанақ, алмұрт, мысық суреттерінің симметриясын табуды үйретеді.  Сергіту сәті Оқушыларға тақырыпқа байланысты жұмбақтар жасырады.	Мұғалімнің түсіндірмесі бойынша симметрия туралы түсінік алады.  Берілген пішіндерді қағазға сызып, бүктеп, симметриясын табады. Үлестірілген суреттерді сипаттап, симметриясын табуды үйренеді.  Дескрипторы: 1. Заттардың симметриясын табады. 2. Симметрия жайлы ақпарат алады. Жұмбақтардың жауабы арқылы практикалық жұмыстың тақырыбы	Ауызша бағалау Жарайсың! Тамаша! Бәрекелді!	Көбелек, қоңыз, шыбын

 https://qrmedia.kz/uTLaE	ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС Жұмыс бастар алдында қауіпсіздік ережесін еске түсіру. <i>2-тапсырма. Қызанақ пен қиярды мүсіндеу</i> <i>Қажетті құрал-жабдық:</i> қызыл және жасыл түсті ермексаз. <i>Жұмыстың орындалу реті:</i> 1. Үлгі бойынша қызыл ермексаздан домалақтап қызанақ пішінін жаса. 2. Қызанақтың сабағын, жапырағын жасыл түсті ермексаздан жасап, жабыстыр. 3. Жасыл ермексаздан жалпақтау, сопақша пішінді қияр жаса. 4. Қиярдың сабағын қою жасыл түсті ермексаздан шиыршықтап жаса. Сергіту сәті Көгөніс, жеміс-жидек туралы ән тыңдау арқылы бой сергітеді.	шығады. Жұмыс бастар алдында қауіпсіздік ережесін еске түсіреді. Дескрипторы: 1. Ермексазбен жұмыс жасайды. 2. Қызанақ пен қиярды рет-ретімен жасап үйренеді. 3. Қол моторикасы дамиды.  Қызанақ туралы әнге қосылып, қимыл жасайды.	Мадақтау	QR код арқылы бейнежазба Көгөніс туралы ән https://youtu.be/g-8vvEE7VeQ
Сабақтың соңы	«Галереяны аралау» әдісі Оқушылардың жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.	Өзінің жасаған жұмысымен таныстырады, дайын жұмысын көрмеге қояды.	Бірін-бірі бағалау	
Рефлексия	«Кемпірқосақ» әдісі Тақтадағы кемпірқосақ суретіне өз есімі жазылған стикерді желімдейді. Ең төмендегі қызыл түстен ең жоғары орналасқан күлгін түске стикерді желімдеу арқылы өзінің сабақтағы түсінігін (немесе көңіл күй) деңгейін білдіреді.	Бүгінгі сабақтан алған білімін, әсерлерін, қызықты өткен сәттерін кемпірқосаққа стикер жапсыру арқылы анықтайды.		Кемпірқосақ 

Пәні:	Еңбекке баулу
Күні:	

Бөлім:	Саяхат			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	20-сабақ. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕГІНЕ САЯХАТ			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.2.2.2 шығармашылық жұмыстарды жасау кезінде ұлттық мәдениеттің элементтерін атау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Қазақтың қарапайым ою-өрнектерінің түрлерін ажырата алады. Оларды шығармашылық жұмыста қолдану барысында қию, желімдеу, бүктеуді үйрету.			
Құндылықтар	Ұлттық құндылықтарды құрметтеу, дәріптеу			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. «Жүректен жүрекке» әдісі Бүгінгі сабақта көңіл күйлері көтеріңкі болу үшін оқушыларға жүрекшелер таратылады. Сол жүрекшені қасында отырған көршісіне ізгі тілек айтып сыйлайды.	Оқушылар сабақты бастамас бұрын мұғаліммен және бір-бірімен амандасады. Мұғалім берген жүрекшені көршісіне бүгінгі күнге, сабаққа ізгі тілек тілеу арқылы сыйлайды. Мысалы: - Аружан, бүгінгі күнің сәтті өтсін! - Қуаныш, бүгінгі сабаққа жақсы қатысуыңа тілектеспін!		
Сабақтың ортасы	Мұғалімнің түсіндірмесі - Балалар, бүгін біз қазақтың ұлттық ою-өрнегіне саяхат жасаймыз. Оқушыларға қазақтың ұлттық ою-өрнегі туралы мағлұмат, түсінік беріледі. «Ою-өрнектердің мағынасы» атты бейнежазба бойынша саяхат жасау. Бейнежазбадан қазақтың бірнеше ұлттық ою-өрнегінің үлгілерін көрсету.	Дескрипторы: 1. Қазақтың ұлттық ою-өрнегі жайлы мағлұмат алады. 2. Бейнежазбаны көріп, олардың түрлерімен танысады. 3. Өздеріне түсініксіз жерлері болса, сұрақтар қояды.		Ою-өрнектердің мағынасы https://youtu.be/3PF0tjDBs9s Қазақтың



<https://qrmedia.kz/8cClx>

ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

Жұмыс бастар алдында қауіпсіздік ережесін еске түсіру.

1-тапсырма.

Бейнежазбадан сәнді сөмкенің жасалу үлгісін қарайды.

Сөмке неден, қалай жасалатынын біледі.

- Балалар, бүгін біз түрлі түсті фетр қағаздан сәнді сөмке жасаймыз.

Әр оқушы А4 форматты түрлі түсті фетр қағаздарын дайындайды. Одан өздеріне ыңғайлы етіп кішігірім сәнді қол сөмкені қарапайым тәсілдермен өлшеп, белгілеп, пішінін келтіріп қиып, жинақтап, біріктіру арқылы жасайды.

2-тапсырма. Сәнді сөмке жасау

Қажетті құрал-жабдықтар:

А4 форматты фетр және қайшы, ПВА желімі, сөмке мен оюдың дайын үлгісі.

Жұмыстың орындалу реті:

1. А4 форматты фетрді ұзындығы бойынша екіге бүктейді.
2. Бүктелген фетрге дайын сөмкенің үлгісін бастырып сыз, сызық бойымен қиып ал.
3. Қиып алынған фетрдің екі шетіне ПВА желімін жағып біріктірі.
4. Дайын үлгідегі берілген ою-өрнекті сары фетрге бастырып сыз, сызық бойымен қиып ал.
5. Дайын болған сөмкеге қиылған оюды желімде.

Практикалық жұмыс алдында әр сабақта айтылатын қауіпсіздік ережесін қайталап естеріне түсіреді.

1-тапсырманы орындайды (бейнежазба көреді).


Бүгінгі тақырыпқа байланысты бірнеше тапсырма орындайды.

Практикалық жұмыс істеу үшін қажетті құрал-жабдықтарын дайындап алады.

Фетр қағаздан үлгіге қарап, рет-ретімен сәнді сөмке жасайды (қарапайым тәсілмен өлшеп, белгілеп, пішінін келтіріп қиып, жинақтап біріктіреді).

Дескрипторы:

1. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері туралы түсінігі артады.
2. Сөмкенің жасалу жолын үйренеді.
3. Дайын сөмкеге қиылған оюды желімдеп біріктіреді.
4. Қол моторикасы дамиды.



ұлттық ою-өрнегі
№1 қосымша

Қауіпсіздік
ережесі

Бейнежазба
<https://youtu.be/FAWHw4xTs0U>

QR код
арқылы
бейнежазба

Сергіту сәті

	Сергіту сәті «Ұшты-ұшты» ойыны Мұғалім оқушыларға ұшатын және ұшпайтын заттарды айтады. Ұшатын затты айтқан кезде оқушылар ұшу қимылдарын жасайды, ұшпайтын зат болса, қимылсыз тұрады.	«Ұшты-ұшты» ойынымен сергиді. <i>Ұшты-ұшты, құс ұшты. (Қол көтеру)</i> <i>Ұшты-ұшты, қыс ұшты. (Көтермейді)</i> <i>Ұшты-ұшты, ұшақ ұшты. (Қол көтеру)</i> <i>Ұшты-ұшты, тымақ ұшты. (Көтермейді)</i>		
Сабақтың соңы	«Шеринг» әдісі Бүгінгі тақырыпқа байланысты сұрақ қояды. - Сәндік қолданбалы өнер дегеніміз не? - Сәндік қолданбалы өнердің қандай түрлерін білесің? - Сәндік қолданбалы өнерден қандай бұйым жасадық?	Оқушылар үш топқа бөлініп, шеңбер бойымен, өтілген тақырып бойынша берілген сұрақтар арқылы ойын жинақтап, пікір алмасады, кезекпен барлығы жауап береді.		
Рефлексия	«Плюс, минус, қызықты» әдісі Плюс – сабақ түсінікті, ұнады Минус – ақпарат керексіз, пайдасыз Қызықты – қызығушылық тудырды	Бүгінгі сабақтан алған әсерлерін білдіру арқылы рефлексияны орындайды.	  	


Пәні:	Еңбекке баулу		
Күні:			
Бөлім:	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті		
Педагогтің аты-жөні:			
Сынып: 1	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың	21-сабақ СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР		

тақырыбы				
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.1.2.1 материалдарды пайдалану, қолдану мүмкіндіктерін қарастыру 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Оқушыларға сәндік қолданбалы өнер туралы мағлұмат беру арқылы қарапайым ою-өрнектері түрлерімен таныстыру. Ою-өрнектерді бүктеу, қию, желімдеуді үйрету.			
Құндылықтар	Ұлттық құндылықтарды құрметтеу, дәріптеу			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. «Жақсылық тамшысы» әдісі Мұғалім оқушыларды шеңберге тұрғызады. Оқушылар бір-бірінің жақсы қасиеттерін, тілектерін айтады.	Оқушылар сабаққа назар аударады, мұғаліммен және бір-бірімен амандасады. Шеңбер жасап тұрады, бір-бірінің жақсы қасиетін айтады, бүгінгі күнге тілектерін білдіреді.		
Сабақтың ортасы	«Ойқозғау» әдісі Оқушыларға жаңа білімді меңгерту бойынша сұрақ қоя отырып жаңа сабақтың тақырыбы ашылады. Мұғалімнің түсіндірмесі - «Сәндік-қолданбалы өнер» дегеніміз не? - Балалар, бүгінгі сабақта «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» атты жаңа бөлім бастаймыз. Бұл бөлімде қазақ халқының сәндік қолданбалы өнері, ауыз әдебиеті, салт-дәстүрлері, ою-өрнектері туралы білесіндер. Ауыз әдебиеті – халық шығармашылығының айрықша саласы, ауызша шығарылып, ауызша тараған көркем-әдеби туындылардың жиынтық атауы. Ауыз әдебиетінің түрлері – ертегілер,	«Ойқозғау» әдісі бойынша мағлұматтар алады, мұғалімнің түсіндірмесіне назар аударады. Сәндік-қолданбалы өнер туралы біледі. Дескриптор: 1. Сәндік қолданбалы-өнер туралы мағлұмат алады. 2. Бейнежазбаны тамашалап, бүгінгі тақырыпты толық түсінеді. Мұғалімнің түсіндірмесін тыңдап, ауыз әдебиетімен және оның оның түрлерімен танысады.	Смайл арқылы бағалау  Стикер арқылы бағалау	

 https://qrmedia.kz/hmX6M	тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, батырлық (эпостық) жырлар, ғашықтық (лиро-эпостық) жырлар, аңыз әңгімелер, айтыстар, шешендік сөздер. - Балалар, осы аталған ауыз әдебиетінің қандай түрімен таныссыңдар? Мұғалім сәндік-қолданбалы өнер туралы мағлұмат, түсінік береді (толық нұсқа №1 қосымшада). «Сәндік-қолданбалы өнер» атты бейнежазбаны көрсету. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС <i>1-тапсырма. Ермексазdan кесе жасау</i> <i>Жұмыстың орындалу реті:</i> 1. Кесе мүсінін жасау үшін өзіңе ұнаған ермексаз түсін (қызыл, сары, жасыл) ал. 2. Үлгі бойынша бірінші домалақтап ал. 3. Домалақ ермексаздың ішкі жағын басбармақпен айналдыра шұңғыл етіп жаса. 4. Жасалған кесенің сыртын әшекейле. Сергіту сәті «Мен қазақтың» бейнежазбасын қою.	Ертегі, жұмбақтар, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер туралы айтады. «Сәндік-қолданбалы өнер» бейнежазбасын көреді. Әр сабақта айтылатын қауіпсіздік ережесін қайталап, естеріне түсіреді. Ермексазdan үлгіге қарап, рет-ретімен кесе жасайды. Дескрипторы: 1. Ермексазбен жұмыс жасайды. 2. Кесе мүсінін рет-ретімен жасап үйренеді. 3. Қол моторикасы дамиды. Бейнежазбаға қарап жаттығулар жасайды.		№1 қосымша Сәндік қолданбалы өнер https://youtu.be/Eq6cCrdSqmng Қауіпсіздік ережесі Сергіту сәті https://youtu.be/J846twhH8PA
Сабақтың соңы Рефлексия	«Текемет» әдісі Оқушылардың жұмыстарын жеке-жеке көріп, тексеріп, көрмеге ұсынады. «Плюс, минус, қызықты» әдісі Үш бағаннан тұратын кестені толтыру ұсынылады. <i>Плюс – сабақ түсінікті, ұнады</i> <i>Минус – бұл ақпарат керексіз, пайдасыз</i> <i>Қызықты – қызығушылық тудырды</i>	Өздері жасаған жұмысымен таныстырады, дайын жұмыстарын көрмеге ұсынады. Рефлексияны жазбаша орындайды. Өзі қалаған кесте бөлігіне «плюс», «минус», «қызықты» таңбасының бірін қояды.	  	

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	22-сабақ ҚАЗАҚТЫҢ СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІ			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.2.2.1 қарапайым тәсілдермен материалдардың құрамын зерттеу және дайындау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Қарапайым әдістер мен тәсілдер пайдаланып, материалдарды және құралдарды қолдану, эксперимент жүргізе отырып, қазақтың сәндік-қолданбалы өнерінің қарапайым ою-өрнектері түрлерін таныстыру. Қию, желімдеу, бүктеу арқылы ою-өрнектерді оюды үйрету.			
Құндылықтар	Ұлттық құндылықтарды құрметтеу, дәріптеу			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. «Пантомима» әдісі Оқушылар орындарынан тұрып, кезекпен өз сезімдерін ым-ишарамен білдіреді. Алдымен ұлдар, сонан соң қыздар көрсетеді. Барлығы ыммен бүгінгі күнге сәттілік тілегін көрсетіп болған соң шапалақ соғады.	Оқушылар сабақты бастамас бұрын мұғаліммен және бір-бірімен амандасады. Бір-біріне ым-ишарамен өз сезімін көрсетеді. Алдымен ұлдар, сонан соң қыздар көрсетеді. Соңында барлық оқушы қол шапалақтайды.	Шапалақ тау	«Пантомима» әдісі 
Сабақтың ортасы	«Диалогтік» оқыту әдісі Алдыңғы тақырыпты қайталау, бүгінгі	Оқушылар әрқайсысы өз ойын айтады.		Қазақтың сәндік

Тыңдалым	сабақпен байланыстыру. «Қазақтың сәндік қолданбалы өнері» тақырыбындағы бейнежазбаны тыңдатады. Өткен және бүгінгі сабақ тақырыптарының бір-бірінен қандай ұқсастығы мен айырмашылығы бар екенін түсіндіреді. Мұғалімнің түсіндірмесі Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері туралы мағлұмат бере отырып, қарапайым әдіс-тәсілдерді пайдаланып, табиғи және жасанды материалдармен эксперимент жүргізеді. Жұмысты бастар алдында қауіпсіздік ережесін еске түсіру.  ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС <i>1-тапсырма.</i> Алқа және моншақ туралы мағлұмат береді. «Ұлт жауһарлары» фотожинағын көрсетеді. Алқа, моншақ, бойтұмардың айырмашылығын ажыратуды үйретеді. <i>2-тапсырма. Фольгадан алқа жасау</i> Оқушылар анасына арнап фольгадан алқа жасайды (бейнематериал). <i>Қажетті құрал-жабдықтар:</i>	Тақырып бойынша бейнежазбаны тыңдайды. Түсініксіз жерлері болса, сұрақтар қояды. Табиғи және жасанды материалдармен эксперимент жасап, сәндік қолданбалы өнердің бірнеше қырымен танысады. Дескрипторы: 1. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері туралы мағлұмат алады. 2. Тыңдалым арқылы бүгінгі тақырыпты толық түсінеді. Қауіпсіздік ережесін естеріне түсіреді. Қажетті құрал-жабдықтарын дайындап алады. Қағаздан үлгіге қарап, рет-ретімен алқа жасайды. Дескрипторы: 1. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері туралы түсінігі молаяды. 2. Алқа және моншақ туралы мағлұмат алады. Алқа, моншақ, бойтұмарды бір-бірінен ажырата алады. 3. Өз қолынан сыйлық жасап үйренеді. 4. Қол моторикасы дамиды.	Мадақтау Ынталандыру Мадақтау Бірін-бірі бағалау	қолданбалы өнері №1 қосымша Қауіпсіздік ережесі Бахаргүл Төлегеннің «Ұлт жауһарлары» кітабы
-----------------	--	---	--	---

 https://qrmedia.kz/dqSzE	фольга, қайшы, жіп. <i>Жұмыстың орындалу реті:</i> 1. Фольганы бірдей көлемде бірнешеу қылып кесіп, дайындап ал. 2. Жіпті 70 см етіп өлшеп, оны 4 қабатта. 3. Қиылған фольгаларды моншақ тәріздес дөңгелетіп умаждап, жіпке жапсырып тіз. Сергіту сәті «Қара жорға» биін билеп сергиді.	 Экранға қарап, «Қара жорға» биінің қимылдарын жасайды.	QR код арқылы бейнематериал Қара жорға https://youtu.be/tLmhYawWYOO
Сабақтың соңы Рефлексия	«Он сұрақ» әдісі Бүгінгі өткен тақырып бойынша оқушылардың ойын жинақтау, алған білімдерін түйіндеу, сабақты қорытындылау. Мұғалім бір оқушыны таңдап, оның маңдайына негізгі сабаққа байланысты бір сөзді жапсырады. Қатысушы сыныпқа сұрақ қояды, оған «иә» немесе «жоқ» деген жауап беру керек. - Ол әшекей ме? - Ол үй жиһазына жата ма? - Ыдыс-аяқты сақтайтын бұйым ба? - Оны күнделікті пайдаланамыз ба? «Білезік» әдісі Оқушыларға қызыл, сары, жасыл білезіктер беріледі. Сабақты түсіну деңгейіне қарай қолдарына үш түрлі білезіктің бірін кию ұсынылады.	Оқушылар алған біліміне сүйене отырып, бүгінгі тақырыпты қорытындылайды. Мұғалім таңдаған оқушы маңдайындағы жасырылған негізгі сөзді табу үшін сұрақтар қояды, сол арқылы бүгінгі сабаққа қатысты ұғымды табады. «Он сұрақ» әдісінде ойынға бірнеше оқушы қатысады. Оқушыларды мұғалім таңдап алып отырады. Оқушылар өз деңгейіндегі білезікті таңдау арқылы бүгінгі сабаққа кері байланыс жасайды. <i>Жасыл білезік – сәндік қолданбалы бұйымдарды білдім</i> <i>Сары білезік – маған мұғалімнің көмегі</i>	Смайл арқылы бағалау  <i>Жарайсың! Сен мені бүгін қуанттың!</i> «Білезік» әдісі 

	Оқушылар қазақтың сәндік қолданбалы өнерін қаншалықты түсінгенін үш түрлі білезік арқылы жеткізеді.	қажет Қызыл білезік – маған әлі де көмек қажет		
--	---	--	--	--

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	23-сабақ ҚАҒАЗДАН ОЮ-ӨРНЕК ҚИЮ			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.2.3.2 өзінің мүмкіндігіне қарай жұмыс орнында гигиеналық талаптарды білу және сақтау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Оқушыларға шығармашылық жұмыстарды жасау барысында қағаздан ою-өрнектерді қиюды үйрету. Қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып еңбекқорлыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа баулу.			
Құндылықтар	Ұлттық құндылықтарды құрметтеу, дәріптеу			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. «Көршіңмен сырлас» әдісі Оқушыларды өз ойын ауызша білдіруіне үйрету. Сұрақ қойып, ойлануына уақыт беру. Өз ойын көршісімен бөлісіп, ақылдасуын сұрау.	Оқушылар сабақты бастамас бұрын мұғаліммен және бір-бірімен амандасады. Оқушылар бір-бірімен өтілген тақырып бойынша сырласады. Сен қандай ою-өрнектерді білесің? Өткен сабақтарда ою-өрнектерді қию оңай болды ма? т.б. сұрақтарға жауап алынады.		
Сабақтың ортасы	«Үш сұрақ» әдісі Мұғалім жаңа тақырып бойынша үш	Оқушылар «Үш сұрақ» әдісі бойынша «Қайда? Қалай? Қандай?» сұрақтары	Басбармақ	

 https://qrmedia.kz/ZZwYi	терминді айтады (қайда? қалай? қандай?) Осы термин сұрақтары арқылы бүгінгі өтілетін тақырыпқа байланысты қысқаша түсініктеме айтып кетеді. <i>Қайда?</i> Ою-өрнек қайда қолданылады? <i>Қалай?</i> Ою-өрнек қалай жасалады? <i>Қандай?</i> Ою-өрнектің қандай түрлері бар. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС Алдымен қауіпсіздік ережесін еске түсіру. <i>1-тапсырма.</i> Қазақтың ою-өрнегі жайлы мағлұмат алады. Түсініксіз жерлері бойынша сұрақтар қояды. <i>2-тапсырма.</i> Қағаздан ою-өрнек қию <i>Қажетті құрал-жабдықтар:</i> қайшы, қарындаш, қағаз, өшіргіш, ою үлгісі. <i>Жұмыстың орындалу реті:</i> 1. Өзің таңдаған түрлі түсті қағазды ұзынынан екіге бүкте. 2. Бүктелген қағаздың үстіне дайын үлгідегі оюды қойып, бастырып сызып ал. 3. Сызық бойымен оюды қиып ал. 4. Өзіңнің жұмысыңды (эскиз, бұйым) қарапайым тәсілдермен таныстыр.	арқылы ою-өрнек туралы қысқаша мәлімет алады. Ою-өрнектің жасалу жолын, қалай пайда болғанын біледі. Ою-өрнектің түрлерін ажырата алады. Ою-өрнектердің қайда қолданылатынын түсінеді. Дескрипторы: 1. Қазақтың ою-өрнегі жайлы мағлұмат алады. 2. Бүгінгі тақырыпты толық түсінеді. 3. Түсініксіз жерлері бойынша сұрақтар қояды. Әр сабақта айтылатын қауіпсіздік ережесін қайталап, естеріне түсіреді. Оқушылар бүгінгі тақырыпқа байланысты бірнеше тапсырма орындайды. Қағаздан үлгіге қарап рет-ретімен ою-өрнек жасайды. Практикалық жұмыс жасау үшін қажетті құрал-жабдықтарын дайындап алады. Өзінің мүмкіндігіне қарай жұмыс орнында гигиеналық талаптарды, тазалықты сақтайды. Ою-өрнекті бүктеу арқылы қиып үйренеді.  Дескрипторы: 1. Таңдап алынған түрлі түсті қағазға	арқылы бірін-бірі бағалау  «Комментарий» арқылы бағалау Жарайсың! Тамаша! Керемет! «Басбармақ» арқылы бірін-бірі бағалау	Ою-өрнек Қауіпсіздік ережесі Ою-өрнек үлгісі
--	---	--	---	---

	Сергіту сәті «Көтермек» ойыны Ортаға екі бала шығып, бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бірінші екіншісін арқасына көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңілген бала өз өнерін көрсетеді.	оюды бастырып сызады. 2. Сызылған ою-өрнекті қайшымен қиып алады. 3. Қол моторикасы дамиды. Оқушылар мұғалімнің түсіндіруі бойынша «Көтермек» ойынын ойнайды.		Сергіту сәті 
Сабақтың соңы Рефлексия	Оқушылардың бүгінгі тақырыпты қалай түсінгенін білу үшін сұрақтар қояды. - Қандай ою-өрнектерді білесің? - Қандай топтарға топтастырдық? - Жануартекті өрнектерді ата. «Галереяны аралау» әдісі Оқушылардың жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру. «Кемпірқосақ» әдісі Тақтадағы кемпірқосақ суретіне өз есімі жазылған стикерді желімдейді. Ең төмендегі қызыл түстен ең жоғары орналасқан күлгін түске стикерлерді жапсыру арқылы өздерінің сабақтағы түсінігін (немесе көңіл күй) деңгейін білдіреді. <i>Бүгінгі сабақты толық түсіндім.</i> <i>Сабақты түсіндім, сұрағым бар.</i> <i>Бүгінгі сабақты түсінбедім.</i> <i>Маған сабақ қатты ұнады.</i>	Оқушылар бүгінгі тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. - Қошқармүйіз, ботакөз т.с.с. - Жануартекті, өсімдіктекті, геометриялық, космогониялық. - Ботатабан, қазмойын, қошқармүйіз. Дескрипторы: 1. Жұмысымен таныстырады. 2. Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастырады. Оқушылар бүгінгі өткен тақырып бойынша өзінің түсінгенін, үйренгенін, қызықты өткен тұстарын, жағымды әсерлерін, түсініксіз болған жерлерін айтып ой бөліседі. Бүгінгі сабақтан алған білімін кемпірқосаққа стикер жапсыру арқылы анықтайды.		Кемпірқосақ 

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	24-сабақ «ЖҰЛДЫЗ» ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ОЮ-ӨРНЕГІН ЖАСАУ			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.1.4.1 шығармашылық жұмысқа қажетті материалдардың түрлерін анықтау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Оқушылар материалдар мен құралдарды пайдалана отырып, «Жұлдыз» ою-өрнегін жасауды, қиюды үйренеді. Шығармашылығы, ойлау қабілеттері, қол моторикасы дамиды.			
Құндылықтар	Адамгершілік, достық, патриоттық			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. Психологиялық ахуал орнату. Нейрожаттығулар.	Оқушылар сабақты бастамас бұрын мұғаліммен және бір-бірімен амандасады. Қолға арналған нейрожаттығуларды жасайды.		
Сабақтың ортасы	«Мига шабуыл» әдісі 1. Қандай ою-өрнек түрлерімен таныс болдық? 2. Алдыңғы сабақта қандай ою-өрнек жасадық? 3. Қию, біріктіру кезінде қандай қиындықтар туындады? Өткен тақырыпта көрген бейнежазбаны қайта көруді ұсынады. Мұғалімнің түсіндірмесі	Оқушылар мұғалім қойған сұрақтарға жауап береді (аймүйіз, қосмүйіз, сыңармүйіз, қырықмүйіз, маралмүйіз, қошқармүйіз, өркешмүйіз). Ойын айтып, бүгінгі сабақ пен өтілген сабақтың байланысын түсінеді. Өткен сабақта көрген бейнежазбаны қайталап көреді. Бүгінгі сабақта геометриялық және космогондық оюлар туралы мағлұмат	Ауызша мадақтау	Ою-өрнектердің мағынасы https://youtu



<https://qrmedia.kz/9Huet>

Ою-өрнек түрлері туралы қосымша мағлұмат береді (толық нұсқа №1 қосымшада). Геометриялық, космогондық ою түрлерімен таныстырып, түсіндіру.

ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

Жұмыс бастамас бұрын ең алдымен қауіпсіздік ережесін еске түсіру.

1-тапсырма.

Жұлдыз, жұлдызды аспан туралы
бейнежазба көрсету.


2-тапсырма. «Жұлдыз» геометриялық ою-өрнегін жасау

Қажетті құрал-жабдықтар:

А4 пішімді түрлі түсті қағаз, дайын үлгі,
қайшы, желім.

Жұмыстың орындалу реті:

1. А4 пішімді түрлі түсті қағазға дайын үлгідегі «Жұлдыз» геометриялық оюларын бастырып сыз.
2. Сызылған оюларды сызық бойымен киып ал.



Сергіу сәті

«Мен қазақпын» бейнежазбасы арқылы сергіту сәті ұйымдастырылады.

алады.


Практикалық жұмыс жасау алдында әр сабақта айтылатын қауіпсіздік ережесін қайталап естеріне түсіреді.

Бүгінгі тақырыпқа байланысты
бірнеше тапсырма орындайды.

Үлгіге қарап, қағаздан рет-ретімен
жұлдыз оюын жасайды.

Дескрипторы:

1. Бейнежазбадан жұлдыз және геометриялық ою-өрнек жайлы мағлұмат алады.
2. Дайын үлгідегі «Жұлдыз» геометриялық оюларын бастырып сызады.
3. Сызылған оюларды қиып алады.



Сергіту сәтінде бейнежазбадағы іс-
әрекеттерді орындайды.



Стикер
арқылы
бағалау

Бірін-
бірі
бағалау



u.be/3PF0tjDBs9s

Жұлдыз,
жұлдызды
аспан
суреттері
<https://youtu.be/1u1OIrruKqE>

Мен
қазақпын
[https://www
.youtube.co
m/watch?v=
J846twhH8
PA](https://www.youtube.com/watch?v=J846twhH8PA)

Сабақтың соңы

«Допты лақтыру» әдісі

Мұғалім допты лақтырып, сұрақ қояды.
Допты қағып алған оқушы сұраққа жауап

Оқушы сұрақ жауап береді, өзінің сұрағын қояды. Егер оқушы сұраққа жауап бере алмаса, допты басқа

Стикер
арқылы
бағалау

Доп

	беріп, өзінің сұрағын қояды. Егер оқушы сұраққа жауап бере алмаса, допты басқа оқушыға береді. Бұл әдіс теориялық сұрақтарды бағалауға, тілдік мақсаттардың орындалуына көмек береді. «Артығын тап» ойыны Бүгінгі және алдыңғы тақырып бойынша суреттер қойылады, соның ішінен артығын алып тастайды.	оқушыға береді. Бұл әдіс теориялық сұрақтарды бағалауға, тілдік мақсаттардың орындалуына көмек береді. «Артығын тап» ойынын ойнайды. Тақтаға (оюлар, зергерлік бұйымдар, жануарлар, көлік) суреттері ілінеді, оқушылар артығын тауып, алып тастайды.		
Рефлексия	«Бағдаршам» әдісі Мұғалім оқушылардан өз жұмысының нәтижелері бойынша оқу мақсатына қаншалықты жеткендігін және өзінің біліміне қаншалықты сенімді екендігін көрсетуді сұрайды. <i>Жасыл – мақсатқа қол жеткізілді</i> <i>Сары – кеңес, көмек қажет</i> <i>Қызыл – жетістік жоқ</i>	«Бағдаршам» әдісі арқылы өз жұмысының нәтижесі бойынша оқу мақсатына қаншалықты жеткендігін және өзінің біліміне қаншалықты сенімді екендігін көрсетеді.		

Пәні:	Еңбекке баулу		
Күні:			
Бөлім:	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті		
Педагогтің аты-жөні:			
Сынып: 1	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	25-сабақ «ЖҰЛДЫЗ» ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ОЮ-ӨРНЕГІН ЖАСАУ		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.3.1.1 өзінің жұмысын таныстыру (көрме) 1.3.2.1 мүмкіндігіне қарай орындалған жұмысты талқылау және бағалау		

Сабақтың мақсаты	Материалдар мен құралдарды пайдалана отырып «Жұлдыз» ою-өрнегін жасауды, қиюды үйрету. Оқушылардың шығармашылық, ойлау қабілеттерін, қол моторикасын дамыту.			
Құндылықтар	Адамгершілік, достық, патриоттық			
Сабақ барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. Психологиялық ахуал орнату «Бір тілек, бір мақтау» әдісі бойынша мұғалім оқушыларға бүгінгі сабаққа бір тілек, бір мақтау айтқызады.	Оқушылар сабақты бастамас бұрын мұғаліммен және бір-бірімен амандасады. Оқушылар шеңбер жасап, бір-біріне бір тілек, бір мақтау айтады. Мысалы: «Бүгінгі сабақта саған тілерім ең жоғарғы баға ал, сен ең ақылды оқушысың...» – деген сияқты тілек, мақтау айтады.		
Сабақтың ортасы	«Миға шабуыл» әдісі 1. Қандай ою-өрнек түрлерімен таныс болдық? 2. Геометриялық ою-өрнектің қандай түрі бар? 3. Алдыңғы сабақта қандай ою-өрнек жасадық? 4. Қию, біріктіру кезінде қандай қиындықтар туындады? Өткен тақырыпта көрген бейнежазбаны қайта көрсету. Мұғалімнің түсіндірмесі Ою-өрнек түрлері туралы мағлұмат, түсініктер береді. Геометриялық, космогондық ою түрлерімен таныстырып, түсіндіру. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС Жұмыс бастамас бұрын ең алдымен	Оқушылар мұғалім қойған сұрақтарға жауап береді. Геометриялық ою-өрнек түрлерін атайды (ромб, ирек, жұлдызша, үшбұрыш, көпбұрыш). Оқушылар бүгінгі сабақ пен өтілген сабақтың байланысы бар екенін түсінеді. Өткен сабақта көрген бейнежазбаны қайталап көреді. Геометриялық және космогондық оюлар туралы мағлұмат алады. Дескриптор «Жұлдызды аспан» атты бейнежазбаны көріп, жұлдыз түрлерімен танысады. Геометриялық, космогондық ою	Ауызша мадақтау	Ою-өрнектердің мағынасы https://youtu.be/3PF0tjDBs9s



<https://qrmedia.kz/9Huef>

қауіпсіздік ережесін еске түсіру.
Оқушыларға практикалық жұмыс барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескерту, ауызша және тақтада ілулі тұрған қауіпсіздік ережесін естеріне түсіріп қайталату.
1-тапсырма.

«Жұлдыз» геометриялық ою-өрнегін жасау

Қажетті құрал-жабдықтар:
А4 форматты түрлі түсті қағаз, дайын үлгі, желім, қайшы.

Жұмысты орындау барысы:

1. Дайын үлгідегі «Жұлдыз» геометриялық оюын түрлі түсті қағазға бастырып сыз.
2. Бастырылған оюларды сызық бойымен қиып ал.

Сергіту сәті

«Қарлығаш» әніне қосылып, би қимылдарын жасау.

түрлерімен танысады.
Алдымен әр сабақта айтылатын қауіпсіздік ережесін қайталап естеріне түсіреді.
Бүгінгі тақырыпқа байланысты бірнеше тапсырма орындайды.
Қағаздан үлгіге қарап, рет-ретімен «Жұлдыз» геометриялық ою-өрнегін жасайды.

Дескриптор:

1. Дайын үлгіні түрлі түсті қағазға бастырып сызып алады.
2. Бастырылып сызылған ою-өрнектерді қайшымен қияды.
3. Қол моторикасы дамиды.

«Қарлығаш» әнін айта отырып, бейнежазбадағы қимылдарды жасап сергиді.

Стикер арқылы бағалау



Бір-бірін бағалау



«Қарлығаш» әні
<https://youtu.be/dG3QKoAwovI>

Сабақ соңы

«Сұрақтарды қазып ал» әдісі
(Талқылау және бағалау)
Оқушыларға мұғалім жалауша береді, жалауша алған оқушы бүгінгі тақырыпқа байланысты сұрақтар құрастырады. Құрастырған сұраққа жауап берген оқушыға жалаушаны береді.
- «Сәндік-қолданбалы өнер» дегеніміз не?
- Сандық – әшекей ме?
- Ол үй жиһазына жата ма?

Оқушы жалаушаны алып, сұрақ құрастырады, жауап берген оқушыға жалаушаны береді.
Бұл әдіс теориялық сұрақтарды бағалауға, тілдік мақсаттардың орындалуына көмек береді

Стикер арқылы бағалау



Жалауша



	- <i>Ыдыс-аяқты сақтайтын бұйым ба?</i> - <i>Оны күнделікті пайдаланамыз ба?</i> - <i>Қандай ою-өрнектерді білесің?</i> - <i>Қандай топтарға топтастырдық?</i> - <i>Жануар тектес өрнектерді ата.</i> Бұл әдіс теориялық сұрақтарды бағалауға, тілдік мақсаттардың орындалуына көмек береді. «Артығын тап» ойыны Оқушылар бүгінгі және алдыңғы тақырып бойынша суреттер ішінен артығын алып тастайды (оюлар, зергерлік бұйымдар, жануарлар, көлік суреттері). Оқушылардың жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.	Оқушылар ойын ойнайды. Тақтаға суреттер (оюлар, зергерлік бұйымдар, жануарлар, көлік) ілінеді. Оқушылар артығын тауып, алып тастайды. Оқушылар жасаған жұмыстарын көрмеге ұсынады. Көрмеге қойылған жұмыстар бойынша өз ойын айтады. Салыну жолын талдайды.		
Рефлексия	«Жетістік баспалдағы» әдісі Оқушыларға сабақ соңында аттары жазылған стикерлер таратылып беріледі, өз аты жазылған стикерді жетістік баспалдағына апарып жабыстырады.	Оқушылар өзінің аты жазылған стикерді жетістік баспалдағына желімдейді.		

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Демалыс және хобби			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	26-сабақ ДӘН ТҰҚЫМЫНАН МОЗАЙКА ЖАСАУ			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.1.1.1 материалдардың атауын білу 1.2.1.1 түрлі материалдардың ерекшелігін түсіну (көркемдік, табиғи және жасанды) және құралдарды қолдану техникасын меңгеру			
Сабақтың мақсаты	Мозайка жайлы ұғымды, оның түрлерін, құрастыру және дән тұқымын қолдану әдіс-тәсілдерін үйрену.			
Құндылықтар	Төзімділікке, ептілікке, әсемдікке баулу			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Оқушыларды түгендеу. «Сәлемдесу рәсімі» жаттығуы - Балалар, менің қолымда оралған жіп бар. Мен бүгін сендердің қандай көңіл күймен келгендеріңді білгім келеді. Алдымен мен өзім туралы айтамын, сосын жіптің бір ұшын саусағыма байлап, қасымдағы оқушыға ұсынамын, ол өзінің көңіл күйі туралы айтып, көршісіне береді. Жаттығу осылай жалғаса береді.	Оқушылар сабақты бастамас бұрын мұғаліммен және бір-бірімен амандасады. Оқушылар шеңбер жасап тұрады. Мұғалім бүгінгі көңіл күйінің жақсы екенін айтып, сәлемдесу рәсімін бастайды, шеңбердің бойымен жаттығу жалғасады. - Менің көңіл күйім тамаша. - Сендерді көргеніме қуаныштымын. - Мен көңілдімін т.б.	Бірін-бірі бағалау (оқушылар бірін-бірі бағалайды)	 
Сабақтың ортасы	«Бір минуттық әңгіме» тәсілі Оқушылар қарама-қарсы сызық бойымен тұрып, бір-бірімен әңгімелесу арқылы өткен тақырып бойынша ой қорытады. Мұғалім ортаға ой қозғайтын сұрақтар береді. - Сен бос уақытыңда немен айналысасың?	«Бір минуттық әңгіме» тәсілі бойынша мұғалімнің сұрақтарына жауап береді. - Мен бос уақытымда ата-анама көмектесемін. - Бос уақытымда кітап оқимын, сурет саламын, қосымшаға барамын, домбыра	Жарайсың!	

	- Демалыс күніңді қалай өткізесің? - Хобби дегеніміз не? - Өзің ұнатып жасайтын жұмыстарың қандай? - Мозайка дегеніміз не? - Мозайка жасау үшін қандай материалдар қажет? т.б. - Балалар, бүгін біз жаңа бөлімді бастаймыз. «Демалыс және хобби» бөлімінде өзімізге ұнайтын жұмыстармен айналысамыз. Жұмбақ шешейік Ұзын мұртты сарылар, Қойнында наны бар. (бидай) Алыстан көрсем – ақ тас, Жақыннан көрсем – дәмді ас. (күріш) Бойы бір қарыс, Сақалы екі қарыс. (жүгері) Мұғалімнің түсіндірмесі Мозайка туралы естеріне түсіру, қайталау. Дәнді дақылдардан мозайка жасау ретімен таныстыру. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС Қауіпсіздік ережесін еске түсіру. - Балалар, өткен сабақта қағаздан сүйкімді кірпі жасаған едік, ал бүгін дәнді дақылдардан кірпінің мозайкасын жасаймыз. Сосын екі кірпіні салыстырамыз. 1-тапсырма. Кірпі мозайкасы Қажетті құрал-жабдықтар: кірпінің дайын үлгісі, ПВА желім, қарақұмық,	үйірмесіне барамын. - Хобби – өзіңе ұнайтын іспен айналысу. - Еңбек сабағында ермексазбен жұмыс жасау. Моншақпен жұмыс жасау, сурет салу, құрастыру жұмысы, қағазбен жұмыс істеу, ою-өрнектер қию т.б. - Домбыра тарту, сурет салу, құрастыру, ермексазбен жұмыс, пазлдар құрастыру т.б. Оқушылар бір-бірімен әңгімелесу арқылы өткен тақырып бойынша ой бөліседі. Жұмбақтарды шешеді, жұмбақтардың жауабы арқылы практикалық жұмыстың тақырыбы шығады: дәнді дақылдар (бидай, күріш, жүгері). Мозайка туралы мұғалімнің түсіндірмесін тыңдап, есіне түсіреді. Қауіпсіздік ережесін қайталайды. Практикалық жұмысқа қажетті құрал-жабдықтарын дайындап алады. Дескрипторы: - Заттардың сыртқы қасиеттері туралы ойымен бөліседі. - Дайын кірпінің суреті бар қағазды алып, кірпі суретінің үстіне толық ПВА желімін жағып шығады.	Мадақтау	
 https://qrmedia.kz/9YSwj			Қауіпсіздік ережесі	Бірін-бірі бағалау

	сары бұршақ. <i>Жұмыстың орындалу реті:</i> 1. Суреттегі дайын кірпінің үстіне ПВА желімін жағып шық. 2. Кірпінің тікенекті дене бөлігіне қарақұмықты жабыстыр. 3. Кірпінің бас бөлігіне, көзіне және аузының айналасына сары бұршақты жабыстыр. 4. Көзіне жабыстырылған бұршақты қарамен боя.	3. Кірпінің тікенекті дене бөлігіне қарақұмықты жабыстырады. 4. Бас бөлігіне, көзіне және аузының айналасына сары бұршақты жапсырады. 		
Сабақтың соңы	Сергіту сәті Би қимылдарымен сергіту сәтін жасату. «Венн диаграммасы» әдісі Бүгінгі сабақты қорыту. - Мозайка мен аппликацияның айырмашылығы қандай? - Мозайканы немен жасайды? - Бүгін ненің мозайкасын, неден жасадық?	Бейнежазбадағы би қимылдарын жасайды. «Венн диаграммасы» әдісі бойынша өткен сабақты қорытындылап, мозайка мен аппликацияның айырмашылығын, ұқсастығын, артықшылығын ажыратады.	Бірін-бірі бағалау (оқушылар бірін-бірі бағалайды)	https://youtu.be/bn5AzXrITvg
Рефлексия	«Бағдаршам» әдісі Оқушылардан өз жұмысының нәтижесін бағалауды сұрайды. <i>Жасыл – мақсатқа қол жеткізілді</i> <i>Сары – сенімсіздік бар, көмек керек</i> <i>Қызыл – жетістікке қол жеткізбеді</i>	Оқушылар бүгінгі сабақтағы жетістігін бағдаршамның түсі арқылы көрсетеді.		

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Демалыс және хобби			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	27-сабақ КӨБЕЛЕК МҮСІНІН ЖАСАУ			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.1.2.1 материалдарды пайдалану, қолдану мүмкіндіктерін қарастыру 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Оқушыларға көбелек туралы түсінік беру. Көбелекті мүсіндеу арқылы қолдың, саусақтың бұлшық еттерін жетілдіру, қимыл-қозғалыс үдерісін дамыту.			
Құндылықтар	Әсемдікке, ептілікке, ұқыптылыққа баулу			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. «Мига шабуыл» әдісі - Балалар, мен жұмбақ жасырамын, ал сендер жауабын тауып, сол арқылы бүгінгі сабақтың не туралы екенін білеміз. Жұмбақтар: Тісі қатты, Сілекейі тәтті. (Ара) Қырда ұшып, Қырға қонады. Гүл боп ұшып, Гүлге қонады. (Көбелек) Иісшіл – ит емес, Ұшады – құс емес. (Шыбын) Ұшағым бар кіші,	Оқушылар сабақты бастамас бұрын мұғаліммен және бір-бірімен амандасады. Оқушылар жасырылған жұмбақты шешеді: ара, шыбын, көбелек, инелік, маса.	Мадақтау	Жұмбақтар

	Мінбейді еш кісі. (Инелік)			
Сабақтың ортасы	Мұғалімнің түсіндірмесі - Балалар, біз жәндіктер туралы жұмбақ шештік. Осы жәндіктердің ішінде сендерге қайсысы ұнайды? Қай жәндіктер ұнамайды? «Кинометафора» әдісі Оқушының ой-өрісін, ақпарат алу дағдысын, ойлау қабілеттерін дамыту үшін бүгінгі тақырып бойынша көбелек туралы бейнежазба көрсетіледі. «Не көрдің, не білдің» әдісі - Бейнежазба не туралы? - Көбелек қалай пайда болады? - Көбелек ненің символы? - Бунақденелілердің ішінен көбелекті ажырат. - Монарх көбелегі туралы әңгімеле. - Көбелектің көз тартар алуан түстері жайлы ойыңды білдір. Сергіту сәті «Хоки-поки» биін қайталап, сергіту жасайды. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС Жұмыс бастар алдында қауіпсіздік ережесін еске түсіру. Оқушылар ермексазбен көбелек мүсінін жасайды. Алдымен алақанға ермексаздың шағын бөлігін үзіп, домалатып, дөңгелектеп алу. Рет-ретімен көбелектің денесін дайындау. Көбелек әдемі болып шығу үшін ашық түстерді таңдап алуды	Оқушылар ара, шыбын, маса жайлы өз пікірлерін, не үшін оларды таңдамағанын айтады. Дискрипторы: 1. Көбелек туралы бейнежазба көреді. 2. Бейнежазбадан бүгінгі тақырып бойынша ақпарат алады. 3. Өзінің ой-пікірін айтады. 4. Көбелек жаздың символы екенін айтады. 5. Көбелектің қалай пайда болатынын, түстерін айтады. Сергіту сәтін жасап, сергіп алады. Оқушылар әр сабақта айтылатын қауіпсіздік ережесін қайталап, естеріне түсіреді. Көбелек мүсінін ермексазбен жасайды. Үлгіге қарап, көбелектің дене мүшелерін жасап, біріктіреді. Дискрипторы: 1. Ермексазбен жұмыс істейді. 2. Көбелектің мүсінін рет-ретімен жасап үйренеді.	Жарайсың! Тамаша! Бәрекелді!	Көбелек туралы бейнежазба https://www.youtube.com/watch?v=xL3eGHgWdTI Сергіту сәті https://www.youtube.com/watch?v=Aph-kvnnANw Қауіпсіздік ережесі



<https://qrmedia.kz/1yvn3>

ұсынады.

1-тапсырма. Көбелек мүсінін жасау

Қажетті құрал-жабдықтар: өзіне ұнаған ермексаз және қатырғықағаз.

Жұмыстың орындалу реті:

1. Алдымен көбелектің денесін қоңыр түсті ермексаздан кішкентай сопақша пішінде жаса.

2. Көбелектің алдымен екі үлкен, сосын екі кіші қанатын түсті ермексаздан пішінін келтіріп, барлығын қатырғықағазға жапсыр.

3. Қанаттарды домалақ пішінді түстермен өз білгенінше безендір.

4. Жіңішке есілген ермексаздан көбелектің мұртшаларын жасап, басына жабыстыр.

2-тапсырма. Көбелек суретінің симметриясын табу

1. Оқушыларға көбелек суретінің сұлбасы таратып беріледі.

2. Олар сызықтың бойымен көбелекті қияды.

3. Дайын болған көбелек суретінен симметриясын табады.

Сергіу сәті

«Көбелектер биі» бейнежазбасын қойып, орындарында отырып қимылдар жасату. Көбелектің қимылы арқылы көзді тынықтырады.

Сабақтың соңы

«Заряд алу» әдісі

Оқушыларды шеңберге тұрғызады.

«Заряд алу» әдісін естеріне түсіреді.

3. Қол моторикасы дамиды,
ермексазбен жұмыс жасау арқылы
саусақтың бұлшық еттерін
шынықтырады.



Оқушылар көбелек суретінің симметриясын табуды үйренеді.

Дескрипторы:

1. Көбелек суретінің сұлбасын сызық бойымен қияды.

2. Симметрияны естеріне түсіреді.

3. Көбелекті сипаттап айтады.



Орындарында отырып көзге арналған жаттығуды орындайды.

Оқушылар бір-бірінің қолынан ұстап шеңберге тұрады, көзін жұмады. Бастаушы қасындағы баланың қолын 1 рет қысады,

Ауызша бағалау

Жарайсың!

Пішіні дұрыс
шықты!

Ауызша бағалау

Жарайсың!
Тамаша!
Бәрекелді!

Ауызша бағалау

Жарайсың!
Тамаша!

QR код
арқылы
бейнежазба
а

Көбелек
жасау

Көбелекте
р биі
<https://youtu.be/CVgPA1bays>

Рефлексия	«Таңдау» әдісі Оқушыларға бүгінгі тақырып бойынша карточкалар таратылып, сабаққа қатысу деңгейі мен сабаққа деген ынтасын білдіретін сөйлемдердің бірінің тұсына «+» белгісі қою тапсырылады. 1. Мен үшін сабақ қызықты болды. 2. Мен сабақта көп нәрсе үйрендім. 3. Мен пікірсайыстарға жиі қатыстым. 4. Мен басқаларды мұқият тыңдадым. 5. Мен сабақтағы өз жетістігіме ризамын.	екінші айналымда 2 рет қысады, соңында 3 рет қысады, бұл қол қысу жалғасып, бастаушыға қайта оралғанда қанша заряд жібергені бойынша қайта келуі тиіс. Бүгінгі тақырып бойынша рефлексия жасайды. Карточкаға сабаққа қатысу деңгейі мен ынтасын білдіретін сөйлемдердің бірінің тұсына «+» белгісін қояды.	Бәрекелді!	
------------------	---	--	------------	--

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Демалыс және хобби			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	28-сабақ ҰЛТТЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРДІ ПАЙДАЛАНЫП ЫДЫС-АЯҚ ЖАСАУ			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.2.2.2 шығармашылық жұмысқа қажет материалдардың түрлерін анықтау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Оқушыларға қағаздан ұлттық элементтерді пайдаланып ыдыс-аяқтарды біріктіру, құрастыру арқылы жасау тәсілін үйрету.			
Құндылықтар	Ұйымшылдық, ауызбіршілік, достық, үнемшілдік			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. «Өрмекшінің торы» әдісі Оқушылар бір-біріне жіпті беру арқылы жақсы тілектер айту.	Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушының қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады.		Тоқыма жіп 
Сабақтың ортасы Тыңдалым	«Тақырыпты теннис» тәсілі Оқушыларға тақырып бойынша сөз айтылады, әр оқушы сол сөздің мағынасын ашып береді (ыдыс, салт-дәстүр, тағам, көгөніс, жеміс, азық-түлік т.б.) Мұғалімнің түсіндірмесі Ыдыс-аяқ туралы мағлұмат беріледі. Оқушылар ыдыс-аяқ түрлерімен танысады және оны қай жерде қалай қолданатынын біледі. <i>1-тапсырма.</i> Оқушыларға бейнежазба көрсету. Қағаздан ыдыс-аяқ жасау жолын үйрету. Әртүрлі ыдыстардың суретімен таныстырады (тостаған, ожау, қазан, тәрелке, торсық, астау). Сергіту сәті Бейнежазбадағы кейіпкердің қимылдарын жасатып сергіту. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС Қауіпсіздік ережесін еске түсіру. <i>2-тапсырма.</i> Қағаздан тостаған жасау <i>Қажетті құрал-жабдықтар:</i>	Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін мұғалім бір сөз айтады, оқушылар сол сөздің мағынасын толық ашып, өз ойын ортаға салады. Оқушылар мұғалімнің түсіндірмесін мұқият тыңдайды. Дескрипторы: 1. Ыдыс-аяқтың қандай түрлері бар екенін біледі. 2. Бейнежазбаны көріп, ыдыс-аяқтың жасалу жолдарымен танысады. Бейнежазбадағы кейіпкердің қимылдарын жасайды. Әр сабақта айтылатын қауіпсіздік ережесін еске түсіреді. Қажетті құрал-жабдықтарды дайындап алады. Оқушылар қағаздан қию,	«Басбармақ» әдісі арқылы бағалау Жарайсың! Жақсы! Талпын! 	Стақан, тәрелке, тостаған, шәшке жасау https://youtu.be/8Et61zLfgjs https://youtu.be/LX_QbxRw9MM Сергіту сәті https://youtu.be/kUNpEqWBigs Қауіпсіздік ережесі

 https://qrmedia.kz/Ww758	қатырғықағаз, қайшы, желім, дайын үлгі, тоқыма жіп, лента. <i>Жұмыстың орындалу реті:</i> 1. Өзіңе ұнаған қатырғықағаздың түсін таңдап ал. 2. Берілген үлгіні бастырып сызып, қиып ал. 3. Қиылған үлгінің жоғарғы шетіне жиектеме жасап, лентаны жабыстыр. 4. Кендір жіптен орау арқылы оюлар жаса, оюларды желімде. Сергіту сәті Ыдыс жуу туралы өлеңді оқып, қимылмен келтіру. <i>Қане, қайда қолымыз, Шәйнек, кесе, ыдыстар Және үлкен табақ бар. Барлығын да жуамыз, Анамызға қамқормыз.</i>	желімдеу, орау тәсілімен тостаған жасайды. Дескрипторы: 1. Өзіне ұнаған қатырғықағаз түсін таңдап алады. 2. Бейнежазбадағы үлгі бойынша тостаған жасайды. 3. Тостағанның сыртын оюмен безендіреді. Оқушылар ыдыс жуу туралы өлеңді оқып, қимылмен келтіреді.	«Басбармақ» әдісі арқылы бағалау Жарайсың! Жақсы! Талпын! 	Сергіту сәті (авторы Б. Бөрібаев)
Сабақтың соңы Рефлексия	«Дастарқан» әдісі Бүгінгі жасаған ыдыстарынан көрме ұйымдастыру. Сұрақтар қою. <i>Қандай ыдыс-аяқ жасадық? Оны қалай, қай кезде пайдаланады? Қандай көне ыдыс түрімен таныс болдық?</i> «Жетістік баспалдағы» әдісі Оқушылар сабақ өз аты жазылған стикерді жетістік баспалдағына апарып жапсырады.	Оқушылар өз жұмыстарын таныстырады, көрмеге ұсынады. Сұрақтарға жауап береді. <i>Тостаған, ожау, торсық</i> деген сияқты жауаптар айтылады. Өзінің аты жазылған стикерді жетістік баспалдағына жапсырады.	«Басбармақ» әдісі арқылы бағалау	

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Демалыс және хобби			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	29-сабақ СЮЖЕТТІ АППЛИКАЦИЯ			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.2.2.3 айқындалған материалдармен қарапайым бұйымдар жасау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Сюжеттік аппликация түрлерімен таныстыру, алған білімдерін практикалық жұмыс барысында қолдану, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру.			
Құндылықтар	Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау			
Ресурстар				
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі «Сәлемдесу рәсімі» жаттығуы - Балалар, менің қолымда оралған жіп бар. Мен бүгін сендердің қандай көңіл күймен келгендеріңді білгім келеді. Алдымен мен өзім туралы айтамын, сосын жіптің бір ұшын қасымдағы оқушыға ұсынамын, ол өзінің көңіл күйі туралы айтып, көршісіне береді. Жаттығу осылай жалғасады. Геометриялық фигуралар бойынша сұрақтар: - Үш бұрышы, үш жағы бар. Ол пішінді кім табар?	Оқушылар сабақты бастамас бұрын мұғаліммен және бір-бірімен амандасады. Оқушылар шеңбер жасап тұрады. Мұғалім бүгінгі көңіл күйінің жақсы екенін айтып, сәлемдесу рәсімін бастайды, шеңбердің бойымен жаттығу жалғасады. Оқушылар мұғалімнің қойған геометриялық фигураларға арналған сұрақтарына жауап береді (үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер).	Жарайсың! Керемет! Жарайсың!	 

	- Төрт бұрышы, төрт қабырғасы бар. Бұл қай пішін? - Дөңгелек өзі ұқсайтын, Ерекше бір пішін бар, Атын оның атаңдар.		Тамаша! Бәрекелді!	
Сабақтың ортасы	«Мига шабуыл» әдісі Кешегі сабақты еске түсіру. Аппликация дегеніміз не? Аппликация жасау үшін қандай материалды пайдаланады? Мұғалімнің түсіндірмесі «Аппликация» атауы латынның «жабыстыру», «қиыстыру» деген сөзінен шыққан. Сюжеттік аппликация – бірнеше бөліктен құрастырылған іс-әрекетті білдіреді. Оның бірнеше түрі бар: қию, бүктеу, жапсырмалау, біріктіру. <i>1-тапсырма.</i> - Балалар, бүгін сюжетті аппликация құрастыру түрлерімен таныстық. Енді «Аппликация жасау жолдары» атты бейнежазба көреміз. Аппликация жасаудың қию, бүктеу, жапсырмалау, біріктіру жұмыс түрлері туралы бейнежазбаны көрсетеді. 1. Геометриялық фигуралардан құрастырылған аппликация. 2. Табиғи материалдардан (түсті қағаздан, мата, былғары) жасалған аппликация. Сергіту сәті «Бас, иық, тізе, аяқ» бейнежазбасын көру арқылы жаттығу жасау.	Оқушылар мұғалімнің сұрақтарына жауап береді. «Аппликация» атауы латынның «жабыстыру», «қиыстыру» деген сөзінен шыққанын айтады. Мұғалімнің түсіндірмесін мұқият тыңдайды, сюжетті аппликация жайында түсінеді. Дескрипторы: 1. Бейнежазбаны көреді, сюжетті аппликация түрлерімен танысады. 2. Қию, бүктеу, желімдеу, біріктіру сияқты жұмыс түрлерін үйренеді. Бейнежазбадағы кейіпкердің қимылдарын жасап сергиді.	Мұғалім әр баланың жауабын ауызша бағалайды Жарайсың! Тамаша! Бәрекелді!	Аппликаци я https://www.youtube.com/watch?v=oen1-Ob8IJM Сергіту сәті https://youtu.be/by8Nc



<https://qrmedia.kz/XvXyo>

ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС
Қауіпсіздік ережесін еске түсіру.
2-тапсырма. «Ауылдағы үй» сюжетті аппликациясы
Қажетті құрал-жабдықтар: түрлі түсті қағаз, қатырғықағаз, қайшы, ПВА желімі.
Жұмыстың орындалу реті:
1. Үлгіде көрсетілгендей аппликация құрастыру үшін қажетті геометриялық фигураларды қиып ал (бір үлкен және бір кішкентай тіктөртбұрыш, үш үлкен және үш кішкентай үшбұрыш, екі үлкен және бір кіші шеңбер).
2. Қиып алынған фигуралардан қатырғықағазға үлкен тіктөртбұрышты үйдің қабырғасы етіп жабыстыр, шатыры ретінде үлкен үшбұрышты желімде.
3. Ағашты жасау үшін алдымен қоңыр түсті діңін жапсырып, үстіне үлкен жасыл дөңгелекті желімде.
4. Шыршаны жасау үшін үшбұрыштарды үлкенінен бастап кішісіне дейін үшеуін жабыстыр.
5. Қоңыр түсті қағаздан ұзын жіңішке төртбұрыш қиып алып, шыршаның төменгі бөлігіне жабыстыр.
6. Күнді жасау үшін кішкентай сары дөңгелекті жоғарыға жапсырып, ұзын етіп қиылған күннің сәулелерін жабыстыр.

Әр сабақта айтылатын қауіпсіздік ережесін қайталап, есіне түсіреді. Бүгінгі тақырыпқа байланысты «Ауылдағы үй» сюжетті аппликациясын жасайды.

Дескрипторы:

1. Қажетті құрал-жабдықты дайындап алады.
2. Үлгі бойынша үш үлкен және үш кішкентай үшбұрыш, екі үлкен және бір кіші шеңбер, бір үлкен және бір кішкентай төртбұрыш геометриялық фигураларын қиып алады.
3. Қиып алынған фигураларды бейнежазбада айтылғандай желімдеп, сюжетті аппликация жасайды.



Шаршы
арқылы
бағалау



Бірін-бірі
бағалау

RAsRAE

Қауіпсіздік
ережесі

Аппликация


Сабақтың соңы	Сергіту сәті Өлең жолдарын хормен айтып, іс-қимылдар жасау. <i>Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай бұрылып, Солға қарай бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Бой сергітіп алайық.</i> «Көрсет және әңгімеле» әдісі Әр оқушы бүгінгі жасаған әдемі үйін сыныптастарына таныстырып, сипаттап айтады. Жұмыс барысындағы кездескен қиындықтары мен оңай болған жерлерін айта кетеді. Жасаған жұмыстарын қорғап, оны сипаттап үйренеді. «Менің сөзім» әдісі Бір оқушыға көк жалауша беріледі. Жалауша ұстаған оқушы орнынан тұрып, бүгінгі сабақтан не үйренгенін қорытындылап айтады. Айтып болған соң басқа бір оқушының атын атап, жалаушаны ұсынады, сол оқушы жалғастырып, сабаққа рефлексия жасайды.	Сергіту сәтінде өлең жолдарына сай іс-қимылдар жасайды. Бүгінгі тақырып бойынша жасаған сюжетті аппликациясын сипаттап әңгімелеп береді және кездескен қиындықтар мен оңай болған жерлері жайлы айтады. Оқушылар сабаққа рефлексия жасайды. Көк жалауша алған оқушы сабақта не ұнағанын, не ұнамағанын айтып, осы ретпен сабақты қорытындылайды.	Бірін-бірі бағалау	Сергіту сәті Көк жалауша 
-----------------------------	--	---	---------------------------	--

Пәні:	Еңбекке баулу		
Күні:			
Бөлім:	Демалыс және хобби		
Педагогтің аты-жөні:			
Сынып: 1		Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:


Сабақтың тақырыбы	30-сабақ «ТҰРМЫСТЫҚ ҰДЫС-АҢҚ» ПАЗЛЫ			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.1.4.1 шығармашылық жұмысқа қажет материалдардың түрлерін анықтау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Оқушыларға қазақ халқының дастарқаны мен ыдыс-аяғы жайлы мағлұмат бере отырып, ыдыс түрлерімен, атауы және қолдануымен таныстыру.			
Құндылықтар	Ұйымшылдық, ауызбірлік, достық, үнемшілдік			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Амансың ба, алтын Күн! Амансың ба, Жер ана! Амансың ба, достарым, Сендерді көрсем қуанам!	Оқушылар мұғаліммен бірге хормен сәлемдесу тақпағын айтады.		
Сабақтың ортасы	«Екі дұрыс, бір бұрыс» әдісі Оқушыларға ойлау қабілетін дамыту үшін екі дұрыс, бір бұрыс жауабы бар сұрақтар қойылады. Қандай тағам түрлерін білесің? Сен күн тәртібін сақтайсың ба? Күн тәртібіңді айтып бер. Мұғалімнің түсіндірмесі - Бүгін «Демалыс және хобби» бөлімін аяқтаймыз, осы бөлімде өздеріңнің бос уақытта айналысатын істерің туралы ой бөлістіңдер. Мозайка, аппликация, қазақтың ұлттық элементтерін пайдаланып бұйымдар жасадық. Енді сұрағыма жауап беріңдер. Бос уақытта немен айналысқан ұнайды? Пазл хобби түріне жата ма?	Оқушылар мұғалімнің сұрақтарына жауап береді: екі сұрақ дұрыс, бір сұрақ дұрыс емес. Мұғалімнің түсіндірмесін мұқият тыңдайды. Оқушылар аталған бөлімде жасаған жұмыстарын естеріне түсіріп, ой бөліседі. Сонымен қатар өздерінің демалыс уақытында немен айналысатыны жайлы айтады.	Басбармақ арқылы бағалау 	

 https://qrmedia.kz/bXa3M	Иә, пазл да хоббидің бір түріне жатады. Олай болса, біз бүгін «Тұрмыстық ыдыс-аяқ» пазлын құрастырамыз. Ыдыс-аяқ туралы оқушыларға түсіндіреді, көрсетеді, пікір бөліседі. <i>1-тапсырма.</i> «Ырысты ыдыстар. Кітаптағы қандай ыдыс?» бейнежазбасын көрсету. Бейнежазбадағы ыдыстардың әңгімесі, көне ыдыстар, ыдыс атауларымен танысу. Сергіту сәті Бейнежазбадағы кейіпкердің қимылдарын жасау. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС Жұмыс бастар алдында қауіпсіздік ережесін еске түсіру. <i>2-тапсырма. Ыдыс-аяқ пазлын құрастыру</i> <i>Қажетті құрал-жабдықтар:</i> дайын ыдыс-аяқ үлгілері (кесе, ожау, қазан, тәрелке, торсық, астау), сызғыш, қарындаш, қайшы. <i>Жұмыстың орындалу реті:</i> 1. Әр оқушыға ыдыс-аяқ суреті бар бірнеше пазл беріледі. 2. Ыдыс-аяқ суреті бар парақты теріс аударып, сызғыш және қарындашпен бірдей бөліктерге бөліп, сызып ал. 3. Сызық бойымен парақты бөліктерге қи. 4. Берілген пазлдарды үлгіде көрсетілген ретпен құрастыра отырып, ыдыс-аяқтың суретін шығарып ал.	Пазл құрастыру туралы өздерінің білгенімен бөліседі. Құрастырған пазлдары жайлы айтады. Дескрипторы: 1. Өздерінің күнделікті қолданатын ыдыс-аяғы туралы айтады. 2. Ыдыс-аяқ түрлерімен танысады, оларды қай жерде қалай қолданатынын біледі. Бейнежазбаны көреді, көне ыдыс атауларымен танысады. Бейнежазбадағы кейіпкердің қимылдарын жасап сергиді. Қауіпсіздік ережесін еске түсіреді. Дескрипторы: 1. Қиылған пазлдарды өз орындарымен қойып, ретімен біріктіреді. 2. Ойлау қабілеттері дамиды.  	Жұлдызша арқылы бағалау   <i>Жарайсың! Сен мені бүгін қуанттың!</i>	«Ырысты ыдыстар. Кітаптағы қандай ыдыс?» https://youtu.be/LTLZe4kgxBA Сергіту сәті https://youtu.be/kUHnEqWBigs Қауіпсіздік ережесі
--	---	---	---	--

	Сергіту сәті <i>Қане, қайда қолымыз? Шәйнек, кесе, ыдыстар Және үлкен табақ бар. Барлығын да жуамыз, Анамызға қамқормыз, Анамызға қамқормыз.</i>	  Өлең жолдарын хормен айтады және қимылмен келтіреді.		Сергіту сәті
Сабақтың соңы	«Дастарқан» әдісі Бүгінгі жасаған ыдыстардан көрме ұйымдастыру. - Қандай ыдыс-аяқ жасадық? - Оны қалай, қай кезде пайдаланамыз? - Қандай көне ыдыс түрімен таныстық?	Практикалық жұмыста жасаған ыдыстарымен таныстырады, көрмеге ұсынады. Сұрақтарға жауап береді (кесе, ожау, торсық т.б.)		
Рефлексия	«Жетістік баспалдағы» әдісі Сабақ соңында аттары жазылған стикерді жетістік баспалдағына жапсыру.	Өзінің аты жазылған стикерді жетістік баспалдағына жапсырады.		

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Дені сау ұрпақ – ел болашағы			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	31-сабақ ТАБИҒАТ – ДЕНСАУЛЫҚ МЕКЕНІ			
Оқубағдарлама сына сәйкес оқыту мақсаттары	1.2.2.1 қарапайым тәсілдермен материалдардың құрамын зерттеу және дайындау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Аппликация түрлерімен таныстыру, алған білімдерін практикалық жұмыс барысында қолдануын дамыту, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру.			
Құндылықтар	Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі «Көзбен сәлемдесу» әдісі Мақсаты: оқушылардың көңіл күйін көтеру. - Балалар, мен сендермен жеке-жеке сәлемдесемін. Сөйлемей, тек көздеріңмен бүгінгі көңіл күйлеріңді көрсетіндер. Мұғалім бірнеше араласқан геометриялық фигураларды оқушыларға таратып береді (неше топқа бөлсеңіз, сонша геометриялық фигураны бірнешеуден аласыз). - Үш бұрышы, үш жағы бар. Ол пішінді кім табар? - Төрт бұрышы, төрт қабырғасы бар. Бұл қай пішін?	Мұғалім әр оқушымен сәлемдеседі. Оқушылар көздерімен қимыл жасап, бүгінгі көңіл күйін білдіреді. Бірдей фигура алған оқушылар (үшбұрыш, тіктөртбұрыш, дөңгелек) геометриялық фигуралар бойынша топтасады.		 

	- <i>Допқа өзі ұқсайтын, Ерекше бір пішін бар, Атын оның атаңдар.</i>			
Сабақтың ортасы	Мұғалімнің түсіндірмесі Балалар, бүгін «Дені сау ұрпақ – ел болашағы» атты бөлімді бастаймыз. Бастамас бұрын мына өлең жолдарын қосылып айтайық. <i>Біз гүлдердей өсеміз Жапырағы жайқалған, Сабақтары салалы Жерге жайып шайқалған.</i> Деніміз сау болмаса, біз жақсы өмір сүре аламыз ба? Ал енді бәріміз көзімізді жұмып, табиғатқа серуенге шығайық. Енді көзімізді ашып, не естіп, не көріп тұрғанымызды айтайық. Көз алдымызда қызыл-жасыл жайнаған гүлдерді көріп тұрмыз. Балалар, осы табиғатқа қалай қамқорлық жасасақ болады? - Ал енді, балалар, ғажайып сандықшаның сұрақтарына жауап берсек, табиғат сендерге сыйлық береді. - Дені сау адам қандай болады? - Бүгін біз практикалық жұмыста аппликация жасаймыз. <i>1. Аппликация дегеніміз не? 2. Аппликация жасау үшін қандай материал пайдаланылады?</i> Сюжетті аппликация – бір емес, бірнеше бөліктен тұратын іс-әрекетті білдіреді. Аппликация» атауы латынның	Оқушылар жаңа бөліммен танысады. Хормен айтады: Сұрақтарға жауап береді. - Қызыл-жасыл гүлдер елестеді. - Ұшып жүрген көбелектерді көрдім. - Биік-биік ағаштарды көрдім. - Ұшып жүрген құстарды көрдім. - Табиғатқа серуенге барғанда қоқыс тастамау керек. - Ағашты, бұталарды сындырмау керек. - Құстарға тас атпау керек. «Аппликация» атауы латынның «жабыстыру», «қиыстыру» деген сөзінен шыққанын есіне түсіреді. Аппликация түрлері: Біріншісі – түрлі қағаздармен орындалатын аппликация. Екіншісі – әртүрлі мата, киіз, тері, шүберек т.б. қолданылатын аппликация. Үшіншісі – табиғи материалдарды (сабан, ши, қамыс т.б.) қолдану арқылы орындалатын аппликация.	Мұғалім әр баланың жауабын ауызша бағалайды Жарайсың! Тамаша! Бәрекелді!	

 https://qrmedia.kz/XvTOv	«жабыстыру», «қиыстыру» деген сөзінен шыққан. Аппликацияны қолданылатын материалына қарай үшке бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – түрлі қағаздармен орындалатын аппликация. Екіншісі – әртүрлі мата, киіз, тері, шүберек т.б. қолданылатын аппликация. Үшіншісі – табиғи материалдарды (сабан, ши, қамыс т.б.) қолдану арқылы орындалатын аппликация. Сурет түрінде орындалған аппликация түрі біздің заманымызға дейінгі Грекия өнерінде пайда болған. «Аппликация жасау жолдары» бейнежазбасын көрсету. Сергіту сәті ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС Қауіпсіздік ережесін еске түсіру. Қарапайым әдістер мен тәсілдерді пайдаланып қатырғықағаз, фетр, жұмсақ қағаздарды қиып, желім жағу арқылы зерттеу жүргізіледі. Геометриялық дөңгелек пішіндермен гүл жасау <i>Қажетті құрал-жабдықтар:</i> көк, қызыл, жасыл, сары, түсті жұмсақ қағаздар, қатырғықағаз, желім, қайшы. Құмыра үшін өзіңе ұнаған қатырғықағазды дайындап ал. <i>Жұмыстың орындалу реті:</i>	Әртүрлі қағазға желім жағып, қай қағазға желім жақсы жағылатынын анықтайды (фетр қағазы қолайсыз). Бейнежазбаны көреді, сюжетті аппликация түрлерімен танысады. Сюжетті аппликация жасау үшін қажет қағаз түрлерін дайындап алады. Бейнежазбадағы кейіпкердің қимылдарын жасап, сергиді. Қауіпсіздік ережесін қайталап, естеріне түсіреді.  Оқушылар үлгі ретінде берілген үлкен және кішкентай дөңгелек пішіндерді қатырғықағазды бастырып, жеті үлкен, алты кішкентай дөңгелек қиып алды. Содан соң қиып алынған үлкен	Бірін-бірі бағалау Мадақтау	Аппликация (анимация) https://www.youtube.com/watch?v=oen1-Ob8IJM Сергіту сәті https://youtu.be/mjoJ0Z9Ik1M QR код
---	---	---	---	--

	1. Үлгі ретінде берілген үлкен және кішкентай дөңгелек пішіндерді қатырғықағазды бастырып, жеті үлкен, алты кішкентай дөңгелек қиып ал. 2. Қиып алынған үлкен дөңгелектерді үлгіде көрсетілгендей етіп тура ортасынан бүкте. 3. Бүктелген дөңгелектерді бір-біріне біріктіріп жабыстырып, гүл жаса. 4. Кішкентай дөңгелектерді ортасынан бүктеп, гүлдің жапырағын, бүршігін жаса. 5. Құмыра үшін үлкен дөңгелекті екіге бүктеп, қиып алып, бір жартысын гүлдің астына желімде. Сергіту сәті Сергіту сәтінде санамақ арқылы қимыл-әрекеттер жасайды. <i>Жалғыз саусақ тіпті де</i> <i>Ұстай алмас жіпті де.</i> <i>Екі саусақ бірікті,</i> <i>Ине қолға ілікті.</i> <i>Үш саусағым орамды,</i> <i>Жүгірмеді қаламды...</i> <i>Өнерлі екен он саусақ,</i> <i>Қала салсақ, жол салсақ.</i>	дөңгелектерді үлгіде көрсетілгендей етіп тура ортасынан бүктеп, бүктелген дөңгелектерді бір-біріне біріктіріп жабыстырып, гүл жасайды. Кішкентай дөңгелектерді ортасынан бүктеп, гүлдің жапырағын, бүршігін жасап, құмыра үшін үлкен дөңгелекті екіге бүктеп, жарты бөлігін гүлдің астына желімдейді. Дескрипторы: 1. Мұғалімнің көмегімен үлгіге қарап гүл жасайды. 2. Берілген үлгі бойынша үлкен және кіші дөңгелектер қиып алады. 3. Қиылған дөңгелектерін үлгіде көрсетілгендей рет-ретімен жапсырады. 4. Геометриялық фигуралардан сюжетті аппликация жасау жолдарын меңгереді. Өлең жолдарын хормен айтады және қимылмен көрсетеді.	Жарайсың! Тамаша! Бәрекелді!	
Сабақтың соңы	«Ашық микрофон» әдісі Оқушыларға микрофон беріп, бүгінгі тақырып бойынша ойын ашық айтып, сұрақтарға жауап беруін ұйымдастырады. - Табиғатты неге денсаулық мекені дейміз? - Өз денсаулығыңды қалай күтесің?	Микрофон ұстап, бүгінгі тақырып бойынша ойын ашық айтып, сұрақтарға жауап береді. - Табиғаттың адам денсаулығына көп пайдасы бар. - Жекебас тазалығын сақтаймыз. - Тамақты уақытында жейміз.		Ашық микрофон 

	- Қандай спорт түрлерімен шұғылданадың?	- Спорт түрлерімен шұғылданамыз. - Омыртқа қисаймауы үшін сыныпта түзу отырып, түзу жүреміз.		
Рефлексия	«Білім гүлі» әдісі Оқушыларға сабақ соңында үш түрлі гүл таратылады. <i>Сары – сабақты жақсы түсіндім</i> <i>Жасыл – өте жақсы түсіндім, қызықты болды</i> <i>Қызыл – тақырып бойынша әлі де ізденуім керек</i>	Білім гүлі арқылы өз жұмысының нәтижесінде оқу мақсатына қаншалықты жеткендігін және өзінің біліміне қаншалықты сенімді екендігін көрсетеді.		

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Дені сау ұрпақ – ел болашағы			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	32-сабақ ДӘРУМЕНДЕР			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.2.3.2 мүмкіндігіне қарай жұмыс орнында гигиеналық талаптарды білу және сақтау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Пішінді мүсіндеудің басу, қысу, жалпақтау әдістерін пайдалана отырып, оқушыларды әртүрлі пішінді заттарды мүсіндеуге үйрету, сенсорлық тәрбие беру. Ермексаздан жеміс-жидектер мүсіндеу арқылы қол моторикасын дамыту.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу.	Оқушылар сабақты бастамас бұрын мұғаліммен және бір-		


	Оқушыларды түгендеу. «Ассоциацияның көмегімен көрініс» әдісі Оқушыларға бүгінгі сабақты қызықты өткізуі әрі сабақ барысында көңіл күйлері көтеріңкі болу үшін әрқайсысы өздерінің есімдерімен қоса бір затты ұйқастырып айту ұсынылады. Сабақта өтілген ұғымдарды өз есімдерімен байланыстырып айтуына болады.	бірімен амандасады. Өзінің есімімен қоса бір затты ұйқастырып айтады. Мысалы: <i>Есімім – Жанар, ұнататын жемісім анар.</i> <i>Есімім – Дидар, ұнайды маған қияр.</i> <i>Есімім – Айдос, жақсы көрем абрикос.</i> <i>Есімім – Жандос, ұнайды маған кокос.</i>		
Сабақтың ортасы 	«Кинометафора» әдісі «Бұл қандай жануар?» бейнежазбасын көрсету. Оқушының ой-өрісін, ақпарат алу дағдысын, ойлау қабілеттерін дамыту үшін бүгінгі тақырып бойынша бейнежазба көрсетіледі. Мұғалімнің түсіндірмесі - Енді біз ермексазбен жұмыс жасау туралы бейнежазбаны тамашалайық. Бейнежазба туралы қысқаша мағлұмат беру. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС Жұмыс бастамас бұрын ең алдымен қауіпсіздік ережесін еске түсіру. Ермексаздан жеміс-жидектер мүсіндеу үшін оқушыларға екі тапсырма беріледі. Алдымен оқушылар жеміс-жидектің пайдасы туралы бейнежазба көреді. Екінші тапсырмада жеміс-жидектерді жасайды. <u>1-тапсырма.</u>	Оқушылар бейнежазбаны тамашалайды. «Кинометафора» әдісі бойынша ермексазбен жұмыс жасау туралы бейнежазба көреді. Бейнежазбадан бүгінгі тақырып бойынша ақпарат алады. Практикалық жұмыс жасау алдында әр сабақта айтылатын қауіпсіздік ережесін қайталап естеріне түсіреді. Бүгінгі тақырыпқа байланысты бірнеше тапсырма орындайды. Практикалық жұмыс жасау үшін қажетті құрал-жабдықтарын дайындап алады. Дескрипторы: 1. Ермексазды домалақтау, иректеу және жалпақтау	«Басбармақ» әдісі	Ермексазбен жұмыс жасау https://youtu.be/4FBqK2AvQEU Қауіпсіздік ережесі Бейнежазба https://youtu.be/uy2pl_ynbak

https://qrmedia.kz/0AJ9i	Оқушылар бейнежазбадан дәрумендер мен құнды заттарға бай жеміс-жидектердің пайдасы мен оның түрлері туралы біледі. <i>2-тапсырма.</i> Ермексаздан жеміс-жидектер мүсіндеу <i>Қажетті құрал-жабдықтар:</i> ермексаз, арнайы тақташа, кескіш. <i>Жұмыстың жасалу барысы:</i> 1. Күлгін түсті ермексазды алақанның арасына салып домалақтау арқылы жұмсартып ал. 2. Бірнеше дөңгелек жүзім пішіндерін жаса. 3. Жүзімнің сабағы мен жапырағын жасау үшін жасыл түсін ал. Кішкентай дөңгелектерден жұлдыз пішіндес жапырағын жаса. 4. Ұзындау жіңішке ермексазды иректей отырып сабағын жаса. 5. Ермексаздан жасаған жүзімдерді ең астына біреу, сонсын екеу, үшеу, төртеу, бірінің астына бірін дөңгелектеп біріктірі. 6. Дайын болған жүзімдерді сабағы және жапырағымен біріктірі. Сергіту сәті «Ақшамшық» ойынын ойнату.	арқылы қол моторикасы дамиды. 2. Үлгіге қарап, жемістерді пішіндейді, біріктіреді, жұмысын аяқтайды.   «Ақшамшық» ойыны арқылы сергиді.	Шапалақтау  	«Ақшамшық» ойыны https://youtu.be/c56O7kGJh9o
Сабақтың соңы	«Атаулар туралы үш сұрақ» әдісі Мұғалім жаңа тақырып бойынша үш терминді айтады (қайда? қалай? қандай?). Оқушыларға осы термин сұрақтары арқылы бүгінгі өтілетін тақырыпқа байланысты қысқаша түсініктеме береді. <i>Қайда?</i> Жеміс-жидектер қайда өседі? <i>Қалай?</i> Жеміс түрлерін ата.	«Атаулар туралы үш сұрақ» әдісі бойынша жеміс-жидек туралы қысқаша мәлімет алады. Жеміс-жидек түрлерін біліп, ажырата алады.		

Рефлексия	<i>Қандай? Адам ағзасына қандай пайдасы бар?</i> <i>«Кемпірқосақ» әдісі</i> Тақтадағы кемпірқосақ суретіне өз есімі жазылған стикерді желімдейді. Олар ең төмендегі қызыл түстен ең жоғары орналасқан күлгін түске стикерді желімдеу арқылы өзінің сабақтағы түсінік (немесе көңіл күй) деңгейін білдіреді. <i>Бүгінгі сабақты толық түсіндім</i> <i>Бүгінгі сабақты түсіндім, сұрағым бар</i> <i>Бүгінгі сабақты түсінбедім, маған сабақ қатты ұнады, толық түсіндім</i>	Өзіне түсініксіз жерлері бойынша сұрақтар қояды. Бүгінгі өткен тақырып бойынша өзінің түсінгенін, үйренгені, қызықты өткен тұстарын, жағымды әсерлерін, түсініксіз болған жерлерін айтып, ой бөліседі. Бүгінгі сабақтан алған білімін, әсерлерін, қызықты өткен сәттерін, кемпірқосаққа стикерін қою арқылы анықтайды.		Кемпірқосақ 
-------------------------	---	---	--	--

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Дені сау ұрпақ – ел болашағы			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	33-сабақ ЗИЯНДЫ ТАҒАМДАР			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.2.2.3 айқындалған материалдармен қарапайым бұйымдар жасау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Оқушылар пайдасыз тағам түрлерімен танысады, ажырату үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, шығармашылық қабілеттерін арттырады.			
Құндылықтар	Табиғатты қорғау, көркемдік, табиғи байлықты бағалау, ауызбірлік			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. Психологиялық ахуал орнату. «Гүлмен тілек» әдісі - Балалар, бүгінгі сабақта сендерге ұшқыр ой, саналы сөз тілеймін!	Оқушылар сабақты бастамас бұрын мұғаліммен және бір-бірімен амандасады. Оқушылар сабаққа назар аударады. Арнайы дайындалған гүлді ұстап тұрып, бір-біріне тілек тілейді. - Менімен бір сыныпта оқығаның үшін саған рақмет! - Достығымыз ұзақ болсын!		«Гүлмен тілек» әдісі 
Сабақтың ортасы	«Үштік» әдісі Оқушыларды ағаш, жеміс, көгөніс суреттері бар парақшалар бойынша топқа бөледі. Сергіту сәті Гүл сияқты жайқалып, қолдарын көкке созып, ағаш сияқты тербеліп сергу.	Оқушылар ағаш, жеміс, көгөністер болып топқа бөлінеді. Гүл сияқты жайқалып, қолдарын көкке созып, ағаш сияқты тербеліп, сергіту		Сергіту сәті

 https://qrmedia.kz/C3iBM	Мұғалім пайдалы және зиянды тағамдар туралы түсініктеме береді. «Зиянды және пайдалы тағамдар» атты бейнежазба көрсету. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС Қауіпсіздік ережесін еске түсіру. <i>1-тапсырма.</i> 1. Әр тағамда болатын дәрумендерді атау. 2. Пайдалы, зиянды тағам түрлерін білу. <i>2-тапсырма. Пайдалы және пайдасыз тағамдар туралы постер жасау</i> <i>Қажетті құрал-жабдықтар:</i> А3 пішімді қағаз, қайшы, желім, дайын суреттер. <i>Жұмыстың орындалу реті:</i> 1. Оқушыларға постер жасауға қажетті қиынды суреттер таратып беріледі. 2. А3 пішімді қағазға пайдалы тағамдарды желімде. 3. А3 пішімді тағы бір қағазға пайдасыз тағамдарды желімде. Сергіту сәті «Қызыл гүлім-ай» музыкасына би қимылдарын жасап, сергиді. «Галереяға саяхат» әдісі Бүгінгі сабақта бөлімді бекіту мақсатында оқушылар жасаған бұйымдарынан көрме ұйымдастыру.	жаттығуын жасайды. Оқушылар бейнежазбаны көреді, зиянды және пайдалы тағамдар жайлы ақпарат алады.  Қауіпсіздік ережесін естеріне түсіреді. Дескрипторы: 1. Әр тағамда болатын дәрумендерді атайды. 2. Пайдалы, зиянды тағам түрлерін біледі. 3. Пайдалы және зиянды тағам суреттерін тақырыпқа сәйкес желімдейді. Сергіту сәтіне би қимылдарын жасайды. Өздері жасаған жұмыстарынан таныстырылым жасайды. Бірін-бірі тыңдап, бағалайды. Көрмеге қояды.	Смайл арқылы бағалау  Ауызша бағалау Жарайсың! Тамаша! Бәрекелді! Бірін-бірі бағалау	Зиянды және пайдалы тағамдар https://youtu.be/coPC8od0X6o Қауіпсіздік ережесі Сергіту сәті https://youtu.be/sPX27NNVWCY
--	--	--	--	--

Сабақтың соңы	«Сұрақтар айдары» әдісі Бүгінгі тақырып бойынша сұрақтар қояды. - Дұрыс тамақтана білу дегенді қалай түсінесің? - Қандай дұрыс тамақтану ережелерін білесің? - Қандай тағам түрлерінде дәрумен көп?	Сабақты қорытындылау мақсатында қойылған сұрақтарға жауап береді. 		
Рефлексия	«Түсті карточкалар» әдісі Сабақтың басында оқушыларға көк және қызыл карточкалар таратылады. Сабақ барысында оқушылардың көңіл күйін карточкалар арқылы біліп отырады.	Карточкаларын көрсетіп, кері байланыс беріп отырады. Қызыл түсті – көңіл күйім өте жақсы Көк түсті – көңіл күйім жақсы	Кері байланыс	Түсті карточкалар 

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Дені сау ұрпақ – ел болашағы			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	34-сабақ САҢЫРАУҚҰЛАҚ ЖАПСЫРМАЛАУ			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.3.1.1 өзінің жұмысын көрмеде таныстыру 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Жапсырмалардың әдіс-тәсілдерін, түрлерін, қауіпсіздік техникасын сақтай отырып жапсырмалауды үйрету.			
Құндылықтар	Денсаулық, достық және айналасындағыларға қамқорлық көрсету			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. Психологиялық ахуал орнату. «Мадақтау» әдісі - Балалар, қол ұстасып шаттық шеңберін құрып, бір-бірімізге көңілді күй сыйлайық, мадақтау айтайық.	Оқушылар сабақты бастамас бұрын мұғаліммен және бір-бірімен амандасады. Оқушылар бір-біріне мадақтау айтады. - <i>Мен сені өте сыйлаймын.</i> - <i>Сен әдепті жансың.</i> - <i>Маған сенімен бір топта жұмыс жасау ұнайды т.б.</i>	Бірін-бірі мадақтау	
Сабақтың ортасы	«Қызықты жұмбақ» әдісі Мұғалім орман, ағаш, саңырауқұлақ туралы жұмбақтар жасырады. Қыста киімін тастайды, Көктемде киіне бастайды. (Ағаш) Аяғынан қаз тұрған, Қалпағы бар антұрған. (Саңырауқұлақ) Саңырауқұлақ жайлы жұмбақты шешіп, оған толығырақ тоқтала кетеді. - <i>Саңырауқұлақ жайлы не білеміз?</i> Сергіту сәті Аңдар биін билету. Мұғалімнің түсіндірмесі Бейнежазба көрсету. Одан саңырауқұлақтың оңай жасалу түрін үйренеді. Жасалу ретін, қию, бүктеу, жапсырмалау жолдарын біледі. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС 2-тапсырма. Қауіпсіздік ережесін еске түсіру. <i>Қажетті құрал-жабдықтар:</i>	Жұмбақтарды шешеді (ағаш, орман, саңырауқұлақ). Жұмбақтарды шешіп, бүгінгі тақырыпты анықтайды. Саңырауқұлақ жайлы не білетінін айтады. Аңдар биін билеп, сергиді. Бейнежазбаны көру арқылы саңырауқұлақтың оңай жасалу түрін үйренеді. Оларды орнымен жапсырмалау, безендіру, әрлеу, үйлестіру жолдарын біледі. Саңырауқұлақ бөліктерін үлгі бойынша қиып алады. Оларды рет-ретімен жапсырып, саңырауқұлақ жасайды. Дескрипторы: 1. Сары қағаздан үш сопақша және қызылдан үш жартылай шеңбер қиып алады.	Ұтымды жауап бергендерді көңілді дөңгелекшелер арқылы бағалау	Саңырауқұлақ туралы бейнежазба https://youtu.be/H_AQ2u46GYE Аңдар биі https://youtu.be/CWХуBTtDLD8 Саңырауқұлақ жапсырмалау https://youtu.be/WjA6ZHFhIlk



<https://qrmedia.kz/4YnjI>

түсті қатырғықағаз, жұмсақ түрлі түсті қағаз, қайшы, желім.
Жұмыстың орындалу реті:

1. Сары қағаздан үш сопақша және қызылдан үш жарты дөңгелек қиып ал.
2. Қиылған сопақ пішіндерді саңырауқұлақтың астыңғы бөлігі ретінде, ал жартылай шеңберді қалпағы етіп қатырғықағазға желімде.
3. Жасыл түсті жұмсақ қағаздан шөптер пішінін қиып ал, оларды саңырауқұлақтың астыңғы бөлігіне жабыстыр.
4. Барлық қиындыны жабыстырып болған соң саңырауқұлақтың қалпағын қалауыңша безендірсең болады.

Қорытынды

- Бүгінгі сабақта не жасадық?
- Саңырауқұлақ туралы не білдің?
- Оның қандай түрлері бар?
- Жұмыс жасау кезінде қандай қиындықтар туындады?

Оқушылардың жасаған жұмыстарынан сыныпта «Менің шығармашылығым» атты көрме бұрышын ұйымдастырады. Практикалық жұмыстағы саңырауқұлақты жасау жолдарын талдайды.

2. Сопақ пішіндерді астыңғы бөлігі ретінде, ал жартылай шеңберді қалпағы етіп, қатырғықағазға желімдейді.


3. Жасыл түсті шөптерді қиып, саңырауқұлақтың жан-жағына жапсырады.

4. Саңырауқұлақтың қалпағын қалауыңша безендіреді.

Жұмыс орнын жинап, қолын жуады.

Қорытынды сұрақтарға жауап береді. Өз ойымен бөліседі.

Жұмыс жасаған кезде туындаған қиындықтар туралы айтады.



Жасаған жұмысын көрмеге ұсынады. Көрмеге қойылған жұмыстар бойынша өз ойын айтады.

Саңырауқұлақты жасау жолын талдауға қатысады.

«Менің шығармашылығым» атты көрме бұрышын ұйымдастырады.

Смайл арқылы бағалау



Бірін-бірі бағалау

Сабақтың соңы

Рефлексия

Сергіту сәті

«Саңырауқұлақ» бейнежазбасындағы іс-әрекеттерін жасау.

«Пантомима» әдісі

Оқушылар жүргізілген жұмыс бойынша өз пікірін пантомима арқылы білдіреді.

«Саңырауқұлақ» бейнежазбасындағы іс-әрекеттерді жасайды.

Сабақ ұнаса, қолдарын жоғары

Саңырауқұлақ
<https://youtu.be/MEWWrU4Hldg>

	<i>Қолын жоғары көтеру – сабақ жақсы өтті</i> <i>Басын төмен қарату – қанағаттанарлық</i> <i>Бетін қолымен жабу – сабақ ұнамады</i>	көтереді. Сабақ қанағаттанарлық болса, басын төмен қаратады. Сабақ ұнамаса, қолымен бетін жабады.		
--	--	--	--	--

Пәні:	Еңбекке баулу			
Күні:				
Бөлім:	Дені сау ұрпақ – ел болашағы			
Педагогтің аты-жөні:				
Сынып: 1	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	35-сабақ БАҚЫЛА. ҮЙРЕН. ҚҰРАСТЫР			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.3.2.1 мүмкіндігіне қарай орындалған жұмысты талқылау және бағалау 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу			
Сабақтың мақсаты	Оқушылар мүмкіндігіне қарай орындалатын жұмысқа қажетті материалдарының атауы мен қолданылу саласын талқылайды және бағалайды.			
Құндылықтар	Ұқыптылыққа, икемділікке баулу.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. Психологиялық ахуал орнату. «Биопозма» әдісі Бір-бірімен сұхбаттасу, жан-жақты ақпарат жинақтау, ол ақпаратпен бөлісу. Жада, жағымды ахуал қалыптастыру.	Оқушылар сабақты бастамас бұрын мұғаліммен және бір-бірімен амандасады. «Биопозма» әдісі бойынша оқушыларды ұқыптылыққа, икемділікке, ізденімпаздыққа жетелейді.	Шапалақтау Жақсы - 3 рет Орташа - 2 рет Қанағаттанарлық - 1 рет	
Сабақтың	«Кластер» әдісі	Оқушылар жыл бойына өткен		

ортасы	Тақырыптардың байланысы туралы сұрақтар құрап, оларға жауап алу, идеяларды жинақтау. Мұғалімнің түсіндірмесі - Балалар, жыл бойы не өткенімізге шолу жасайық. - <i>Қандай қағаздармен жұмыс жасадық?</i> - <i>Табиғи материалдарға нелер жатады?</i> - <i>Мозайка дегеніміз не?</i> - <i>Сәндік қолданбалы өнер дегеніміз не?</i> - <i>Симметрияны қалай табамыз?</i> - <i>Сюжетті аппликация дегеніміз не?</i> Сергіту сәті <i>Оңға, оңға, түзу тұр, Солға, солға, түзу тұр. Алға қарай бір адым, Артқа қарай бір адым. Оңға бұрылып, солға үңіліп, Жоғары, төмен қарайық, Орнымызды табайық.</i> «Конструктор» бейнежазбасын көрсету. - <i>Конструктор дегеніміз не?</i> - <i>Конструктор неден жасалған?</i> - <i>Олармен не құрастыруға болады?</i> ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС Қауіпсіздік ережесін еске түсіру. <i>1-тапсырма.</i> Балалар үш түрлі конструкторды көріп, бақылап, салыстырып үйренеді және құрастыру жолдарымен танысады.	материалдарды естеріне түсіреді. Қағаздармен жасаған заттарын, табиғи материалдар түрлерін, мозайка, сәндік қолданбалы өнер туралы білгендерін айтады. Дескрипторы: 1. Өтілген тақырыптарды естеріне түсіріп, өз білімін тексереді. 2. Қай тақырыптарды жақсы меңгергендігі байқалады. Хормен өлеңді айтып, қимылдар жасайды. Конструктор туралы мағлұмат алады. Сұрақтарға жауап береді. Конструктор – бөлшектерді бір-біріне қиыстырып, құрастыратын ойыншық түрі. Ол темірден, ағаштан, пластиктен жасалады. Мұғалім көрсеткен конструктор түрлерімен танысады. Конструктормен жұмыс кезіндегі техникалық қауіпсіздік ережесін қайталайды. Дескрипторы: 1. Әрқайсысы үйден ала келген конструкторымен үй, көлік түрлерін	Дұрыс жауап берген оқушыға шапалақ соғу	Сергіту сәті Конструктор жинағы Қауіпсіздік ережесі Ағаштан жасалған конструктор
----------------------	---	---	--	---

	<i>2-тапсырма.</i> Конструктормен жұмыс <i>Жұмыстың орындалу реті:</i> 1. Әрқайсысы үйден ала келген конструкторларын алады. 2. Өздерінің конструкторларымен үй, көлік түрлерін құрастырады. Құрастырған жұмыстарын көрсетеді, бір-бірімен ой бөліседі. Практикалық жұмыс жасап болған соң жұмыс орындарын жинайды, конструкторын қайтадан өз қорапшасына салады.	құрастырады. 2. Конструктор түрін ажырата алады. 3. Конструктор балалардың шығармашылық қабілеті мен өзіндік қозғарасын қалыптастырып, жетілдіреді. 	 Шапалақтау Жақсы - 3 рет Орташа - 2 рет Қанағаттанарлық - 1 рет	 Темірден жасалған конструктор  Пластиктен жасалған конструктор 
Сабақтың соңы Рефлексия	«Бір минуттық әңгіме» тәсілі <i>(Иен Майлс бойынша)</i> Оқушылар қарама-қарсы сызық бойымен қатарға тұрып, жұптық әңгіме жүргізеді. Сергіту сәті Бейнежазбадан көрген қимылдарды жасап, сергиді. Жақсы сұрақ негіздері: <i>Неліктен ...?</i> <i>Егер ... болса, қалай?</i> <i>Сен қалай ...?</i> <i>Сен ... түсіндіріп бере аласың ба?</i> <i>... не болуы мүмкін?</i>	Орындалған жұмысты талқылау және бағалау Жыл бойына өткен сабақтар туралы әңгімелесуге болады немесе жаңа сабақты бекіту мақсатында өз ойларымен бөліседі. Оқушылардың бір-бірінен ақпарат алу дағдылары қалыптасады.		Сергіту сәті https://youtu.be/Vwa5zBMFWU 

«ЕҢБЕККЕ БАУЛУ» САБАҒЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

Ермексазбен жұмыс:

- Ермексаздың қажетті мөлшерін стекпен кесу.
- Ермексаздың бір бөлігін жұмсарту үшін қолмен жылыту.
- Жұмыстың соңында қолды құрғақ жұмсақ шүберекпен жақсылап құрғату, содан кейін сабынмен жуу.
- Ермексазды өз қорапшасына салып қою.

Табиғи материалдармен жұмыс:

- Өсіп тұрған ағашты, бұтаны, шөпті сындыруға болмайды.
- Ылғал, лас тамыр мен бұтақты өңдеуге болмайды.
- Құрғақ каштанды, еменжаңғақты бізбен тесуге болмайды.
- Табиғи материалдарды құрғақ жерде сақтау керек.

Қайшымен жұмыс:

- Қайшыны жүзін төмен қаратып ұстау.
- Қайшыны ашық қалдырмау.
- Жүріп келе жатып қайшымен кесуге болмайды.
- Кесу кезінде материалды сол қолмен, саусақтар қайшы мен пышақтан алыс болатындай етіп ұстау.

Желіммен жұмыс:

- Желім қақпағын үнемі қадағалап жауып отыру.
- Желімді тік орналастыру, егер қылпалы құтыда болса қағаз бетінде ұстау.
- Желімді өте көп жақпау керек.

ГЛОССАРИЙ

Анимация – еңбек әрекетіндегі кейіпкерлердің іс-әрекетін қимыл-қозғалыс арқылы көрсету (мультфильм, кино, көрнекі динамика арқылы жасалған анимациялық үзінділерді визуалды түрде көрсету).

Аппликация – әртүрлі бөліктерді бір-біріне біріктіру, матаға, қағазға ою-өрнек, сурет т.б. желімдеу арқылы жасау тәсілі.

Галерея – көркемөнер туындыларын: суреттерді, мүсіндерді және басқа да өнер нысандарын көрмеге қоюға арналған ғимарат.

Дескриптор – ақпараттық іздеу кезінде сұрауды тұжырымдауға қызмет етеді. Дескриптор белгілі бір білім саласына қатысты мәтіннен таңдалған табиғи тілдің кілті болып саналады.

Қатырғықағаз – қағаздың қалың әрі тығыз түрі. Қатырғықағаз үшін ірілеу және қаттылау ағаш талшықтары қолданылады.

Макет – өндеуді жүргізу бойынша техникалық нұсқаулармен бірге өнімнің болашақ дизайнының моделі.

Мозайка – қағаз, мата қиындыларынан, ұсақ тастардан, шыны сынықтарынан т.б. құралатын өрнек.

Мотивация – адамның іс-әрекетінің мазмұны, бағыты мен сипаты, оның мінез-құлқын анықтайтын тұрақты мотив.

Мүсіндеу – жұмсақ материалдар: ермексаз, балауыз, сазды өндеу арқылы мүсін туындысын жасау процесі.

Мүсіндеу барысында негізгі мән фигураның бір бөлігінен екінші бөлігіне өтудің тегістігі, жұмсақтығы және өтімділігі түрінде көрсетілген пішіндер.

Оригами – жапонша *бүктелген қағаз* деген мағынаны білдіреді. Оригами – қайшы, желімді пайдаланбай, әртүрлі қағаз фигураларын бүктеуден тұратын ежелгі Шығыс өнері: оған тек қағаз, аздап шыдамдылық пен қиял қажет.

Ою-өрнек – әртүрлі қолөнер заттарына, үй іші мүліктеріне, тоқыма бұйымдар, еңбек құралдары, қару-жарақтарға салынатын ұлттық нақыштар.

Панно – мүсіндік бейнелерді әртүрлі тәсілмен әшекейлеп суреттейтін кескіндемелік туынды.

Пішін – қандайда заттың сыртқы көрінісі. Қарапайым, орташа, күрделі, өте күрделі тікбұрышты, үшбұрышты, көпбұрышты, цилиндрлі, жайылмалы, құрамалы болып келеді.

Рефлексия – өзін-өзі тану барысындағы эмоцияны, сезімді, көңіл күйін, қабілеттері мен мінез-құлқын талдауға бағытталған ойлау процесі.

Сәндік-қолданбалы өнер – тұрмысқа қажетті көркем заттардан жасалатын шығармашылық өнер түрі.

Оған жиһаз, зергерлік ою-өрнекпен әшекейленген заттар, тіршілікке қажетті сәндік құрал-жабдықтар жатады.

Симметрия – бір затты қақ ортасынан бөліп беттестіргенде, екі жартысының бір-біріне дәлме-дәл келуі.

Сюжетті аппликация – екі немесе одан да көп заттан жасалып құрастырылған сюжетті бейне.

Табиғи материалдар – қоршаған ортада кездесетін өсімдіктер, минералдар, шөп, жапырақ, бүр, жаңғақ, қауырсын, бұтақ, көгөніс, ағаш т.б.

Фактура – орындалатын жұмыстың сурет элементтерінің бірі. Қағаздың, ермексаздың, табиғи т.б. материалдардың бетінің сипаты.

Хобби – адамның өміріндегі сүйікті ісімен айналысуы, көңіл күйін көтеретін, қуаттандыратын жанға жайлы іс-әрекет.

Эскиз – көбінесе дизайнда қолданылатын құрал, қиялдан туындайтын идеяның шындығын бейнелейтін сурет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Еңбекке баулу» пәнінің оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).
2. Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлері таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6-тармақшасына сәйкес 16.09.2022 ж. №399 бұйрығы. 1080-1089 бет.
3. Асылбаева Ф.Б. Көркем еңбек әрекеті арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын қалыптастыру. – Бастауыш мектеп, 2012. - №5.
4. Выгонов В.В. Практикум по трудовому обучению: учебное пособие. – М.: Слово, 2000.
5. Дәулетова К.Ш., Сүлейменова М.Н., Жайманова Л.А. Еңбекке баулу әдістемесі (бастауыш сыныптарға арналған): оқу құралы. – Фолиант, 2017.
6. Дюсенбина Р.К. Қазақ этнопедагогикасын мектептің оқу-тәрбие процесіне ендірудің педагогикалық негіздері. Алматы, 2001.
7. Жолдасбекова С.А., Рахметова Н.Б., Көбенов М.А. Еңбекке баулу: оқулық, 2-сынып. – Алматы: Алматыкітап, 2012.
8. Жолдасбекова С.А., Рахметова Н.Б., Мадиева Д.П. Еңбекке баулу: әдістемелік құрал, 2-сынып. – Алматы: Алматыкітап, 2012.
9. Жолдасбекова С.А., Рахметова Н.Б., Қалназаров Б., Мадиева Д.П. Еңбекке баулу: оқулық, 3-сынып. – Алматы: Алматыкітап, 2014.
10. Жолдасбекова С.А., Рахметова Н.Б., Қалназаров Б., Мадиева Д.П. Еңбекке баулу: әдістемелік құрал, 3-сынып. – Алматы: Алматыкітап, 2014.
11. Жиенбаева Ш.О. Еңбекке баулу (бастауыш сыныптарға арналған): оқу-әдістемелік құрал. 2-басылым. – Фолиант, 2016.

12. Жиенбаева С.Н. Бастауыш сынып оқушыларына технологиялық білім берудің педагогикалық аспектілері. – Алматы, 2002.
13. Кенжеахметұлы С. Қазақтың ұлттық-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Атамұра, 2010.
14. Конышева Н.М. Конструирование как средство развития младших школьников на уроках ручного труда: учебное пособие. – М.: Владос, 2000.
15. Қалназаров Б., Рахметова Н.Б., Сманова А.С. Еңбекке баулу, 4-сынып. – Алматы: Атамұра, 2015.
16. Қалназарова Б., Рахметова Н.Б., Сманова А.С. Еңбекке баулу, 4-сынып: әдістемелік. – Алматы: Атамұра, 2015.
17. Пищикова Н.Г. Работа с бумагой в нетрадиционной технике. – М.: Скрипторий, 2006.
18. Туленова У.Т. Ойын технологиясы бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын қалыптастыру құралы. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы №3 (42), 2016.
19. Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. – Алматыкітап, 2007.
20. Шалғынбаева Х.Қ. Қазақ халық педагогикасындағы еңбек тәрбиесі – Алматы, 2006.

Интернет-ресурс

<https://www.tarbie.kz/9243>

<https://youtu.be/oXvarJiN-YU>

https://youtu.be/Vwa5zBMF_WU

<https://youtu.be/h9fDZF8hPic>

<https://youtu.be/PKvdn8bPFCA>

<https://youtu.be/c56O7kGJh9o>

<https://youtu.be/PKvdn8bPFCA>

Мазмұны

Алғы сөз	3
«Еңбекке баулу» пәні бойынша 1-сыныпқа арналған ұзақмерзімді жоспар	8
«Еңбекке баулу» пәні бойынша 1-сыныпқа арналған қысқамерзімді жоспар	15
«Еңбекке баулу» сабағындағы қауіпсіздік ережелері	127
Глоссарий	128
Әдебиеттер	130

Рахметова Нурзия Байтукешевна

Абылова Гульсим Кырыкбаевна

Кашкынбаева Роза Орынбаевна

**Еңбекке баулу
Әдістемелік нұсқау
(электрондық нұсқа)**

Бастауыш білім беру деңгейінің
1-сынып педагогтеріне арналған

Әдіскер *Б.С. Тажинова*
Редактор *Ә.Б. Орынбаева*

**Трудовое обучение
Методическое руководство
(электронная версия)**

для педагогов 1 класса
уровня начального образования

Методист *Б.С. Тажинова*
Редактор *А.Б. Орынбаева*